BAITEREK

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

# 2018
# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

## ЖАҢА БЕЛЕСТЕРГЕ!



BAITEREK

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ

# 2018
# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

## ЖАҢА БЕЛЕСТЕРГЕ!

НҰР-СҰЛТАН, 2019 ЖЫЛ

# МАЗМҰНЫ




6 бет

2018 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ 15 БАСТЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ 6

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ 9

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ 10

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ 12

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ 14

2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР 18

20 бет

**01 ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ**

1.1. Бизнес-үлгі 20

1.2. Даму тарихы 22

1.3. Ұйымдық құрылымы 24

1.4. Холдингке қолдау көрсету құралдары 26

28 бет

**02 ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ**

2.1. Макроэкономикалық шолу 28

2.2. Холдингтің негізгі қызмет түрлері бойынша құралдарының нарықтық үлесі 35

38 бет

**03 МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЕСЕБІ**

3.1. Қызметтің қаржылық нәтижелері 38

3.2. Капитал нарықтарында қаражаттарды тарту 42

3.3. Ірі бизенске қолдау көрсету 46

3.4. ШОБ қолдау көрсету 50

3.5. Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру 54

3.6. Экспорттық әлеуетті арттыру 57

3.7. Инновация трансферті және енгізу 60

3.8. Клиентке бағытталған тәжірибе 64

68 бет

**04 БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ**

4.1. Корпоративтік басқару жүйесі 68

4.2. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 96

100 бет

**05 ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ**

5.1. Тұрақты дамуды басқару жүйесі 100

5.2. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік 104

5.3. Ақпараттық саясат 107

5.4. Қоршаған ортаны қорғау 109

5.5. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі 110

5.6. Қызметкерлер құрамын басқару 111

5.7. Демеушілік және қайырымдылық көмек 115

116 бет

**06 ҚОСЫМШАЛАР**

6.1. Есеп туралы 116

6.2. 2018 жылдағы еншілес ұйымдардың қызметі 120

6.3. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп 142

6.4. Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер тізбесі 146

6.5. Жылдық қаржы есептілігі 147

6.6. GRI көрсеткіштер кестесі 155

6.7. Глоссарий 160

6.8. Байланыс ақпараты 163






«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ. 2018 жыл үшін Жылдық есебі

# 2018 жылдың ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ **15** БАСТЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

## 01

**46 %**

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ** экономиканың шикізаттық емес салаларының ірі кәсіпорындарын жыл сайынғы ұзақ мерзімді кредиттеуде нарықтың **46%** -ын алады.

## 02

**5,3 трлн теңге**

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ** қоржынында **5,3** трлн теңге сомасында **64** жоба.

## 03

**537 млрд теңге**

**537** млрд теңге сомасында ШОБ **22** мың жобаларына қолдау көрсетілді.

## 04

**37 %**

**2018** жылы Холдингтің қолдау көрсетуімен **ШОБ** кредиттеу үлесі **37%** құрады.

## 05

**63 %**

**«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ** - еліміз-де барлық ипотекалық қарыздардың **63%** берген Қазақстандағы ұзақ мерзімді салымдар бойынша көшбасшы.





## 06

**624 млрд теңге**

**«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ**-дағы қорлану сомасы – **624** млрд теңге.

## 07

**14,9 млрд теңге**

**14,9** млрд теңге сомасында ипотекалық облигациялар сатылып алынды.

## 08

**98 млрд теңге**

**98** млрд теңге сомасында **ЖАО** облигациялары сатылып алынды.

## 09

**36,2 млрд теңге**

**«Нұрлы жер»** мемлекеттік бағдарламасы бойынша субсидияланатын ипотекалық тұрғын үй қарыздарының көлемі – **36,2** млрд теңге.

## 10

**132,4 мың шаршы метр пәтер**

**2018** жылы **«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ** және **«Бәйтерек девелопмент» АҚ** жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй бойынша барлығы **132,4** мың шаршы метр (**2 322** пәтер) тапсырылды.

## 11

**1 644**
**мың шаршы метр пәтер**

**2018** жылы Холдинг бұрын қабылданған бағдарламалар аясында тұрғын үй құрылысын толығымен аяқтады және салынған және сатып алынған тұрғын үйдің жалпы қорын **1 644** мың шаршы метрге дейін (**28 414** пәтер) арттырды.

## 12

**90**
**млрд теңге**

**90** млрд теңге сомаға экспорттаушыларды сақтандыру арқылы қолдау көрсету.

## 13

**10**
**млрд теңге**

**10** млрд теңге сомаға сауданы қаржыландыру.

## 14

**7**
**млрд теңге**

**7** млрд теңге сомаға экспорт алдындағы қаржыландыру.

## 15

**32**
**Холдингтің қызметі**

Холдингтің **32** қызметі автоматтандырылды.





# ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| Активтер, млрд теңге | 4 103 | 4 433 | **4 719** |
| Капитал, млрд теңге | 943 | 1 052 | **1 061** |
| Міндеттемелер, млрд теңге | 3 160 | 3 381 | **3 658** |
| Таза табыс, млрд теңге | 49 | 44 | **35** |
| Борыш/капитал, коэф. | 3,4 | 3,2 | **3,4** |

**Ескертпе:** АҚШ долларына теңгенің орташа жылдық бағамы: 2016 – 342,16 KZT/USD; 2017 – 326,00 KZT/USD; 2018 – 344,71 KZT/USD
**Дереккөз:** Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

### ИИДМБ, Нұрлы жол, Нұрлы жер даму бағдарламаларын іске асырудан әлеуметтік-экономикалық әсер (2013 жылдан бастап жинақтаумен)

| Көрсеткіш | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Салықтар төленген, млрд теңге | 92 | 228 | 438 | 822 | 1 279 | **1 557** |
| Жұмыс орындары сақталды, бірл. | 27 646 | 110 952 | 221 230 | 319 128 | 439 039 | **444 167** |
| Жаңа жұмыс орындары құрылды, бірл. | 9 262 | 24 592 | 62 010 | 81 062 | 92 198 | **97 084** |
| Өнімдер экспортталды, млрд теңге | - | 5 | 69 708 | 200 347 | 511 964 | **512 206** |
| кв.м. тапсырылды, мың кв. м | - | - | 425,5 | 882,3 | 1 511,6 | **1 644** |
| Пәтерлер тапсырылды, бірл. | - | - | 7 234 | 15 263 | 26 092 | **28 414** |

«Даму» Қоры» АҚ бойынша мәліметтер ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен есептіден кейінгі жылдың үшінші тоқсанында ұсынылатын болады.



“**2018** жылы **Холдинг** бұрын қабылданған бағдарламалар аясында тұрғын үй құрылысын толығымен аяқтады, бұл салынған және сатып алынған тұрғын үйдің жалпы қорын **1 644** мың шаршы метрге (**28 414** пәтер) дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.”







# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында, сондай-ақ «Қазақстан-2050» Стратегиясында қуатты мемлекет, дамыған экономика және жалпыға ортақ еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі қоғам құру жолымен Қазақстан Республикасының тұрақты және сапалы экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағдар берді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ осы үдерісте негізгі институттардың бірі болып табылады. Оның қызметі кәсіпкерлікті дамытудың, экономиканы индустрияландырудың және тұрғын үй құрылысының негізгі мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға бағытталған.

Өткен жылы Холдинг көптеген негізгі көрсеткіштердің өсуін көрсетті.

Жыл қорытындысы бойынша Холдинг активтері 6,5%-ға артып, 4,7 трлн теңгеге жетті. Бұл ретте Холдингтің жалпы активтерінің кредиттік және инвестициялық қоржындарының үлесі 73,2% құрады.

Экономикадағы ШОБ үлесін арттыру бойынша стратегиялық міндеттерге қол жеткізу үшін Холдингтің қолдау көрсетуімен ШОБ субъектілеріне ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлемінде 37% берілді. Бұл ретте неғұрлым талап етілетін қолдау көрсету шаралары ретінде микрокредиттеу құралының есебінен елеулі нәтижеге қол жеткізілген, бұл қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санынан микро- және шағын кәсіпкерлердің үлесінің 2017 жылы 78% бастап 2018 жылы 90% дейін өсуіне әкелді.

Холдинг экономиканың шикізаттық емес секторларын қаржыландырудың локомотиві бола отырып, жалпы сомасы 443,2 млрд теңгеге индустриялық-инновациялық жобаларды ұзақ мерзімді кредиттеудің жалпы көлемінде әрбір екінші теңгені берді.

Экспорттық әлеуетті қолдау қазақстандық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Осы міндетті орындау үшін Үкімет «KazakhExport» ЭСК» АҚ қабылдаған сақтандыру міндеттемелерінің көлемін 2018 жылдың қорытындысы бойынша 40-тан 90 млрд теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік беретін қосымша қаражат жіберді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолдау көрсетуімен шетелге 738 млрд теңгеге немесе өңдеу өнеркәсібінің экспортының жалпы көлемінен 14% өнім экспортқа шығарылған.

Холдинг «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының негізгі операторы ретінде бүкіл Қазақстан бойынша ниет білдірушілерді қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуге тырысады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша 1,3 млн адам «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ клиенттері болып табылды. Есепті жылы әскери қызметкерлер үшін жаңа құрал іске қосылды, ол жеңілдетілген ипотекалық кредит беру бағдарламасы бойынша тұрғын үйге қол жетімділікті айтарлықтай арттырады.

Жалпы 2018 жылы Холдинг бұрын қабылданған бағдарламалар аясында тұрғын үй құрылысын толығымен аяқтады, бұл салынған және сатып алынған тұрғын үйдің жалпы қорын 1 644 мың шаршы метрге (28 414 пәтер) дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Холдинг өзінің алдына қойылған міндеттерді табысты орындайды және корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес келетін және экономиканы сапалы дамыту және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ететін Үкіметтің негізгі ұлттық қаржы операторы рөлін атқаруды жалғастыруға ниетті.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
**АСҚАР МАМИН**



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

## Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар!

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің елеулі қолдау көрсетуінің арқасында мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз ете отырып, экономиканы дамытудың және ел халқының әл-ауқатын жақсартудың маңызды драйверлерінің бірі болып қала береді.

«Бәйтерек» Холдингінің құрамына индустриялық-инновациялық даму, экспортты жылжыту, кәсіпкерлікті дамыту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету саласындағы 11 еншілес ұйым кіреді. Бұл бағыттарды біріктіру «Бәйтерек» холдингіне бизнес пен халыққа кешенді қолдау көрсететін бірегей даму институты болуға мүмкіндік берді.

Холдингтің еншілес ұйымы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ осы нарықта әрбір екінші теңгені ұсына отырып, экономиканың шикізаттық емес секторларын ұзақ мерзімді кредиттеудің локомотиві болып табылады. Банк қоржынында 5,3 трлн теңге сомасына 64 инвестициялық жоба бар. 2018 жылы алғаш рет Қырғызстандағы алтын өндіру фабрикасының құрылысы бойынша қызметтер экспортын қамтамасыз ету үшін банк кепілдігі берілді.

ШОБ дамыту бағдарламасының негізгі операторы – «Даму» Қоры, ол 2018 жылы 537 млрд теңгеге 22 мың жобаға қолдау көрсетті. Осылайша, 2018 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг құралдарының көмегімен ШОБ кредиттеу үлесі 37%-ды құрады.

Экспортты қолдау Холдингтің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Есепті жылы «ЭСК «KazakhExport» АҚ қолдау көрсеткен экспорттық келісімшарттардың сомасы 419 млрд теңгеден асты. Сонымен қатар, Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасында шетелдік өкілдіктер ашылды.

Холдинг Қазақстандағы тұрғын үй құрылысы бағдарламаларының негізгі операторы болып табылады. Бүгінгі таңда Холдингтің еншілес ұйымы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ 624 млрд теңге деңгейінде салымшылардың жинақтарымен ұзақ мерзімді салымдар бойынша бірінші орынды алады, бұл еліміздегі екінші деңгей банктерінің жалпы ұзақ мерзімді салымдарының 29%-ын құрайды.





> **2018** жылы **Холдинг Тобы** Мемлекет басшысы мен Үкімет қойған міндеттерді табысты орындады



Қазақстанның инновациялық экожүйесін дамытуға жәрдемдесу мақсатында есепті жылы Холдинг «ТДҰА» АҚ бизнес-моделін қайта құру бойынша жұмысты бастады.

2018 жылы Холдинг Тобы Мемлекет басшысы мен Үкімет қойған міндеттерді табысты орындады деп айта аламын. «Бәйтерек» Холдингі курсының тұрақтылығы мен дұрыстығын халықаралық рейтингтер де көрсетеді: Fitch Ratings «BBB» (болжам «Тұрақты») деңгейінде рейтингін растады, Moody ' s Investors Service «Baa3» (болжам «Тұрақты») деңгейінде рейтинг берді. Холдинг рейтингі Қазақстанның тәуелсіз рейтингтеріне сәйкес келеді.

Келесі жылы Холдинг алдында экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша өр мақсаттар тұр: құны 1,8 трлн теңге болатын орта және ірі бизнестің 12 жобасын іске қосу, 110 млрд теңгеден астам сомаға ШОБ және экспорттаушылардың 14,6 мың жобасына қолдау көрсету, 322 млрд теңгеге тұрғын үй қарызын беру және ЖАО облигацияларын 108,8 млрд теңгеге сатып алу.

2018 жылғы қызметті қорытындылай отырып, Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының ұжымына кәсіби жұмысы, қиындықтарды тұрақты еңсере білгені және өзгерістерге бейімделе алғандары үшін алғысымды білдіремін.

Холдингтің үлкен ұжымына қатысты болу мен үшін және менің әріптестерім үшін зор мақтаныш. Холдингтің жоғары кәсіби ұжымы бізге айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма Төрағасы

**АЙДАР ӘРІПХАНОВ**




# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

«Бәйтерек» ҰБХ» 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы (бұдан әрі – Даму стратегиясы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы №674 Қаулысымен бекітілген.
Холдингтің Даму стратегиясы Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын ескере отырып әзірленді және оның миссиясын, пайымын, стратегиясының бағыттарын, 2023 жылға дейінгі мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.





## МИССИЯ

Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және «Стратегия-2050» алға қойған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына қолдау көрсету.

## ПАЙЫМЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ – Қазақстан Республикасы Үкіметінің корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес және Қазақстан экономикасын әртараптандыру, инновацияларды қолдау, экспортты дамыту, еңбек өнімділігін арттыру арқылы оның тұрақты дамуы бойынша міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі институты.

Қазақстанның экономикасының тұрақты дамуына себін тигізу бойынша миссиясын іске асыру аясында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шешетін негізгі міндеттер:

- экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
- кәсіпкерлікті (экономиканың жекеменшік секторын) дамыту;
- экономиканың кенттенуін қолдау;
- шикізаттық емес өнімді экспорттауды қолдау;
- инновацияны дамыту.

Алғашқы екі міндет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ негізгі қызметін екі стратегиялық бағыт бойынша жүзеге асыру арқылы шешіледі:

- ірі бизнес сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау;
- ШОБ сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау.

Экономиканың кенттенуін қолдау бойынша үшінші міндет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің үшінші стратегиялық бағытының – тұрғын үй қолжетімділігін арттыру аясында шешіледі.

Шикізаттық емес өнімді экспорттауды қолдау және инновацияны дамыту бойынша соңғы екі міндет екі стратегиялық бағыт бойынша іске асырылады:

- экспорт әлеуетін қолдау;
- трансферт және инновацияларды ендіру.

2018 жылы Холдинг «Нұрлы жер», «7-20-25» сияқты жаңа бағдарламалық құжаттардың қабылдануына байланысты Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі-Іс-шаралар жоспары) өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізді. Сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік хатшысына 2030 жылға дейінгі ҚР-дағы отбасы және гендерлік саясаттың бекітілген тұжырымдамасына сәйкес «Шешімдер қабылдау деңгейіндегі Холдингтегі әйелдердің үлесі» жаңа көрсеткішті есепке алуға қатысты тапсырма берілді. 2018 жылы Іс-шаралар жоспарына тұрақты даму саласындағы іс-шаралар бойынша қосымша жаңа бөлім енгізілді.

2019 жылы бірқатар бастамаларды: тұрғын үй-құрылыс блогын оңтайландыру, «жасыл қаржыландыруды» дамыту, көп балалы отбасылар үшін жеңілдікті кредит беруді енгізу, ШОБ үшін сауда алаңын ұйымдастыру, апекстік тетіктерді енгізу және т. б. енгізе отырып, Холдингтің даму стратегиясын өзектендіру бойынша жұмыс жоспарланған.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг Тобы 12 стратегиялық ҚНК-нің 11-ін орындады. «Кредиттік қоржындағы жеке сектордың үлесі» көрсеткіші бойынша орындалмау USD/KZT жоспарлы бағамының 340 теңгеден 384,2 теңгеге дейін өзгеруіне байланысты квазимемлекеттік сектордың валюталық қарыздарын қайта бағалауға байланысты болды.

# Холдинг Тобы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тізбесі және олардың есепті жылдағы орындалуы, сондай-ақ қысқа мерзімді және орта мерзімді келешекке арналған мақсатты мәндері

| № | Қызметтің негізгі көрсеткіші | 2018 жыл | | | 2019 жылға жоспар | 2023 жылға[1] жоспар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жоспар | факт | түзет.% | | |
| **ҚР экономикасының тұрақты дамуына жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша Холдингтің шоғырландырылған міндеттері** | | | | | | |
| 1. | Холдингтің жалпы активтерінен кредиттік және инвестициялық қоржындардың үлесі, % | 72,4 | 73,2 | 101 | 73,95 | 77 |
| 2. | Есепті жылдағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі , % | 63 кем емес | 65,2 | 103 | 66,6 кем емес | 80 кем емес |
| 3. | ROA (шоғырландырылған) | 0,44 | 0,76 | 173 | 0,54 | 1 кем емес |
| 4. | ең төменгі оң мәнінен төмен емес), % | 73,6 | 72,7 | 99 | 73,6 | 80 |
| Міндеттер: | | • Экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту<br>• Кәсіпкерлікті (экономиканың жекеменшік секторын) дамыту | | | | |
| Стратегиялық бағыттар: | | • Ірі бизнес сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау<br>• Шағын және орта бизнес сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау | | | | |
| 5. | Жаңа жобалар мен еңбек өнімділігін арттыруды және өткізу нарығын кеңейтуді ескере отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және кеңейту бойынша жобалардың саны (2014 жылдан бастап жинақтаумен), бірл. | 47 509 | 58 958 | 124 | 59 418 | 55 600 |
| 6. | Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі (2014 жылдан бастап жинақтаумен), млрд теңге | 17 400 | 2019 жылдың үшінші тоқсанында[2] | - | 22 521,9 кем емес | 42 700 |
| 7. | Шетелдік инвестицияларды тарту, ара салмағы («ККМ» АҚ) | 2:1 кем емес | 2,8:1 | 142 | 2:1 кем емес | 2:1 кем емес |
| Міндет: | | • Экономиканың кенттенуін қолдау | | | | |
| Стратегялық бағыт: | | • Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру | | | | |





| № | Қызметтің негізгі көрсеткіші | 2018 жыл | | | 2019 жылға жоспар | 2023 жылға[1] жоспар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жоспар | факт | түзет.% | | |
| 8. | Оның шегінде қолдау құралдары көрсетілген тұрғын үй көлемі (2014 жылдан бастап жинақтаумен), мың кв. м | 2 836 | 3 043,9 | 107 | - | 2019 жылға дейін көрсеткіш бойынша жоспарлы мәндер |
| 9. | ҚР экономикалық белсенді халқына тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіндегі қатысушылардың үлесі, % («Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ») | 12,4 | 14,1 | 114 | 14 | 17 |
| 10. | Үлестік құрылыс нарығын «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ кепілдіктерімен қамту, % | 7 | 13,2 | 189 | 13 | 50 |
| Міндет: | | • Шикізаттық емес өнімді экспорттауды қолдау | | | | |
| Стратегиялық бағыт: | | • Экспорт әлеуетін қолдау | | | | |
| 11. | Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру аясында қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі, млрд теңге (2014 жылдан бастап жинақтаумен) | 1 403 | 1 986 | 142 | 2 115,7 | 1 054 |
| Міндет: | | • Инновацияларды дамыту | | | | |
| Стратегиялық бағыт: | | • Трансферт және инновацияларды ендіру | | | | |
| 12. | Өндірісте енгізілген технологиялар саны, салалардың технологиялық міндеттерін шешуге және технологияларды коммерцияландыруға бағытталған жобалар саны, бірлік («ТДҰА» АҚ») | 30 | 40 | 133 | 40 | 81 |

*[1] 2023 жылға арналған көрсеткіштердің жоспарлы мәндері 2019 жылға жоспарланған Холдингтің Даму стратегиясын өзектендіру аясында қайта қаралатын болады.*

*[2] 2018 жылғы нақты мәні есепті жылдан кейінгі жылдың үшінші тоқсанында ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен берілетін болады.*

# 2018 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

## КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРДІ БЕРУ

Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ рейтингін «BBB» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты». Moody's Investors Service рейтингтік агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на «Baa3» деңгейіндегі рейтинг берді, болжам «Тұрақты». Холдинг рейтингтері Қазақстанның тәуелсіз рейтингтеріне сәйкес келеді. Ұлттық ұзақ мерзімді рейтингтер «AAA(kaz)»/ «Aaa.kz» деңгейінде.

## ТЕҢГЕЛІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ДЕБЮТТІК ШЫҒАРЫЛЫМЫ

2018 жылғы 27 желтоқсанда «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да 15 жыл айналым мерзімімен 77,7 млрд теңге сомасына теңгелік облигациялардың дебюттік шығарылымы орналастырылды. Тартылған қаражат:

- қолданыстағы және жаңа бағдарламаларды жеңілдікпен қаржыландыруға, оның ішінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ желісі бойынша әскери қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге (58 млрд теңге);
- «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ желісі бойынша ипотекалық нарықты ынталандыруға (20 млрд теңге) бағытталған.

## КОРПОРАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТУ

Холдингтің Инвестициялық саясаты Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 08/18 шешімімен жаңа редакцияда бекітілді.

Холдингтің Дивидендтік саясаты Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 23 қарашасындағы №11/18 шешімімен алдын ала мақұлданды.

Холдингтің Тұрақты даму саясаты Басқарманың 2018 жылғы 28 қарашадағы №52/18 шешімімен бекітілді.

## «БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК КӨШБАСШЫЛАРЫ – ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНДАР 2.0» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ ҚОСУ

Холдингпен «бір терезе» қағидаты бойынша қатысушыларға кешенді қаржылық және қаржылық емес қолдауды көздейтін «Ұлттық чемпиондар – бәсекеге қабілеттіліктің көшбасшылары 2.0» жаңартылған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленді. Бағдарламаның мақсаты іріктеу кезеңінен өткен қазақстандық компанияларға қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларын ұсыну жолымен өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған және технологиялық өндірістерін құруға жәрдем көрсету болып табылады.

Бағдарламаның негізгі ерекшеліктері төменде аталғандардан тұрады:

- құжаттамасы бар инвестициялық жобаларға, сондай-ақ идея сатысындағы жобаларға назар аударудан;
- Холдингтің қолда бар барлық құралдары есебінен қаржылық және қосымша қолдау шараларын ұсынудан;
- Қатысушыларды бүкіл Бағдарлама бойына алып жүретін жобалау менеджерін компанияға бекіту арқылы кешенді жеке қолдаудан.

Бағдарламаны іске асыру барысында тиімділіктің бірқатар негізгі көрсеткіштері қадағаланатын болады:

- күрделі салымдар көлемі;
- түсім көлемін ұлғайту;
- экспорттың өсуі.

Холдинг 2018 жылдың соңына дейін белсенді өтінімдік науқанды өткізді, осы науқан барысында өңдеу өнеркәсібінің 1000 кәсіпорындары қамтылды. Жүргізілген өтінімдік науқанның нәтижелері бойынша Холдингке 94 компаниядан жобаларымен бірге 113 өтінім келіп түсті. Алынған өтінімдер Бағдарлама өлшемдеріне сәйкестігі мәніне талданады, сондай-ақ компаниялардың және олардың инвестициялық жобаларының диагностикасы жоспарланған, содан кейін Бағдарламаға қатысушылар анықталатын болады.





## «ТДҰА» АҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Қазақстанның инновациялық экожүйесін дамытуға жәрдем беру мақсатында есепті жылы Холдинг «ТДҰА» АҚ бизнес-моделін қайта құру бойынша жұмысты бастады.

## АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР[3]

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.2015 жылғы № 1141 «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қаулысына сәйкес 2018 жылдың соңына «ТДҰА» АҚ еншілес ұйымдары таратылды – «Ауыл шаруашылық машина жасау конструкторлық бюросы» ЖШС және «Мұнай-газ жабдықтары конструкторлық бюросы» ЖШС.

«ҚИҚ» АҚ-ның 1 жобасы бойынша қатысу үлесі – «Раннила Қазақстан» АҚ (44%) және «ТДҰА» АҚ-ның 3 жобасы бойынша қатысу үлесі іске асырылды:

- «Сарыарқа технопаркі» ЖШС (84%);
- «Алгоритм» технопаркі» ЖШС (31,59% мөлшерінде, «ИТТО» АҚ тиесілі);
- «Алтай» Шығыс Қазақстан өңірлік технопаркі» ЖШС (50%).

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

«ҚДБ» АҚ 2018 жылдың қорытындысы бойынша тікелей кредит беру аясында 17 инвестициялық жобаны және 443,2 млрд.теңге сомасына 13 экспорттық (экспорт алдындағы) операцияларды қаржыландырды. Бұдан басқа, есепті жылы алты инвестициялық жоба және 225 млрд.теңге сомаға экспорт алдындағы ұш операция бойынша 9 қаржылық өтінім қаржыландыруға мақұлданды, «ҚДБ» АҚ қатысуымен қаржыландырылған 6 жаңа кәсіпорын пайдалануға берілді.

Есепті жылы «ҚДБ-Лизинг» АҚ жалпы сомасы 54 млрд.теңгеге 74 лизингтік мәмілені қаржыландыруға мақұлдады, оның ішінде 44 млрд. теңгеге лизингтік мәмілелер қаржыландырылды, оның ішінде «ҚДБ-Лизинг» АҚ қаражаты – 38,1 млрд. теңге.

2018 жылы қорлар «ҚКМ» АҚ қатысуымен 46 млрд теңге сомаға 5 жобаны инвестициялады, оның ішінде:

- «Жасыл» экономикаға көшу бойынша Қазақстанның стратегиясын орындау мақсатында Ақмола облысында «ЦАТЭК Green Energy" ЖШС жел электр стансияларын салу (DBKEquityFund және «BaiterekVentureFund» АҚ қорларымен қаржыландыру);
- Қазақстандағы ірі көлік және логистика операторларының бірі «Теңізтрансгаз» компаниялар тобының жылжымалы паркін жаңғырту (DBK Equity Fund қорының қаржыландыруы);
- Жаңа Жібек жолының негізгі транзиттік нүктелерінің бірі болып табылатын «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-да заманауи қойма үй-жайларын салу және Қазақстанға «Бір белдеу-бір жол» жаһандық Қытай бастамашылығына қатысуға мүмкіндік береді (Абу-Даби Mubadala егеменді қорымен бірге Kazakhstan Infrastructure Fund қорын бірлесіп инвестициялау).

## «ҚДБ» АҚ-НЫҢ БІРІНШІ БАНКТІК КЕПІЛДІГІ

«ҚДБ» АҚ алғаш рет Қырғызстанда орналасқан «Джеруй» алтын кен орнында алтын өндіру фабрикасының құрылысына 14 млрд теңге сомасында банктік кепілдік берді.

## ХОЛДИНГ ТОБЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАҒЫ ЖАҢА БАСТАМАЛАРДЫ ІСКЕ ҚОСУ

«ҚТҚЖБ» АҚ әскери қызметкерлерге алатын тұрғын үй төлемдері есебінен жинақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Әскери баспана» бағдарламасын іске қосты. Осы бағдарлама аясында 67 мыңнан астам әскери қызметкер жеке тұрғын үймен қамтамасыз етіледі, бюджет үшін үнемдеу 25 жыл ішінде 824 млрд теңгені құрайды.

«ҚИК» ИҰ» АҚ орташа деңгейден төмен мөлшерлеме бойынша жайлылығы жоғары (тұрғын үйдің құны 25 млн теңгеден астам) санаттағы тұрғын үй (бастапқы немесе қайталама) сатып алғысы келетін орташа және орта деңгейден жоғары табыстары бар жеке тұлғалардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған «Орда» ипотекалық бағдарламасы іске қосылды.

«Бәйтерек девелопмент» АҚ «Цифрлық техника және технологиялар институты» АҚ-мен бірлесіп «Нұрлы жер» Ахуал орталығы, ЖАО порталы және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қаржыландырылатын салынып жатқан жылжымайтын мүлік объектілерінің мониторингі үшін мобильдік қосымша әзірленді.

«Екінші деңгейдегі банктер қызметкерлерінің қатарынан «Даму» Қоры» АҚ агенттік желісі» жобасы әзірленді және енгізілді, ол кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау құралдарын қолдана отырып, микро -, шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит беру үшін серіктес банктер филиалдарының кредиттік менеджерлерін/мамандарын материалдық ынталандыруға бағытталған.

*[3] Активтер құрылымындағы өзгерістер «Ұйымдық құрылым» бөлімінде егжей-тегжейлі көрсетілген.*

# 01

# ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ

1.1.
Бизнес-үлгі
1.2.
Даму тарихы
1.3.
Ұйымдық құрылымы
1.4.
Холдингтің қолдау көрсету құралдары







# 1.1

## БИЗНЕС-ҮЛГІ

2018 жылы Холдингте қызметкерлерді тарту деңгейі **76%** құрады.

### ХОЛДИНГТІҢ ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫ

| АКТИВТЕР | КАПИТАЛ | МІНДЕТТЕМЕЛЕР |
|---|---|---|
| **4 719** млрд теңге | **1 061** млрд теңге | **3 658** млрд теңге |

ҚАРЫЗ АЛУ ҚОРЖЫНЫ **503** млрд теңге

Нарықтық көздер **65%**

Мемлекеттік көздер **35%**

### ХОЛДИНГТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС РЕСУРСТАРЫ

**Бірыңғай корпоративтік мәдениет** жауапкершілік, кәсіпқойлық және даму, өзара құрмет және сенім, командалық рух қағидаттарына негізделеді

**Тиімді корпоративтік басқару:** ЕҰ директорлар кеңесінің жұмысына белсенді тарту

**Жауапты инвестициялау:** қаржылық қолдау көрсету кезінде ESG факторларын есепке алу

**Клиентке бағытталған тәсіл:** «бір терезе» қағидаты бойынша клиенттерге кешенді қолдау көрсету




### ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

**Холдингтің миссиясы:**
Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және «Стратегия-2050» алға қойған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында **Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына** келесі негізгі бағыттарды іске асыру арқылы жәрдем көрсету:

### ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018 жылы Холдинг қызметіне сенім индексі **87,8%** құрады.

**2ші тг** Шикізаттық емес салаларда ұзақ мерзімді кредиттеудің әрбір 2-ші тг. «ҚДБ» АҚ қаржыландырылған.

**37%** Бизнес субъектілеріне ұзақ мерзімді кредиттердің 37% ұлттық валютада Холдингтің қолдау көрсетуімен берілген

**46%** Шикізаттық емес салалардың ірі кәсіпорындарын жыл сайынғы ұзақ мерзімді кредиттеудегі Холдингтің үлесі – 46%

**63%** «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – елімізде барлық ипотекалық қарыздардың 63% берген Қазақстанның ипотекалық нарығындағы көшбасшы.

**14%** Қолдау көрсетілген экспорт көлемі - 2018 жылдың жиынтықты шикізаттық емес экспортынан 14%.

1.2

# ДАМУ ТАРИХЫ

## 2013

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығымен даму институттарын, қаржы институттары мен ұлттық экономиканың дамуын басқару жүйесін оңтайландыру мақсатында құрылды.

Холдингтің негізгі міндеті - өзінің жекеменшік құқығындағы және сеніммен басқаруға берілген ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялар мен басқа заңды тұлғалардың акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару.

Холдинг құрамына бұрын мемлекеттік органдар мен «Самұрық — Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқаруында болған 10 даму институты кірді.

## 2015

«Ұлт жоспары - 100 нақты қадам» 62-қадамы аясында «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары - Ұлттық чемпиондар» бағдарламасына бастамашылық жасалды, оның мақсаты Еуразиялық экономикалық одақта бәсекеге қабілетті көшбасшылары бола алатын қатысушы компаниялардың қарқынды өсуіне қолдау көрсету болып табылады.

ХОЛДИНГ ҚҰРАМЫНА БҰРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН **«САМҰРЫҚ — ҚАЗЫНА»** ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АҚ БАСҚАРУЫНДА БОЛҒАН **10 ДАМУ ИНСТИТУТЫ КІРДІ.**

**10**
**ДАМУ ИНСТИТУТЫ**

## 2014

Холдинг 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасының операторы. Холдинг құрамында 2013 және 2014 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген 20 млрд теңге капитал айналымымен Kazakhstan Infrastructure Fund инфрақұрылымдық қоры құрылды.
Елдің инфрақұрылымдық дамуына қолдау көрсету үшін Холдинг пен «Қазақстандық МЖС орталығы» АҚ бірлесіп, «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі жобаларын қолдау орталығы» ЖШС құрды.
Холдинг құрылымында Baiterek Venture Fund — экономиканың басым секторларын инвестициялауға арналған венчурлық қор құрылды.

## 2016

Холдинг «Нұрлы жол» 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму, «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыру жұмыстарын жалғастырды.
Ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры «ТҚКҚ» АҚ болып өзгертілді.
2016 жылғы қыркүйек айында «МЖС жобаларын қолдау орталығы» ЖШС мандатын кеңейту және индустриалды және инфрақұрылымдық жобалардың жобалық құжаттамасын қаржыландыру және жасау бойынша «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС Қорына атауын өзгерту туралы шешім қабылданды.





## 2017

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы өзектендірілді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Басқарма «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018-2023 жылдарға Цифрландыру стратегиясын бекітті. Бизнесті кешенді және клиентке бағытталған қолдауды қамтамасыз ететін «Digital Baiterek кәсіпкерлікті қолдаудың Бірыңғай порталы» ақпараттық жүйесі тұрақты (өнеркәсіптік) пайдалануға енгізілді.

Холдингтің еншілес ұйымдарымен, «ҚДБ» АҚ және «ҚКМ» АҚ-мен «ҚДБ» АҚ жобаларын капиталдандыру мақсатымен 100 млн. АҚШ доллары мөлшерімен DBK EquityFund тікелей инвестициялар қоры құрылған,

Холдингпен құрылымды оңтайландыру бойынша процедуралар жүргізілді, атап айтқанда, «ҚИК» АҚ бойынша жалпы сомасы 337 млн теңгеге 4 жоба бойынша қатысу үлесі жүзеге асырылды. «ТДҰА» АҚ бойынша «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Технопаркі» ЖШС қатысу үлесі іске асырылды.

**2018** ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАНДА **«ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ»** АҚ-ДА **15** ЖЫЛ АЙНАЛЫМ МЕРЗІМІМЕН **77,7 МЛРД ТЕҢГЕ** СОМАСЫНА ТЕҢГЕЛІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ДЕБЮТТІК ШЫҒАРЫЛЫМЫ ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ.

## 2018

Директорлар кеңесімен Холдингтің елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін экономиканың жеке секторының жобаларына шоғырланатын жаңа редакциядағы Инвестициялық саясаты бекітілді.

2018 жылғы желтоқсанда «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да 15 жыл айналым мерзімімен 77,7 млрд теңге сомасына теңгелік облигациялардың дебюттік шығарылымы орналастырылды.

2018 жылы «ҚДБ» АҚ құралдарының көмегімен құны 173 млрд теңге тұратын 6 жаңа кәсіпорын пайдалануға берілді, атап айтқанда, Ақмола облысында Макин құс фабрикасы, Шымкентте көлік-логистикалық орталық және минералды су мен сусындарды құю зауытының жаңа қуаты салынды, Павлодар облысында темір жол дөңгелектерін өндіру кешені құрылды, Батыс Қазақстан облысында K5 экокласының мотор отынын өндіру жолға қойылды, Маңғыстау облысында минералды тыңайтқыштар өндіру зауыты жаңғыртылды.

Есепті жылы «ҚДБ-Лизинг» АҚ көмегімен 54 млрд.теңгеге 74 лизингтік мәміле қаржыландыруға мақұлданды, атап айтқанда, «Жетісу» авиакомпаниясы» АҚ өтінімі бойынша қаржы лизингіне беру үшін екі әуе кемесін сатып алуға, «КСМ Техновид» ЖШС өтінімі бойынша энергиялық тиімді сәулет қасбеттері зауытының құрылысына, «Зерде-Керамика Ақтөбе» ЖШС өтінімі бойынша Ақтөбе қаласында керамогранит және керамикалық плитка өндіру зауытының құрылысына және өзге де жобаларға.

2018 жылы «ҚКМ» АҚ қатысуымен қорлар 46 млрд теңге сомасына 5 жобаны инвестициялады, атап айтқанда, жел электр станциясының құрылысы (екі қор – DBK Equity Fund, «Baiterek Venture Fund» АҚ), қойма үй-жайларының құрылысы, «Сарыарқа» магистральды газ құбырының құрылысы және жылжымалы паркті жаңғырту.

# 1.3 ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

BAITEREK

| Ұйым | Үлес | Қала |
|---|---|---|
| «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ | 100% | Алматы қ. |
| «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ | 100% | Алматы қ. |
| «Бәйтерек девелопмент» АҚ | 100% | Нұр-Сұлтан қ. |
| «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ | 100% | Нұр-Сұлтан қ. |
| «KazakhExport» Экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ | 100% | Нұр-Сұлтан қ. |
| «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС | 97,73% | Нұр-Сұлтан қ. |
| «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ | 100% | Алматы қ. |
| «Қазына Капитал Менеджмент» | 100% | Нұр-Сұлтан қ. |
| «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ | 100% | Нұр-Сұлтан қ. |
| «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» | 100% | Нұр-Сұлтан қ. (қайта ұйымдастыру) |
| «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ | 100% | Нұр-Сұлтан қ. |

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ – 61 ұйымды, оның ішінде дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік құқығында Холдингке тікелей немесе жанама тиесілі 11 еншілес ұйымды қамтитын біріктірілген даму институты: Холдингтің 100-пайыздық қатысуымен 10 акционерлік қоғам және 97- пайыздық қатысуымен бір жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қаулысына сәйкес 2018 жылдың соңына «ТДҰА» АҚ еншілес ұйымдары – «Ауыл шаруашылығы машина жасау конструкторлық бюросы» ЖШС және «Мұнайгаз жабдықтарының Конструкторлық бюросы» ЖШС таратылды.

«ҚИҚ» АҚ жобасы бойынша – «Раннила Қазақстан» АҚ (44%) қатысу үлесі және «ТДҰА» АҚ-ның үш жобасы бойынша қатысу үлесі іске асырылды:

- «Сарыарқа технопаркі» ЖШС (84%);
- «Алгоритм» технопаркі» ЖШС (31,59% мөлшерінде, «ИТТО» АҚ тиесілі) ;
- «Алтай» Шығыс Қазақстан өңірлік технопаркі» ЖШС (50%) .

Тарату/банкроттық процесінде 3-ші және 4-ші деңгейдегі мынадай ұйымдар бар:

- «Орал металлоконструкция және мырыштау зауыты» АҚ;
- «WHITE FISH OF KAZAKHSTAN» АҚ;
- «Тау-кен металлургиялық жабдықтардың конструкторлық бюросы» ЖШС;
- «Көліктік машина жасау конструкторлық бюросы» ЖШС.

БАРЛЫҒЫ: 61 ұйым

- Еншілес ұйымдар – 11 АҚ-10/ЖШС -1
- 3-ші деңгей ұйымы – 31 АҚ-16/ЖШС-8/ БасқаҰҚН – 7
- 4-ші деңгей ұйымы – 19 ЖШС-4/ Басқа ҰҚН - 15

2-ші деңгей

3-ші деңгей

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ:
- 36% «Жайнар» МКҰ» ЖШС
- 39,5% «Вест Финанс» МКҰ» ЖШС
- 16,6% «Эконом» МКҰ» ЖШС

«Қазына Капитал Менеджмент»:
- 100% «Baiterek Venture Fund» АҚ
- 86% «Қазақстан-Тәжікстан тікелей инвестициялар қоры» АҚ (таратылуда)
- 7% «Almex-Baiterek Fund» АҚ
- 49,5% CITIC-Kazyna Manager Ltd
- 50% CITIC Kazyna GP Ltd
- 14,24% Aureos Central Asia Fund LLC
- 100% BV Management LLP
- 100% Kazyna Seriktes B.V.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ:
- 100% «БРК «Лизинг» АҚ
- 11,05% «Аллюр Компаниялар Тобы» АҚ
- 100% DBK Capital Structure Fund B.V.

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік»:
- 3,98% «Технопарк «Алгоритм» ЖШС (қауымдастырылған компания)
- 100% «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ:
- 100% «Capital Logistics» ЖШС
- 49% «OrdaGlass» ЖШС
- 10% «Orda Glass Ltd» ЖШС
- 48,66% «Қарағанды ағаш өңдеу комбинаты»
- 48,94% «Досжан Темір Жолы» АҚ
- 34,99% «Зайсан рыба продукт» АҚ
- 48,99% «Қазақстан Инвест көмір» АҚ
- 42,34% «White fich of Kazakhstan» АҚ
- 26,38% «Қасиет» ААҚ
- 48,01% «Актобестрой индустрия» АҚ
- 35% «Уркер косметик» АҚ
- 100% «Капс интел» АҚ
- 35% «Кадамжайский сурьмяный комбинат»
- 40,84% «ЭкоПродуктГрупп»
- 29,77% «Орал металлоконструкция және мырыштау зауыты» АҚ

4-ші деңгей

- 3% DBK Equity Fund C.V. DBK Capital Structure Fund B.V. -97% арқылы
- 95,24% Kazakhstan Infrastructure Fund C.V.

- 49,9% CITIC-Kazyna Investment Fund I L.P.
- 49,5% Kazakhstan Growth Fund L.P.
- 9,94% Wolfenson Capital Partners L.P.
- 1,33% Islamic Infrastructure Fund Ltd Partnership L.P.
- 10% Falah Growth Fund L.P.
- 9,09% Macquarie Russia & CIS Infrastructure Fund L.P.
- 98,04% VTB Capital I2BF Innovation Fund L.P.
- 49,5% Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V.
- 11,34% «Аллюр Компаниялар Тобы» АҚ
- 7,18% Mining Chemical Company
- 1,45% ЦАЭК
- 6,06% Aitas Lux S.A.R.L
- 50% «Астана Газ КМГ» АҚ

- 100% «Тау-кен металлургиялық жабдықтардың конструкторлық бюросы» ЖШС
- 100% «Көліктік машина жасау конструкторлық бюросы» ЖШС
- 100% «Астана қ. Аймақтық технопаркі» ЖШС
- 100% «Алатау» технопаркі» ЖШС (14.02.2018 ж. «Алматы» БК» ҰК» АҚ сенімгерлікпен басқаруға тапсырылған)

[4] "ТДҰА"АҚ тиесілі 3,98% мөлшеріндегі үлес іске асырылмаған.
[5] "ИТТО" АҚ тиесілі 21,6% үлесі бөгде сатып алушыға сатылды; «Тау-кен металлургиялық жабдықтардың конструкторлық бюросы» ЖШС тиесілі 28,7% үлесі «Алтай» Шығыс Қ

# 1.4

# ХОЛДИНГТІҢ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ

**ХОЛДИНГТІҢ ӘРБІР ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫНЫҢ ӨЗІНІҢ МАМАНДАНУЫ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ АЛУШЫЛАРДЫ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ БАР.**



Қолдаудың барлық түрлері бойынша іріктеудің жалпы қағидаттары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді. Атап айтқанда, оларға экономиканы әртараптандыру және жаңғырту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инфрақұрылым мен экспорттық әлеуетті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету жатады. Бұл ретте қолдау нарықтық жағдайларда әрекет ететін бәсекеге қабілетті бизнесті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған және тұтастай алғанда мемлекеттің экономикаға қатысуын кеңейтуге алып келмеуі тиіс.

| Холдинг қызметінің бағыты | Құралдар | Еншілес ұйымдар |
|---|---|---|
| Ірі бизнес сегментінде кәсіпкерлікке қолдау көрсету | Қарыздық қаржыландыру | «Қазақстанның Даму Банк» АҚ |
| | Үлестік қаржыландыру | «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ |
| | Стресс активтерін басқару | «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ |
| | Кепілдіктер | «Қазақстанның Даму Банк» АҚ |
| | Лизинг | «Қазақстанның Даму Банк» АҚ |
| | Қаржыландыру және жобалық құжаттаманы дайындау, инвесторларды іздеу | «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС |
| Шағын және орта бизнес сегментінде кәсіпкерлікке қолдау көрсету | Қаржылық қолдау * | «Даму» Қоры» АҚ |
| | Кеңес беру | «Даму» Қоры» АҚ |
| Тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз ету | ЖАО бағалы қағаздарды сатып алу арқылы құрылыс салушыларды қаржыландыру | «Байтерек девелопмент» АҚ |
| | Ипотекалық кредит беру | «Қазақстанның тұрғын құрылыс жинақ банкі» АҚ,<br>«Қазақстандық Ипотекалық Компания» ИҰ» АҚ |
| | Субсидиялау | «Даму» Қоры» АҚ,<br>«Қазақстандық Ипотекалық Компания» ИҰ» АҚ |
| | Жалдама тұрғын үй | «Байтерек девелопмент» АҚ,<br>«Қазақстандық Ипотекалық Компания» ИҰ» АҚ |
| | Үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру | «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ |
| | Тұрғын үй қарыздарын беру | «Қазақстаның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ |
| Экспорттық әлеуетті арттыру ** | Кепілдіктер және сақтандыру | «KazakhExport» ЭСК» АҚ |
| | Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру | «KazakhExport» ЭСК» АҚ<br>«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ |
| Трансферт және инновацияларды ендіру | Гранттар | «Технологиялық дамыту бойынша ұлттық агенттік» АҚ |

** ЕДБ-ға шартты орналастыруды, пайыздық мөлшерлемелердің мемлекеттік субсидияларын, кепілдіктерді беруді қоса алғанда.*
*** Шағын, орта және ірі бизнесті қоса.*

# 02

# ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

2.1.
Макроэкономикалық шолу
2.2.
Холдингтің негізгі қызмет
түрлері бойынша құралдарының
нарықтық үлесі







## 2.1

## МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

Мұнай бағасының ұлғаюынан туындаған қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктура (2017 жылға қарай+32%) Қазақстан экономикасының тұрақты өсуін қолдауға ықпал етті. ҚР ҰЭМ СК алдын ала мәліметтеріне сәйкес, ЖІӨ өсу қарқыны 2018 жылдың қорытындысы бойынша 104,1% құрады (2017 жылға қарай).

Тау-кен қазу өнеркәсібі өндірістік сектор драйверінің рөлін атқаруын жалғастырып отыр, ЖІӨ өсіміне үлес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бағалауы бойынша 2018 жылдың қорытындысы бойынша 0,6 п.т. құрады. Қарастырылып отырған кезеңде сектордың ЖҚҚ өсімінің қарқыны 4,6% -ды, ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі үлесі-15,2%-ды (2017 ж. - 13,6%) құрады.

ЖІӨ және мұнай бағасының өсуі

Мұнайдың орташа бағасы (Brent), барр үшін АҚШ долл. (оң жақ ось)
ЖІӨ ИФО, %
**Дереккөз –** ҚР ҰЭМ СК




ЖІӨ құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі 38,7%-ды, қызметтер-54,4%-ды құрайды. 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі өткен жылға қарағанда номиналды көріністе 27 576 млрд теңгені құрай отырып, 4,1%-ға артты. Өнеркәсіптің өсуіне автокөлік құралдары, электр жабдықтары, құйма металлдар, химия өнеркәсібі және мұнай өңдеу өнімдері, темір кенін, табиғи газ және шикі мұнай өндіру айтарлықтай әсер етті.

Сектордың өсу қарқынын жеделдету шикі мұнайды (2017 жылға +4,8%), табиғи газды (2017 жылға +5,5%) өндіру көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ темір кенін өндіру көлемінің ұлғаюына (2017 жылға +6,5%) байланысты. Сонымен қатар, 2018 жылдың 4-тоқсанында қалыптасқан мұнай бағасының төмендеуі мұнай секторының өнеркәсіптік өндірісі қарқынының бәсеңдеуіне ықпал етті.

Өңдеу өнеркәсібі де өсудің оң қарқынын сақтап отыр. 2018 жылдың қорытындылары бойынша өнеркәсіптік өндірістің индексі 104,1% құрады (2017 жылға), өңдеу өнеркәсібінің ЖІӨ өсіміне салымы 0,4 т.т. құрады. Жалпы алғанда сектордың өсуіне электр жабдықтары (+33,4%), автокөлік құралдары (+40,4%), металл құю (+13,1%), мұнай өңдеу (+8,1%), химия өнеркәсібі (+8,1%) өндірісінің ұлғаюы ықпал етті. Қаралып отырған кезеңде өндіріс көлемінің қысқаруы қара металлургияда байқалды (2017 жылға қарай -1,7%).

Электр энергиясын өндіру, тарату және бөлу көлемінің 4,1%-ға (2017 жылға қарай) ұлғаюы есебінен энергетикалық сектордағы өндіріс жалпы 2,4%-ға (2017 жылға қарай) өсті.

2018 жылдың қорытындысы бойынша қызмет көрсету секторы нақты мәнде 4,2%-ға өсті (2017 жылға қарай). Секторда өсімнің ең үлкен серпінін көтерме және бөлшек сауда (2017 жылға қарай ЖҚҚ ЖКИ -107,6%), Көлік және қоймалау (2017 жылға қарай ЖҚҚ ЖКИ -104,6%) көрсетті. Қызмет көрсету секторындағы экономикалық белсенділіктің ұлғаюы халықтың нақты ақшалай кірістерінің артуымен бірге өнеркәсіп секторларының инвестициялық белсенділігіне байланысты.

Экономиканы ынталандыруға нақты сектор кәсіпорындарының инвестициялық белсенділігінің өсуі де ықпал етеді. ҚР ҰЭМ СК ресми деректеріне сәйкес, негізгі капиталға инвестиция көлемі 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 17,2%-ға (2017 жылға қарай) артып, 11 130 млрд теңгені құрады.

Экономика секторының ЖІҚ өсіміне салымы, %

**Дереккөз –** ҚР ҰЭМ СК, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бағалауы

Қызметтер
Құрылыс
Өңдеу өнеркәсібі
Ауыл шаруашылығы
Электрмен/сумен жабдықтау
Тау-кен қазу өнеркәсібі






Салалық тұрғыдан өнеркәсіп үлесіне 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда барлық күрделі инвестициялардың 59% (6 563 млрд теңге) тиесілі (2017 жылға +27%), бұл оның инвестициялық белсенділіктің драйвері ретіндегі рөлін көрсетеді. Өнеркәсіп құрылымында инвестицияның едәуір шоғырлануы мұнай өндіру секторында сақталады – өнеркәсіпке салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 59% (3 843 млрд.теңге). Қарастырылып отырған кезеңде өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялардың өсуі +20,5% (2017 жылға қарай), номиналды мөндегі көлем – 1 247 млрд теңге (өнеркәсіпке салынған күрделі инвестициялардың жалпы көлемінің 19%) байқалды. Өңдеу өнеркәсібі секторларында ең жоғары инвестициялық белсенділік тоқыма бұйымдары өндірісінде (2017 жылға қарай 7,1 есе), электр жабдықтары өндірісінде (2017 жылға қарай 3,5 есе), мұнай өңдеу (2017 жылға қарай+33,7%), құрылыс материалдары өндірісінде (2017 жылға қарай+32,7%), Тамақ өнімдері (2017 жылға қарай+27,3%), химия (2017 жылға қарай 21,1%), металлургия өнеркәсібінде (+19,5%) тіркелді.

Өнеркәсіптегі күрделі инвестициялар көздерінің құрылымында кәсіпорындардың меншікті қаражаты – 81% (5 286 млрд.теңге), бюджет қаражатының үлесі – 6% (419 млрд. теңге) басым үлесті ұстап отыр.
Тұрғын үй құрылысына инвестициялар көлемінің 2018 жылдың 12 айында 18,6%-ға (2017 жылға қарай) ұлғаюы, бұл атаулы мәнде 1 162 млрд теңгеге сәйкес келеді, ішінара құрылыс секторының ЖҚҚ +4,1% (2017 жылға қарай) өсуін қамтамасыз етуге ықпал етті. 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда іске қосылған тұрғын үй көлемі 12,1% - ға (2017 жылға қарай) ұлғайды және 12 521,1 мың шаршы метрді құрады.Қарастырылатын кезеңде тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың негізгі көздері үлес салмағы 78,4% құрайтын құрылыс салушылардың жеке қаражаттары болып табылады.
Банктермен экономиканы кредиттеу көлемі 2018 жылдың желтоқсан айының соңына 13 091,8 млрд теңгені құрады (бір айдағы өсім 1,8%). Заңды тұлғаларға кредиттердің көлемі 2,5%-ға, 7 789,1 млрд теңгеге дейін, жеке тұлғаларға кредиттердің көлемі - 0,7%-ға, 5 302,6 млрд теңгеге дейін артты. Қайта құрылымдаудан өтіп жатқан және лицензиясынан айырылған банктердің кредиттік қоржынын есепке алмағанда, экономиканы несиелендірудің жылдық өсімі 7,4%-ды немесе 883,5 млрд теңгені құрайды.

Негізгі капиталға инвестициялар, млрд теңге

Негізгі капиталға инвестициялар
ЖІӨ % (оң жақ ось)

**Дереккөз –** ҚР ҰЭМ СК



**Өнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі капиталына инвестициялардың салалық құрылымы**

- Мұнай мен газды өндіру
- Азық-түлік өнімдері
- Мұнайды қайта өңдеу
- Металлургия
- Электрмен жабдықтау
- Сумен жабдықтау
- Басқа

**Дереккөз** – ҚР ҰЭМ СК







Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу көлемі 2018 жылдың қорытындысы бойынша 2 363,9 млрд теңгені немесе экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 18,1%-ын құрады. Салалық бөлуде банктердің экономикаға кредиттерінің едәуір сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі – 15,5%), сауда (13,8%), құрылыс (5,8%), көлік (4,5%) және ауыл шаруашылығы (3,7%) сияқты салаларға тиесілі.

**Банктердің мерзімдер бойынша экономикаға кредиттері, трлн теңге (кезеңнің соңына)**

- Қысқа мерзімді
- Ұзақ мерзімді

**Дереккөз** – ҚР ҰБ











**2 364 МЛРД ТЕҢГЕ**

**Шағын кәсіпкерлікті кредиттеудің салалық құрылымы, %**

- Өнеркәсіп
- Ауыл шаруашылығы
- Құрылыс
- Көлік
- Байланыс
- Сауда
- Басқа салалар

**Дереккөз** – ҚР ҰБ

**Банктердің алушылар бойынша экономикаға кредиттері, трлн теңге (кезеңнің соңына)**

- Заңды тұлғалар
- Жеке тұлғалар

**Дереккөз** – ҚР ҰБ



2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда берілген кредиттер көлемі 13 460 млрд. теңгені құрады (2017 жылға +24%). Олардың құрылымында теңгемен берілген кредиттер 87% құрады. Қысқа мерзімді кредиттерді беру 20% – ға (2017 жылға), 7 342 млрд теңгеге дейін, ұзақ мерзімді кредиттерді беру 30% - ға (2017 жылға), 6 119 млрд теңгеге дейін ұлғайды. ЕДБ ипотекалық қоржынының жиынтық көлемі 2018 жылғы желтоқсан айының соңында 1 303,3 млрд теңгені құрады (2017 жылға +19%). Қоржын құрылымында ипотекалық қарыздардың 96% ұлттық валютада номинацияланған. 2018 жылдың қорытындысы бойынша ЕДБ мен ипотекалық ұйымдардың жалпы ипотекалық қоржыныңдағы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ үлесі 41% немесе 670 млрд теңгені құрады.

2018 жылы ЕДБ азаматтардың тұрғын үй құрылысына және сатып алуға 568 млрд теңге (2017 жылға+49%) сомасында қарыз берді.

2018 жылы ипотекалық қарыздарды беру көлемі 360 млрд теңгені құрады, бұл тұрғын үй салу мен сатып алуға берілген қарыздардың жалпы көлемінің 63%-ына сәйкес келеді.

ҚР ҰЭМ СК жариялаған мәліметтеріне сәйкес, ағымдағы жылдың қаңтар-желтоқсан айларында құндық экспорт көлемі 61 млрд. АҚШ долл. құрады (2017 жылға+25,7%).

Экспорт құрылымында 75% (45,5 млрд. АҚШ долл.) минералдық өнімдер алады, олардың құндық көлемі 37%-ға өсті (2017 жылға). Металлдар экспортының құндық көлемі (жалпы экспорттағы үлесі 14%) 2017 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ және 8,3 млрд. АҚШ долл. құрады. ҚР ҰЭМ СК бағалау деректеріне сәйкес, 2018 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібі өнімінің экспорт көлемі 14,3 млрд. АҚШ долл. құрады. Өткен жылы импорттың құндық көлемі 32,5 млрд. АҚШ долл. құрады (2017 жылға +9,9%). Күрделі инвестициялардың ұлғаюы импорттың өсу драйверінің рөлін сақтайды. Импорт құрылымында бұрынғысынша қосылған құны жоғары тауарлар санатына жататын машиналар мен жабдықтар басым, олардың жалпы импорттағы үлесі 40,3% (13,1 млрд. АҚШ).

Экспорт және импорт динамикасы млрд.АҚШ доллары

Импорт, млрд. АҚШ долл.
Экспорт, млрд. АҚШ долл.
**Дереккөз –** ҚР ҰЭМ СК




Экспорт құрылымы, %

Минералды өнімдер
Химиялық өнеркәсіп өнімдері
Жануардан және өсімдіктерден жасалған өнімдер




Импорт құрылымы, %

Минералды өнімдер
Машиналар және жабдықтар
Басқа
**Дереккөз –** ҚР ҰЭМ СК








# 2.2

# ХОЛДИНГТІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕСІ

ҚР ҰБ ресми мәліметтеріне сәйкес, экономиканың шикізаттық емес басым секторларына (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік және байланыс) берілген ұзақ мерзімді кредиттер көлемі 2018 жылдың қорытындысы бойынша 512 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 6%-ға төмен. Сонымен қатар, Холдингке тікелей кредит беру құралдары («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ тетіктері) арқылы 2018 жылы шикізаттық емес салалардағы ірі бизнес кәсіпорындары 443 млрд.теңге сомасында қаржыландырылды, бұл елдің экономиканың шикізаттық емес салаларына (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік және байланыс) ұзақ мерзімді кредит берудің жалпы көлемінің 46%-ын құрайды.

ХОЛДИНГТІҢ **2018** ЖЫЛЫ ІРІ КӘСІПКЕРЛІК СЕГМЕНТІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ **«ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ»** АҚ БАҒАЛАУЫНА СӘЙКЕС 0,31–0,43 П. П. ҚҰРАДЫ.

**0,31-0,43 п.п.**

Холдингтің экономиканың шикізаттық емес салаларында ірі кәсіпорындарды жыл сайынғы ұзақ мерзімді кредиттеу үлесі

Холдинг
ЕДБ



Холдингтің үлесін бағалау «Шығындар-шығару» кестелеріне негізделген салааралық баланс моделінің құралдары арқылы жүргізілді. Бұл құрал өндіріс көлемі мен салалар бойынша түпкілікті сұраныстың өзгеруінің тікелей, сондай-ақ жанама әсерлерін ескеруге мүмкіндік береді.
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша экономиканың шикізаттық емес салалары кәсіпорындарының (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік және байланыс) ЕДБ алдындағы ұзақ мерзімді берешегінің көлемі 1 805 млрд.теңгені құрады. Сонымен қатар, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне тікелей кредит беру шеңберінде Холдингтің несие қоржынының көлемі 1 639 млрд теңгені немесе экономиканың шикізаттық емес секторларындағы (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік және байланыс), оның ішінде ЕДБ алдындағы кәсіпорындардың ұзақ мерзімді берешегінің жалпы көлемінде 48%-ды құрады.

ҚР ҰБ деректеріне сәйкес, есепті жылы елдегі ипотекалық несиелендірудің прогрессивті өсуі байқалды. Тұрғын үй құрылысына және сатып алуға берілген кредиттердің жалпы көлемі 568 млрд. теңгені құрады. Ипотекалық кредит беру өсімінің негізгі драйверінің бірі холдингтің еншілес ұйымы – «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ құралдары болып табылады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТҚЖБ» АҚ елдегі барлық ипотекалық қарыздардың 63%-ын бере отырып, Қазақстанның ипотекалық нарығында көшбасшы болды. Будан басқа, банк өнімдерінің желісі «ҚТҚЖБ» АҚ-ның елдің қаржы нарығындағы позициясын нығайтуға мүмкіндік берді, бұл жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдарының (30%) жалпы көлеміндегі ең көп үлесімен, сондай-ақ тұрғын үй салу және сатып алу мақсаттарына ЕДБ-ның кредиттік қоржынының жалпы көлеміндегі елеулі үлесімен (41%) расталады.

ІРІ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ ТІКЕЛЕЙ КРЕДИТ БЕРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ХОЛДИНГТІҢ НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫНЫҢ КӨЛЕМІ **1 639** МЛРД ТЕҢГЕНІ НЕМЕСЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС СЕКТОРЛАРЫНДАҒЫ (ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ, ЭНЕРГЕТИКА, КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС), ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕДБ АЛДЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БЕРЕШЕГІНІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕ **48%**-ДЫ ҚҰРАДЫ.

**1 639**
**МЛРД ТЕҢГЕ**

ҚР ҰБ ресми деректері бойынша, ұлттық валютада банктік емес заңды тұлғаларға берілген ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлемі 2018 жылы 1 348 млрд теңгені құрады,бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 6%-ға артық. Сонымен қатар, Холдинг құралдарының көмегімен ШОБ субъектілеріне берілген кредиттер көлемі («Даму» Қоры» АҚ тетіктері) қарастырылып отырған кезеңде 495 млрд теңгені құрады, бұл 2017 жылдың көрсеткішінен 10%-ға төмен. Бұл ретте, 2018 жылдың қорытындысы бойынша банктік емес заңды тұлғаларға теңгемен берілген ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлеміндегі ШОБ бастамаларын қолдау бойынша Холдинг құралдарының үлесі 37% – ды құрады (үлесі 2017 жылы - 43%). «Даму» Қоры» АҚ тетіктері арқылы берілген кредиттер көлемінің төмендеуінің негізгі себебі «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде субсидиялау мақсатына арналған бюджет қаражатының тапшылығы болды.

ҚР ҰЭМ СК мәліметтеріне сәйкес, өңдеу өнеркәсібі экспортының көлемі 2018 жылдың қорытындысы бойынша 16 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2017 жылдың ұқсас көрсеткішінен 1%-ға артық (16 млрд. АҚШ). Сонымен қатар Холдинг тетіктері арқылы («KazakhExport» ЭСК» АҚ, «ҚДБ» АҚ) отандық экспорттаушыларға қолдау көрсету шаралары ұсынылады. Атап айтқанда, 2018 жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» ЭСК» АҚ экспорттық келісімшарттар бойынша қабылданған міндеттемелер көлемі 90 млрд теңгені (2018 жылғы шикізаттық емес жиынтық экспорттың 2%) құрады, ал «ҚДБ» АҚ қолдау көрсеткен жобаларының экспорттық түсімінің көлемі (оның ішінде инвестициялық) 648 млрд теңгені (2018 жылғы шикізаттық емес жиынтық экспорттың 12%) құрады, бұл жалпы шотта Қазақстаннан шикізаттық емес экспорттың жалпы көлемінің 14%-ына сәйкес келеді.








МЛРД ТЕҢГЕ

Экономиканың шикізаттық емес салалары кәсіпорындарының ұзақ мерзімдегі берешегінің жалпы көлеміндегі Холдингтің кредиттік қоржынының үлесі (СКП тікелей кредит беру құралдары шеңберінде) (кезең соңына)




МЛРД ТЕҢГЕ

Ұлттық валютадағы банктік емес заңды тұлғаларға ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлеміндегі Холдинг құралдарының көмегімен ШОБ-қа кредит беру үлесі




МЛРД ТЕҢГЕ

Азаматтардың тұрғын үй құрылысына және сатып алуына жыл сайынғы қарыздар берудің жалпы көлеміндегі «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның үлесі

# 03

## МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

3.1.
Қызметтің қаржылық нәтижелері
3.2.
Капитал нарықтарында қаражаттарды тарту
3.3
Ірі бизнеске қолдау көрсету
3.4
ШОБ қолдау көрсету
3.5
Тұрғын үй қолжетімдігін арттыру
3.6
Экспорттық әлеуетті арттыру
3.7
Трансферт және инновацияларды енгізу
3.8
Клиентке бағдарланған тәжірибелер







# 3.1

## ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің таза табысы 35 млрд теңгені құрады. Таза пайданың қысқаруы дисконттың танылуына және «Цеснабанк» АҚ-ға қойылатын талаптарды айырбастау кезінде 48 млрд теңге сомасына резервтердің есептелуіне байланысты.

Есепті жылы холдингтің кірісі 367 млрд теңгені құрады, бұл 2017 жылғы ұқсас көрсеткіштен 11%-ға жоғары. Кірістер құрылымындағы ең үлкен салмақ пайыздық табысқа (82%) келді, олар есепті жылы 302 млрд теңгені құрады.

Холдингтің кірістері, млрд теңге




2018 жылғы кірістер құрылымы, %

| | 2018 жыл, млрд теңге | % |
|---|---|---|
| Пайыздық кірістер | 302 | 82 |
| Комиссиялық кірістер | 6 | 2 |
| Қаржы құралдарымен операциялардан түскен таза пайда | 11 | 3 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер | 2 | 1 |
| Басқа операциялық кірістер | 44 | 12 |
| Таза тапқан сақтандыру сыйлықақылары | 1 | 0 |
| **Кірістер жиыны** | **367** | **100** |

Холдингтің 2018 жылғы шығындары 2017 жылғы ұқсас көрсеткіштердің деңгейінен 13%-ға асты және 314 млрд. теңгені құрады, бұл ретте шығындардың ең көп үлесі (49%) пайыздық шығындар құрады – 155 млрд теңге.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг активтері 6%-ға өсіп, 4 719 млрд теңгені құрады. Активтер көлемінің ұлғаюы жаңа қарыздарды тартумен, жарғылық капиталдың толықтырылуымен, бөлінбеген пайданың ұлғаюымен байланысты. Есепті жылы Холдингтің міндеттемелері 3 658 млрд теңгені құрады, бұл 2017 жылғы ұқсас көрсеткіштен 8%- ға жоғары.

2018 жылы міндеттемелердің ұлғаюы оның ішінде мынадай өзгерістермен байланысты:

- 293,8 млрд теңге көлемінде борыштық бағалы қағаздарды шығару (оның ішінде 100 млрд теңге сомасына теңгемен көрсетілген еурооблигацияларды);
- 264,3 млрд теңге көлемінде кредиттерді тарту;
- «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ жеке тұлғалардың 112,6 млрд теңге көлемінде қаражатын тарту.

Жаңа қарыздарды тарту индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру, жолаушылар вагондары паркін жаңарту, отандық автоөндірушілер және жалпы корпоративтік мақсаттарға жүзеге асырылды.

Қарыз және меншікті капиталдың арақатынасы 2017 жылы 3,2-ден 2018 жылы 3,4-ке дейін артты. Ұлғаю міндеттемелердің өсу қарқынының (108%) капиталдың өсу қарқынынан (101%) озуымен байланысты.

Холдингтің капиталы негізінен 2018 жылы алынған 35 млрд теңге таза пайда есебінен 1%-ға артты.

Холдинг шығындары, млрд теңге




Активтер, млрд теңге




Міндеттемелер, млрд теңге




Капитал, млрд теңге




2018 жылғы шығындар құрылымы, %

| | 2018 жыл, млрд теңге | % |
|---|---|---|
| Пайыздық шығындар | 155 | 49 |
| Комиссиялық шығындар | 4 | 1 |
| Кредиттік қоржынның құнсыздануына арналған резерв | 5 | 2 |
| Қаржы активтерін қайта бағалаудан болған шығын | 2 | 1 |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістерді шегергендегі шығыстар | 1 | 0 |
| Басқа операциялық шығыстар | 44 | 14 |
| Өзге активтер мен міндеттемелердің құнсыздануына арналған резервтер | 55 | 17 |
| Әкімшілік шығындар | 46 | 15 |
| Сақтандыру төлемдері бойынша және сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгерістер бойынша таза шығыстар | 1 | 0 |
| **Шығындар жиыны** | **314** | **100** |

Борыш/капитал, коэф.

| Көрсеткіш | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| Борыш/капитал, коэф. | 3,4 | 3,2 | 3,4 |

ROA көрсеткішінің 0,2 базистік пунктке төмендеуі таза пайданың 20%-ға азаюымен және активтердің орташа жылдық сомасының 7%-ға өсуімен байланысты. ROE деңгейі таза пайданың төмендеуі және меншікті капиталдың орташа жылдық сомасының 6%-ға өсуі себебінен 1,1 базистік пунктке төмендеді.

Табыстылық көрсеткіштері, %

| Көрсеткіш | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROA (таза табыс / активтердің орташа жылдық сомасы) | 1,3 | 1,0 | 0,8 |
| ROE (таза табыс/меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы) | 5,4 | 4,4 | 3,3 |

# 3.2

# КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫНДА ҚАРАЖАТТАРДЫ ТАРТУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шетелдік және қазақстандық инвесторлармен, халықаралық қаржы ұйымдарымен, даму институттарымен, халықаралық компаниялармен әріптестік қарым-қатынас орнату бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

## ҚАРЫЗДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Холдинг және оның еншілес ұйымдары облигациялар шығару және қарыздар алу нысанында қарыздық қаржыландыруды тартады. 2018 жылы 503 млрд теңге тартылды, оның 65% -ы – нарықтық қарыздар және 35% -ы – мемлекеттік.




2018 жылы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінен елеулі қаражатты тарту 159,6 млрд теңге мөлшерінде шетелдік банктерден тарту және 100 млрд теңге мөлшерінде 5 жыл айналым мерзімімен және жылдық 8,95% өтеуге кірістілігімен «ҚДБ» АҚ еурооблигацияларын шығару болды. Холдингпен және оның еншілес ұйымдарымен есепті жылы ҚР Үкіметінің 104,8 млрд.теңге көлеміндегі қарыздары тартылды.
Негізінен, Холдингтің Тобымен есепті жылы қаражаттар тартылды:

- «ҚДБ» АҚ мен Қытайдың мемлекеттік даму банкі арасындағы келісім аясында 25 млрд теңге сомаға «ПКОП» ЖШС жобасын қаржыландыру үшін;
- ЕДБ-ға қаражатты орналастыру және шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын кейіннен қаржыландыру үшін ҚР Үкіметі, «Даму» Қоры» АҚ және АДБ арасындағы 12.05.2011 ж. қаржыландыру туралы негіздемелік келісімге сәйкес 24 млрд. теңге сомасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін;

31.12.2018 жылға Холдинг Тобының сыртқы қарыз алу валютасы

- Теңге
- АҚШ Доллар
- Басқа

[6]«Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу» жобасы бойынша тартылған 40,2 млрд.теңге мөлшеріндегі қарыз есепке кірмейді. Қаражат «АстанаГаз ҚМГ» АҚ үлесін сатып алуға бағытталған. Жоба бойынша нарықтық қарыздар «ҚКМ» АҚ/Холдинг балансында шоғырланбайды. Бұдан басқа, шетел валютасында тартуды есептеу кезінде кезең соңындағы бағам есепке алынады.





**65,2%**

**2018** ЖЫЛЫ ХОЛДИНГТІҢ ЖАЛПЫ ҚАРЫЗ АЛУ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ҚАРЫЗ АЛУ КӨЗДЕРІНІҢ ҮЛЕСІ ЖОСПАР БОЙЫНША **63%** АЗ БОЛМАУЫ КЕЗІНДЕ, ШАМАМЕН **65,2%**-ДЫ ҚҰРАДЫ.

- «ҚДБ» АҚ мен банктердің синдикаты арасындағы Sinosure сақтандыру өтемімен және Холдингтің кепілдігімен несие келісімі аясында «Шымкент МӨЗ реконструкциялау және жаңғырту» жобасын 225 млн. АҚШ долл. сомасында қаржыландыру үшін.

Сонымен қатар, 2018 жылдың желтоқсанында Холдинг «Қазақстан қор биржасы» АҚ жалпы көлемі 77,7 млрд теңгені құрайтын 15 жыл айналым мерзімімен облигациялардың дебюттік шығарылымын жүзеге асырды.
Тартылған қаражаттар бағытталды:

- қолданыстағы және жаңа бағдарламаларды жеңілдікті қаржыландыруға, соның ішінде «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ желісі бойынша әскери қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін (58 млрд теңге);
- «Қазақстандық Ипотекалық Компания» ИҰ» АҚ желісі бойынша ипотекалық нарықты ынталандыруға (20 млрд теңге).

Бұл ретте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясында қарыз алудың мемлекеттік емес көздерінің үлесін 2023 жылы 80%-ға дейін ұлғайту көзделген.

Тарту құралдарының қаражаттарының түрлері бойынша капитал нарықтарында тартылған қаражаттардың мөлшері

| Жыл | Шетелдік банктерден тартылған қаражаттар, долл. | Шетелдік банктерден тартылған қаражаттар, руб. | Шетелдік банктерден тартылған қаражаттар, теңге. |
|---|---|---|---|
| 2018 | 290 000 000 | 760 046 665 | 23 836 774 257 |

| Жыл | Облигациялар, теңге. |
|---|---|
| 2018 | 293 820 715 000 |

## 2018 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША МЕМОРАНДУМДАРҒА НЕМЕСЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ҰЙЫМДАР

### ҚЫТАЙ
China Development Bank
China Export & Credit Insurance Corporation «SINOSURE»
Citic Group
China Exim Bank

### ОҢТҮСТІК КОРЕЯ
Kolon Group
KIND
Korea Eximbank
KDI
K-Sure
KIC
HUG
KIAT
Hyundai
Seohyum
Elevators
Medical Partners

### ЖАПОНИЯ
Mitsubishi Co.
JBIC

### СИНГАПУР
Inventis Investment Holdings
Meinhardt Group

### АҚШ
Citi Group
US EXIM
Oppenheimer & Co

### ҰЛЫБРИТАНИЯ
Лондондық Ситиді экономикалық дамыту бойынша басқарма
UK Trade & Finannce

### ИТАЛИЯ
CDP
SIMEST
FINEST
SACE
AIDEPI
UBI
LEONARDO

### ИСПАНИЯ
COFIDES
TALGO
TYPSA
Tedagua (Grupo Cobra)
Anka Group
Eurofinsa
IDOM
E-Zhasyl

### БЕЛЬГИЯ
Van Hool

### ФРАНЦИЯ
CDC

### ГЕРМАНИЯ
Deutsche Bank
DEG – Deutsche Investitions

### САУД АРАБ КОРОЛЬДЫҒЫ
Islamic Corporation for the Development of the Private Sector

### ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ
Еуропалық инвестициялық банк

### РЕСЕЙ
«Российский экспортный центр» АҚ

### БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІ
Mubadala Investment Company
UAE International Investors Coucnil
Bin Ham Group
Azizi Group
CCC
Al Firas General Contracting
Houlihan Lokey

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ
Азиялық Даму Банкі
Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі
Дүние жүзілік Банк
Халықаралық қаржылық корпорация
Еуразиялық Даму Банкі





Есепті жылдағы серіктестермен ынтымақтастықтың бағыттары

| Серіктестің атауы | Ынтымақтастық түрі |
|---|---|
| Испания Корольдығының Сауда жөніндегі Мемлекеттік Хатшылығы | Индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды сүйемелдеу, іске асыру және бірлесіп инвестициялауға қатысты ынтымақтастыққа бағытталған өзара түсіністік туралы Меморандум |
| COFIDES | Қазақстан Республикасында ғана емес, көршілес елдерде де өзара мүдделі білдіретін экспорттық және инвестициялық операцияларды қаржыландыру жөніндегі ынтымақтастықты дамытуға бағытталған ынтымақтастық туралы Меморандум |
| Қытай экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы (China Export & Credit Insurance Corporation) «SINOSURE» | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «SINOSURE» Қытай экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы (China Export & Credit Insurance Corporation) арасындағы өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өндірісі, инфрақұрылым саласында, қызмет көрсету секторында инновацияны дамыту және басқа салаларда «SINOSURE» сақтандыру өтелімімен Холдингтік және оның ЕҰ инвестициялық жобаларын қаржыландыру үшін 800 млн АҚШ долл. сомасында сақтандыру бойынша ынтымақтастық туралы шекті келісім |
| CITIC Eurasian Capital Limited және Қытай-Еуразия экономикалық ынтымақтастық қоры | CITIC Eurasian Capital Limited және Қытай-Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық қорымен Eurasian Natural (Bright) Investment Fund құру бойынша шектеулі серіктестік туралы келісім. Құрылатын қордың жоспарланған мақсатты көлемі 500 млн. АҚШ. Қордың негізгі инвестициялары (кемінде 75%) экономиканың түрлі салаларында Қазақстан аумағында жобаларды іске асыруға, оның ішінде инфрақұрылымды, табиғи ресурстарды қайта өңдеуді, логистиканы, ақпараттық технологияларды, өңдеу өнеркәсібін және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталатын болады. |

# 3.3

# ІРІ БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

## ІРІ ЖОБАЛАР ҚОРЖЫНЫ

Холдинг құрамында өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымдағы ірі стратегиялық жобаларды қаржыландыру бойынша негізгі даму институты «ҚДБ» АҚ болып табылады.

Есепті жылы «ҚДБ» АҚ қолдауымен 6 жоба пайдалануға берілді:

- «Шымкент қаласында көлік-логистикалық орталықтың құрылысы»;

**«ҚДБ»** АҚ ҚОРЖЫНЫНДА ҚҰНЫ **5,3** ТРЛН ТЕҢГЕ БОЛАТЫН 64 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА МЕН ЭКСПОРТТЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР БАР.

**5,3**
**ТРЛН ТЕҢГЕ**

«ҚДБ» АҚ қоржынында құны 5,3 трлн теңге болатын 64 инвестициялық жоба мен экспорттық операциялар бар. «ҚДБ» АҚ кредит қоржынының мөлшері есепті кезеңде өткен жылмен салыстырғанда 8,7% - ға өсіп, 1,7 трлн теңгеге жетті. «ҚДБ» АҚ кредит қоржынының үлесі экономиканың шикізаттық емес салалары кәсіпорындарының ұзақ мерзімді берешегінің жалпы көлеміндегі 2018 жылы 48% - ды құрады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша «ҚДБ» АҚ экономикаға 443,2 млрд теңге салынған, оның ішінде:

- 329,9 млрд теңге – 17 инвестициялық жобаларды қаржыландыруға;
- 113,3 млрд теңге – 13 экспорттық (экспорт алдындағы) операцияларды қаржыландыруға.

17 инвестициялық жобалардың ішінде:

- 8 жоба Қазақстан үшін жаңа өндірістер болып табылады;
- 39 жобалар әрекет ететін кәсіпорындарды жаңартуға және кеңейтуге бағытталған.

- «Шымкент қаласында минералды су мен сусындарды құю зауытының жаңа қуаттарын салу»;
- «Павлодар облысында темір жол дөңгелектерін өндіру кешенін құру»;
- «Маңғыстау облысында дайын өнім шығару жөніндегі жобалық қуатты ұлғайта отырып, минералдық тыңайтқыштарды өндіру бойынша зауытты жаңғырту»;
- «Батыс Қазақстан облысында К5 эокласының мотор отындарын өндіру зауытын жаңғырту (2-кезең)»;
- «Ақмола облысында өнімділігі жылына 60 мың тонна бройлер өсіру бойынша құс фабрикасының құрылысы».

Сонымен қатар, 2018 жылы «ҚДБ» АҚ-мен Қырғыз Республикасындағы «Джеруй» кен орнында алтын өндіру фабрикасын салу бойынша «AAEngineering Group» ЖШС қызметтерінің экспортын қамтамасыз ету аясында 14 млрд. теңге сомасына банк кепілдігі берілді. «ҚДБ» АҚ-ы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-мен бірлесіп құрған тікелей инвестициялар қоры арқылы үлестік қаржыландыруды дамыту шеңберінде 2018 жылы «Теңізтрансгаз» ЖШС және «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС 9 млрд. теңге сомаға қаржылық қолдау көрсетілді.





2018 жыл ішіндегі «ҚДБ» АҚ қаржыландырған инвестициялық жобалар және экспорт алдындағы операциялар

| | |
|---|---|
| ЖОБАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ (ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР) | **30** |
| ЖОБАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ | **1 480** МЛРД ТЕҢГЕ |
| ХОЛДИНГТІҢ ҚАТЫСУ КӨЛЕМІ | **443** МЛРД ТЕҢГЕ |
| БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕМДЕРДІҢ ЖОСПАРЛАНАТЫН КӨЛЕМІ | **195** МЛРД ТЕҢГЕ |
| ЖОСПАРЛАНҒАН ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ЖОСПАРЛЫ ҚҰРУ | **3 030** АДАМ |

2018 жылы «ҚДБ» АҚ-мен 225 млрд. теңге сомасында 6 инвестициялық операциялар мен 3 экспорт алдындағы операциядар қаржыландыруға мақұлданған, негізінен:

- «Қарағанды қаласындағы ферросилиция өндіру бойынша зауыттың құрылысы»;
- «ОҚО 20 МВт қуатпен «Жылға» күн электр станциясының құрылысы»;
- «Астана халықаралық әуежайының жолаушылар терминалын қайта құрылымдау» жобасы бойынша қарыз сомасын арттыру;
- «Мақат-Маңғышлақ учаскесінде талшықты-оптикалық байланыс желісінің аппараттық-бағдарламалық кешенінің құрылысы»;
- «К5 экокласының мотор отынының өндірісі (2-ші кезең)»;
- Автокөлік аккумуляторларын, өсімдік майын, күмістен және мыстан жасалған өнімдерді сату бойынша экспортқа дейінгі қаржыландыру.

### ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДА ФЕРРОСИЛИЦИЙ ӨНДІРУ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Жоба 2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ аясында жүзеге асырылуда. Даму Банкі берген қаржыландыру ғимараттар мен құрылыстарды салуды, сондай-ақ жабдықтарды сатып алуды, жеткізуді және монтаждауды қоса алғанда, құрылыс-құрастыру жұмыстарына бағытталатын болады. Шығарылатын өнім ферросилиций – темір мен кремний қорытпасы болады. Кәсіпорында өндірілетін ферросилицияның негізгі көлемі экспортқа шығарылатын болады.

### ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ҚУАТЫ 20 МВТ «ЖЫЛҒА» КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Электр станциясының құрылысы 77 000-нан астам фотоэлектрлік модульдерді, 10 инвертор мен трансформаторларды, сондай-ақ 10 тарату құрылғыларын орнатуды көздейді. Түркістан облысында күн электр станциясын салу жобасы жобалық қаржыландыру сияқты құралды пайдалана отырып, Даму Банкі қаржыландыратын алғашқы жоба болып табылады.

2018 жылы лизингтік бағыт шеңберінде 54 млрд. теңге жалпы қаржыландыру сомасына 74 лизингтік мәміле қаржыландыруға мақұлданды, оның ішінде 44 млрд.теңге сомасына мәмілелер қаржыландырылды, оның ішінде «ҚДБ-Лизинг» АҚ қаражаты есебінен – 38,1 млрд. теңге. 2018 жылдың қорытындысы бойынша «ҚДБ-Лизинг» АҚ лизинг қоржынының көлемі 192,8 млрд теңгені құрады.

2018 жылы лизинг құралы есебінен «Жетісу» авиакомпаниясы» АҚ өтінімі бойынша қаржы лизингіне беру үшін екі әуе кемесін сатып алу, «КСМ Техновид» ЖШС өтінімі бойынша энерготиімді сәулет қасбеттері зауытының құрылысы, «Зерде-Керамика Ақтөбе» ЖШС өтінімі бойынша Ақтөбе қаласында керамогранит және керамикалық плитка өндіру зауытының құрылысы және басқа да жобалар сияқты инвестициялық жобаларды қаржыландыру ашылды.

Холдинг еншілес ұйым – «ҚКМ» АҚ арқылы ТИҚ арқылы өсудің әртүрлі сатыларында компанияларға үлестік қаржыландыруды ұсынады. ТИҚ пайыздар мен негізгі борыш төлемдерімен ауыртпалық салынбаған «ұзын инвестицияларды» ұсынады. Экономиканың транспаренттілігін арттыруға, корпоративтік басқару стандарттарын енгізуге ықпал етеді,сондай-ақ жергілікті қызметкерлердің тәжірибесін арттыруға ықпал етеді. Капиталға инвестициялай отырып, ТИҚ қоржындық компанияның акционерлері сияқты барлық тәуекелдерін қабылдайды.

«ҚКМ» АҚ жұмыс істеген жылдары Қазақстанға ТИҚ арқылы институционалдық инвесторлар, халықаралық даму институттарының егеменді қорлары және үлкен тәжірибесі бар ірі жеке инвесторлар атынан түрлі ірі серіктестер тартылды. Серіктестердің қатарында — Еуропалық Қайта Құру және даму банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы (IFC), CITIC Group, «РОСНАНО» АҚ, Азия Даму Банкі (ADB), Еуразиялық Даму Банкі, Жапонияның Даму Банкі (DBJ), «ҚДБ» АҚ, CIM банк, MacquarieGroupLimited, Mubadala, FMO Entrepreneurial Development Bank және басқа да инвесторлар бар.

2018 жылдың соңында «ҚКМ» АҚ қоржыны 2 318 млн. АҚШ долл. жалпы капиталдандырумен 13 ТИҚ-тан тұрды. «ҚКМ» АҚ қорларға инвестициялар көлемі 2018 жылы 48,5 млрд теңгені құрады. 2018 жылы «ҚКМ» АҚ қатысуымен қорлар Қазақстан Республикасының аумағында 5 жобаны инвестициялады. Инвестициялар негізінен Қазақстан Республикасының көлік және логистика және энергетика саласына бағытталды. «ҚКМ» АҚ-ның жобадағы үлесі 120 млн. АҚШ долларын немесе 46 млрд теңгені құрады.

2019 жылы Холдинг жалпы құны 2 трлн теңге болатын 12 жобаны іске қосуды жоспарлап отыр, оның ішінде мұнай машина жасау зауытын дамыту және Атырау облысында мұнайды терең өңдеу кешенін салу, Қарағанды облысында ферросилиций өндіру зауытын салу, Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту және қайта жаңарту және басқа да жобалар. Сондай-ақ келесі құралдарды дамыту жоспарланған:

- Облигациялық қарызды беру арқылы борыштық қаржыландыру;
- жобалық қаржыландыру;
- мемлекеттік-жеке әріптестік;
- үлестік қаржыландыру.



### ІРІ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

**2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы («ИИДМБ»)**

ИИДМБ жүзеге асыру мақсатында «ҚДБ» АҚ жалпы сомасы 225 млрд теңгеге ИИДМБ жобаларын қаржыландырудың жеке бағдарламасын бекітті, оның 75 млрд теңгесі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты (бұдан әрі – ҚР ҰҚ) (2014 жылы бөлінген), 150 млрд теңгесі – «ҚДБ» АҚ қарыз қаражаты. 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 225 млрд теңге игерілді, аталған қаражаттардың есебінен 13 жоба қаржыландырылды.

ИИДМБ ары қарай іске асыру шеңберінде республикалық бюджеттен (бұдан әрі - РБ) 2016 жылдың қазан айында «ҚДБ» АҚ 75 млрд теңге, 2017 жылдың сәуір айында – 80 млрд теңге, 2018 жылы -12 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражат «ҚДБ» АҚ нарықтан 167 млрд теңге сомаға тартылған қаражаттармен біріктірілді. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ИИДМБ аясында РБ қаражатын тарта отырып, «ҚДБ» АҚ 154 млрд теңге сомаға 7 инвестициялық жобаны мақұлдады. «ҚДБ» АҚ келесі инвестициялық жобаларды іске асыруға қаржылық қолдау көрсетуде:

- «Шымкент МӨЗ қайта құру және жаңғырту»;
- «Жылына 5 млн тонна кен қуатымен полиметалл кендерін қайта өңдеу бойынша КБК құрылысы»;
- «Күш трансформаторларын өндіретін зауыт құрылысы»;
- «Қарағанды кешенді қорытпалар зауытының құрылысы»;
- «Қарағанды қаласында жылына 96 000 тонна өндіру көлемімен ферросилиций өндіру зауытын салу»;
- «К5 экокласының мотор отынын өндіру (2-кезең)».

Іске асырылып жатқан жобалар Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуына негіз жасай отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай әсер етеді. 2016-2018 жылдар аралығында қолданыстағы қуаттарда ИИДМБ 11 жобасы іске қосылып, 251 млрд теңгенің дайын өнімі сатылды, оның ішінде экспорттық түсім 43,4 млрд теңгені құрады. Аталған кәсіпорындарда бюджетке салық төлемдерінің көлемі 22,5 млрд теңгеге жетті. Жаңа индустриялық қуаттарды іске қосу 2 947 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

**«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы**

2015 жылдан бастап ірі бизнес субъектілерін қолдау аясында 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ЕДБ қайта игеруді ескере отырып, 127 млрд теңге сомасына өңдеу өнеркәсібіндегі 115 жобаны қаржыландырды.

2015 жылдан бастап екінші деңгейлі банктер отандық автокөліктерді өндіруді қолдау аясында қазақстандық өндірушілердің автомобильдерін сатып алу үшін 47 млрд теңге сомасында 11 мың несие берді. Қолжетімді автокредиттеу жаңа отандық автокөліктерді сату көлемін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Бүгінде елімізде өндірілген әрбір 6-шы жаңа автокөлік жеңілдетілген автокредиттеу бағдарламасы бойынша іске асырылуда.

«ҚДБ-Лизинг» АҚ арқылы отандық автоөндірушілерді лизингтік қаржыландыру шеңберінде автоөндірушілер бөлінісінде екінші рет игеруді ескере отырып, нақты игерілген қаражат сомасы 8 млрд теңгені құрады. Жалпы алғанда 735 бірлік отандық автотехника берілген.

Жолаушылар вагондарын өндіруді қолдау аясында 2015 жылғы 31 шілдеде «ҚДБ» АҚ «Лизингтік жолаушылар вагон компаниясы» АҚ-мен 28 «Тальго» жолаушылар вагонын сатып алу үшін 5 млрд.теңге сомаға банктік қарыз шарты жасалды.

Отандық экспорттаушыларды қолдау аясында «ҚДБ» АҚ және «ҚДБ-Лизинг» АҚ 17 экспорттаушылардың экспорттық операцияларын мақұлдады, револьверлік игеруді есепке алғанда 316 млрд теңге игерілді.

# 3.4

# ШОБ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

«Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы – «Даму» Қоры» АҚ – ШОБ дамыту бағдарламасының негізгі операторы. «Даму» Қоры» АҚ-ның 2016-2018 жылдары негізгі құралдар бойынша бөлінген жобаларға келесі қолдау көрсетті:

- «Субсидиялау» құралы бойынша: сомасы 806 млрд теңге болатын 5 901 жобаға қолдау көрсетілді;
- «Кепілдік беру» құралы бойынша: 135 млрд теңге сомасына 4 222 жобаға қолдау көрсетілді;
- «Қаражатты шартты орналастыру» құралы бойынша: 751 млрд. теңгеге 37 106 жобаға қолдау көрсетілді.

Атап айтқанда, 2018 жылы үш құрал бойынша 537 млрд. теңгеге 22 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілді. Осылайша, «Даму» Қоры» АҚ қолдауымен ШОБ несиелендіру үлесі 2018 жылы 37% - ды құрады.

**Негізгі құралдар бөлігінде қолдау көрсетілген жобалар**

| Қолдау көрсету құралы | 2018 жыл | | | 2019 жыл |
|---|---|---|---|---|
| | Жобалардың саны | | Кредиттердің сомасы, млрд теңге | Жобалардың саны |
| | Жоспар | Факт | Факт | Жоспар |
| Қаражатты шартты орналастыру бағдарламасы | 8 303 | 18 656 | 273 | 9 356 |
| Субсидиялау | 1 156 | 1 470 | 198 | 1 156 |
| Кепілдік беру | 3 900 | 1 950 | 66 | 4 100 |

2019 жылы «Даму» Қоры» АҚ ШОБ 15 мың жобаларына қолдау көрсетуді жоспарлап отыр, оның ішінде:

- ЕДБ-де қаражаттарды шартты орналастыру бағдарламасы бойынша 9 356 жобалар;
- «Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасының аясында субсидиялау бойынша 1 156 жаңа жобалар;
- Кепілдік беру бойынша 4 100 жаңа жобалар.

## МИКРО- ЖӘНЕ ШАҒЫН БИЗНЕС СЕГМЕНТІН ДАМЫТУ

«Даму» Қоры» АҚ өзінің 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы аясында микробизнесті кредиттеуді кеңейтуге, микроқаржылық ұйымдар мен кредиттік серіктестіктерді қолдау құралдарын әзірлеуге және іске асыруға ұмтылады. Микроқаржылық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту есебінен «Даму» Қоры» АҚ клиенттері құрылымындағы микро және шағын кәсіпкерлердің үлесін ұлғайту болжанып отыр. Осыған байланысты «Даму» Қоры» АҚ кредит қоржынында МҚҰ үлесі айтарлықтай өсті – 2017 жылғы 2%-дан 2018 жылы 12%-ға дейін.





**Микробизнесті кредиттеуді кеңейту бойынша көрсеткіштер динамикасы**

| | 2017 | 2018 |
|---|---|---|
| «ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ КРЕДИТ ҚОРЖЫНЫНДАҒЫ МҚҰ ҚОРЖЫНЫНЫҢ ҮЛЕСІ | 2 % | 12 % |
| ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛГЕН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫНАН МИКРО- ЖӘНЕ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ | 78 % | 90 % |

Қаражатты шартты орналастыру бағдарламасы аясында «Даму» Қоры» АҚ-да микро- және шағын бизнес сегментін дамытуға бағытталған бағдарламалар бар, олар МҚҰ-дан қаражат тарту есебінен де, өз қаражаты есебінен де іске асырылады.

**Микро- және шағын бизнес сегментін дамытуға бағытталған бағдарламалар бойынша 2018 жылы кредиттердің жалпы сомасы**

| Бағдарлама | Қарыз алушылардың саны | Кредиттердің жалпы сомасы, млрд теңге |
|---|---|---|
| АДБ ШОКС қаржыландыру бағдарламасы (4-ші транш) | 13 529 | 40 |
| ЕҚҚДБ әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыру бағдарламасы (4-ші транш) | 1 947 | 1 |
| МҚҰ микро- және шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бағдарламасы | 24 | 0,2 |

2018 жылы Еуропалық Қайта құру және даму банкінен 45 млн. АҚШ доллары мөлшерінде «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін «Даму» Қоры» АҚ кепілдігімен қаражаттар тартылды, оның ішінде 23 млн. АҚШ доллары нақты орналастырылды. Сондай-ақ «Kassa Nova Bank» АҚ 6 млн. АҚШ доллары сомасында екінші траншын тарту жүзеге асырылды. 2018 жылы қаражатты орналастыру көлемі құрды:

- Микро-, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру бағдарламасын іске асыру үшін 9 млрд теңге;
- ЕҚҚДБ «Бизнестегі әйелдер» Бағдарламасын іске асыру үшін 2 млрд теңге.

## КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚАРЖЫЛАЙ ЕМЕС ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

«Даму» Қоры» АҚ-да 2015-2018 жылдарға арналған Кәсіпкерлік құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасының «Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтан қолдау» жобасы аясында ісін жаңа бастаған және жұмыс істейтін кәсіпкерлерге арналған курстар әзірленді. Жоба Қазақстан өңірлерінде кәсіпкерлік бастамасы бар халықтың белсенділігін ынталандыруға және құзыретін арттыруға бағытталған. Жоба аясында кәсіпкерлік негіздеріне, бизнесті жүргізу бойынша түрлі тақырыптық курстарға қашықтықтан оқыту қарастырылған.

қызметтер көрсетуге бағытталған кәсіпкерлерді қолдаудың мобильді орталықтары бар. Барлық көрсетілетін қызметтер ақысыз негізде көрсетіледі. 2018 жылы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлерімен 6 410 жоба сүйемелденіп, 34 603 кеңес берілді.

2018 жылы «Даму» Қоры» АҚ-ы «STARTTIME» ЖШС-мен бірлесіп start-time.kz. платформасында краудфандинг жобасын іске қосты Платформа идеялардың авторларына оларды іске асыруға қаражат алуға көмектеседі.

### 2018 ЖЫЛЫ ПЛАТФОРМАДА ЕКІ ЖОБА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН, ОЛАР ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА СӘТТІ ЖАБЫЛДЫ:

| | | | |
|---|---|---|---|
| **АТЫРАУ** ҚАЛАСЫНАН ЖОБА – АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ **«СЕНІМ»** СПОРТТЫҚ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНА ЖЫЛЫТҚЫШТЫ САТЫП АЛУ ҮШІН ҚАЖЕТ | ЖОБАНЫҢ СОМАСЫ | ₸ 100 000 | |
| | ЖИНАЛДЫ | ₸ 129 500 | 130% |
| **ҚЫЗЫЛОРДА** ҚАЛАСЫНАН ЖОБА – ЕМ-ШАРА КАБИНЕТІН АШУҒА АҚША ЖИНАУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ. | ЖОБАНЫҢ СОМАСЫ | ₸ 1 243 000 | |
| | ЖИНАЛДЫ | 100% | |

2018 жылы қашықтықтан оқыту порталында қазақ және орыс тілдерінде барлығы 5 курс болды: 4- әрекет етуші кәсіпкерлер үшін, және 1 – жаңа бастағандар үшін. Оқудан өткендердің жалпы саны 7 219 адамды құрады.

Еліміздің әр түрлі аймақтарында «Даму» Қоры» АҚ-ның 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа мемлекеттік қолдау шараларын көрсетеді. Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне және ауылдық елді мекендердің кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарына кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау құралдары бойынша көшпелі ақпараттық және консультациялық

start-time.kz краудфандинг платформасының басты бетінде «Даму» жобалары» жеке санаты әзірленді және жұмыс істейді. «Даму» Қоры» АҚ қолдауымен краудфандинг және жобаларды платформада орналастыру бойынша консультациялар және/немесе ақпараттық-талдамалық қолдау көрсетіледі, жобаларды ілгерілету мақсатында іс-шаралар жүзеге асырылады. Сонымен қатар, «Даму» қоры кәсіпкерлерге қол жетімді краудфандинг мүмкіндіктері туралы ақпаратты таратады.





## «ҚАЗАҚСТАНДА ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ ҮШІН ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

2017 жылы Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі мен «Даму» Қоры» АҚ Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының қатысуымен «Қазақстандағы Төмен көміртекті даму үшін тұрақты қалалар» жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасының қалалық инфрақұрылымының энерготиімділігіне инвестицияларды ынталандыру тетігін іске асыру үшін Жаһандық Экологиялық Қордың 3 млн АҚШ доллары (1 млрд. теңгеге баламалы) сомасында өтеусіз грантын тарту жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

2018 жылы 5,2 млрд теңге сомасына 68 жоба мақұлданды, оның ішінде 825,7 млн теңге сомасына 6 жоба бойынша субсидиялау шарттарына қол қойылды. Төленген субсидия сомасы 3,2 млн теңгені құрады.

2019 жылдың бірінші тоқсанында 10-13 жобаларға қол қою жоспарланған.

| | |
|---|---|
| **Жобаның атауы** | «Transport tower» кешенінің әкімшілік-технологиялық ғимаратының жарықтандыру жүйесін жаңарту және пайдалану |
| **Қарыз сомасы** | 34 млн теңге<br>Мөлшерлеме -14,5%<br>Субсидияланады- 10%<br>Субсидиялау мерзімі – 2 жыл |
| **Әсер** | Жылдық энергия тұтыну – 1,1 млн кВт немесе жылына 16,5 млн тг.).<br>Үнемдеу әлеуеті 52%, немесе 8,6 млн теңге.<br>Сынған шамдарды жыл сайынға сатып алу - 1,7 мың бірл. Үнемдеу әлеуеті 1,3 млн тг.<br>$CO_2$ азайту – 6 жыл ішінде 3 077 тонна |

| | |
|---|---|
| **Жобаның атауы** | Қалалық жылумен жабдықтау секторында 1960 жылы салынған ескі қазандықтың орнына 7,5 мВт қуатпен жаңа жергілікті қазандықтың құрылысы |
| **Қарыз сомасы** | 77 млн теңге<br>Мөлшерлеме -14,5%<br>Субсидияланады - 10%<br>Субсидиялау мерзімі - 3 жыл |
| **Әсер** | Қоршаған ортаға ең төменгі деңгейдегі залал.<br>Маусым үшін отынға және электр энергиясына жұмсалған шығындар сомасы– 27,1 млн тг. Жаңа қазандықпен - 14,4 млн теңге. Үнемдеу әлеуеті - 47%<br>$CO_2$ азайту – жылына 3 004 тонна |

# 3.5

# ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОЛЖЕТІМДІГІН АРТТЫРУ

«Бәйтерек» холдингі «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасының бірыңғай операторы болып табылады. Осы рөлде Холдинг тұрғын үй саясатын іске асырудың түйінді бағыттарын жүзеге асырады: кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландырудан бастап ипотекалық қарыздардың қолжетімділігін арттыруға дейін.

Холдинг мынадай бағыттарды іске асыру арқылы халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етеді:

- ЖАО облигацияларын сатып алу тетігі арқылы ЖАО кредиттік тұрғын үй салуды қаржыландыру;
- ипотекалық кредиттеудің қолжетімділігін арттыру;
- жеке салушылардың тұрғын үй салуын ынталандыру;
- бұрын қабылданған бағдарламалар шеңберінде тұрғын үй құрылысын аяқтау («Нұрлы жол», «ӨДБ-2020»).

### ЖАО ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ ТЕТІГІ АРҚЫЛЫ ЖАО КРЕДИТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2017 жылдан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрғын үй салуды тікелей қаржыландырудан ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы ғана қаржыландыру нарықтық тетіктерге толығымен көшті.

Осы бағыттың операторы «Бәйтерек девелопмент» АҚ болып табылады. Барлық қаржы қаражаттары, сондай-ақ жобаларды іріктеу, салушыларды анықтау, құрылыс барысын игеру және мониторингілеу жөніндегі функциялар ЖАО-ға берілді.

ЖАО облигацияларын сатып алу тетігі арқылы кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру әрбір екі жыл сайын "революциялық" қағидат бойынша қаражатты айналдыруға және ресурстарды қосымша бөлусіз жаңа құрылысқа қайта жіберуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте құрылысты қаржыландыру және салынған тұрғын үйді өткізу белгіленген бағалар бойынша жүзеге асырылады: Астана, Алматы, Атырау, Ақтау қалалары үшін - 1 м2 үшін 180 мың теңгеге дейін, қалған өңірлерде - 1 м2 үшін 140 мың теңгеге дейін.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2018 жыл бойынша облигацияларды сатып алудың индикативтік жоспары 100,9 млрд теңгені құраған, бұл ретте 98,0 млрд теңге сомаға бұйрықтар шығарылған. Қызылорда облысының әкімдігі 2,8 млрд теңгенің облигациясынан ресми түрде бас тартты. Нәтижесінде 2018 жылы «БД» АҚ 98,0 млрд теңгеге немесе жоспардың 100% облигация сатып алды.

2016 жылдан бастап барлығы 208,0 млрд теңгеге ЖАО облигациялары сатып алынды.

2019 жылға арналған жоспар 108,8 млрд теңгені құрайды.

ЖАО облигацияларын сатып алу көлемі

| Көрсеткіш | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ЖАО облигациялары сатып алынды, млрд теңге | 38,2 | 71,8 | 98,0 |

Астана қаласындағы үлестік құрылыстың проблемалық нысандарын аяқтауға 2018 жылы «Бәйтерек девелопмент» АҚ «Елорда Құрылыс Компаниясы» ЖШС арқылы 20 млрд теңге немесе жоспардың 100% жіберді. 2019 жылға арналған жоспар да сондай-ақ 20 млрд теңгені құрайды.

«ҚТҚЖБ» АҚ өз кезегінде жеңілдікті тұрғын үй қарыздарын беру арқылы өз салымшылары үшін ЖАО салған тұрғын үйге сұранысты және өткізуді ынталандырады. 2018 жылғы 31 желтоқсанда «ҚТҚЖБ» АҚ жүйесінде 624,2 млрд теңге жинақтау сомасымен 1 297 мың шарт болды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТҚЖБ» АҚ елдегі ЕДБ жалпы ұзақ мерзімді салымдарының 29% үлесі бар ұзақ мерзімді салымдар бойынша банктер арасында бірінші орында болған.





«ҚТҚЖБ» АҚ жұмысының негізгі көрсеткіштері

| Көрсеткіш | 2016 | 2017 | 2018 | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | факт |
| Жинақтаулар көлемі, млрд теңге | 407 | 520 | 598,8 | 624,2 |
| Жаңа шарттардың саны, мың бірлік | 292 | 352 | 290 | 386 |
| Берілген қарыздардың саны, мың бірлік | 15,9 | 28,7 | - | 38,3 |
| Берілген қарыздардың жалпы сомасы, млрд теңге | 148 | 243 | 290 | 360 |

«ҚТҚЖБ» АҚ қызметінің бүкіл кезеңінде (2005 жылдан бастап) 1,3 трлн теңгеге 226,4 мыңнан астам қарыз берілді. 2018 жылы РБ-дан 24 млрд теңге көлемінде алынған бюджет қаражаты толық көлемде игерілді. 2018 жылдың желтоқсанында РБ-дан 15 млрд теңге көлемінде қосымша бюджеттік кредит берілді, оның 4 млрд теңгесі игерілді, бұл ретте кредит шартына сәйкес игеру кезеңі 17 жылды құрайды. 2019 жылға арналған қарыз беру жөніндегі жоспар 320 млрд теңгені құрайды.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңнамаға әскери қызметшілерге алынатын тұрғын үй төлемдері есебінен «ҚТҚЖБ» АҚ-да жинақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді. 67 мыңнан астам әскери қызметші өз баспанасымен қамтамасыз етіледі, 25 жыл ішінде бюджет үнемдеу 824 млрд теңгені құрайды.

2018 жылы «ҚТҚЖБ» АҚ-ға жалпы сомасы 34,2 млрд теңгеге жеңілдетілген ипотека алуға 2 250 өтінім берілді.

### ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТТЕУДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Осы бағыт аясында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасында халыққа ЕДБ беретін ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін қаражаттандыру тетігі көзделген. Оператор «ҚИК» АҚ болып табылады, ол 2017 жылдың мамырынан бастап (тетікті іске қосқан сәттен бастап) 10 жыл ішінде ЕДБ жылдық 16% дейін беретін нарықтық ипотека бойынша жылдың 6% дейін ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қаражаттандырады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша ЕДБ осы бағдарлама бойынша 36,2 млрд теңге сомаға халықтан өтінімдерді мақұлдады.

Сонымен қатар, «7-20-25» жаңа ипотекалық бағдарламаның енгізілуіне байланысты бұл бағыт «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасынан 2018 жылдың 22 маусымынан бастап алынып тасталды. «ҚИК» АҚ мақұлдаған халыққа ипотеканы қаражаттандыру жөніндегі өтінімдер міндеттемелер толық орындалғанға дейін 10 жыл бойы сақталады. Жыл сайын РБ-дан 1,6 млрд теңге бөлінеді.

### ЖЕКЕ САЛУШЫЛАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУЫН ЫНТАЛАНДЫРУ

Осы бағыт аясында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасында ЕДБ беретін жеке салушылардың кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін қаражаттандыру тетігі көзделген. Оператор «Даму» Қоры» АҚ болып табылады, ол 3 жыл ішінде жылдық

14%-ға дейін кредиттер бойынша жылдық 7% қаражаттандырады.[7]

2017-2018 жылдары ЕДБ-ға 87,2 млрд теңгеге барлығы 99 өтінім келіп түсті, оның ішінде:

- АҮК 59 млрд теңгеге 65 өтінімді мақұлдады;
- «Даму» Қоры» АҚ 54,4 млрд теңге сомаға 55 жобаға қол қойды.

2019 жылға арналған қаржыландыру портфель жоспары 67 млрд теңгені құрайды.

[7] ЕДБ-нің қаржыландырылатын кредиті бойынша сыйақы мөлшерлемесі қаржыландыру туралы шешім қабылдау сәтінде қолданыстағы ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінен 5%-дан аспауға тиіс.

Қаржыландырылған кредиттердің саны мен көлемі

| Көрсеткіш | 2017 | | 2018 | |
|---|---|---|---|---|
| | Саны, бірл. | Сомасы, млрд теңге | Саны, бірл. | Сомасы, млрд теңге |
| Түскен өтінімдердің барлығы, олардың ішінде: | 37 | 47,3 | 62 | 39,9 |
| АҮК мақұлдаған өтінімдер | 24 | 30,1 | 41 | 28,9 |
| «Даму» Қоры» АҚ қол қойған жобалар | 23 | 30 | 32 | 24,4 |

### БҰРЫН ҚАБЫЛДАНҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР АЯСЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН АЯҚТАУ («НҰРЛЫ ЖОЛ», «ӨДБ-2020»)

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Холдингтің еншілес ұйымдары «ҚИК» ИК» АҚ және «Бәтерек девелопмент» АҚ 2018 жылы бұрын қабылданған бағдарламалар аясында («Нұрлы жол», «ӨДБ-2020») тұрғын үй құрылысын толық аяқтады.

«ҚИК» ИК» АҚ және «Бәтерек девелопмент» АҚ 2018 жылы жалдамалы және кредиттік тұрғын үй  бойынша 132,4 мың шаршы м (2 322 пәтер) өткізді.

Аяқталған тұрғын үй құрылысының көлемі

| Көрсеткіш | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоспар | факт |
| Тұрғын үй салынды, мың. $м^2$ | 425,5 | 456,8 | 629,3 | 114 | 132,4 |
| Пәтерлер өткізілді, бірл. | 7 234 | 8 029 | 10 829 | - | 2 322 |

### ҮЛЕСТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚОЛДАУ

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңның күшіне енуіне байланысты «ТҚКҚ» АҚ 2016 жылғы 10 қазаннан бастап тұрғын үй құрылысына үлестік салымдарды кепілдендіруге кірісті.

Осы мақсаттар үшін 2016-2017 жылдары РБ-дан жалпы сомасы 20 млрд теңгеге «ТҚКҚ» АҚ-ны капиталдандыру жүзеге асырылды.

Құрал іске асырылған сәттен бастап барлығы 65 млрд теңгеге кепілдік берілді. 2019 жылға арналған жоспар – 70 млрд теңге.

Үлестік құрылыс объектілері бойынша берілген кепілдіктердің көлемі

| Көрсеткіш | 2017 | 2018 | |
|---|---|---|---|
| | | жоспар | факт |
| Берілген кепілдіктердің сомасы, млрд теңге | 9,4 | 40,1 | 56,4 |





# 3.6

# ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

Экспортты қолдау Холдингтің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. 2017 жылдың наурызынан бастап Холдингтің еншілес ұйымы – «KazakhExport» ЭСК» АҚ ұлттық компания мәртебесін алып, қаржы құралдарының кең жиынтығы бар экспортты қаржылық қолдаудың бірыңғай орталығына айналды.

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКСПОРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ-САҚТАНДЫРУШЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

Осы бағыттың мақсаты – отандық экспорттаушыларды қолдаудың қаржылық және сервистік шараларын жетілдіру болып табылады.

Қаржылық қолдау шараларын жақсарту мақсатында «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның мемлекеттік кепілдікті алуы, экспорттық кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қаржыландыру және «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ны қосымша капиталдандыру болжануда. Бұл шаралар жаңа сақтандыру міндеттемелерін қабылдау және «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметін кеңейту аясында қаржылық тұрақтылықты қолдауға бағытталған.

«2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес 2019-2020 жылдары «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ны капиталдандыруға 68 млрд теңге мөлшерінде қаражат бекітілген:

- 2019 жылы 34 млрд теңге;

- 2020 жылы 34 млрд теңге.

2018 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ҚЭН) әзірледі, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің (қазір - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі) оң салалық қорытындысы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің оң экономикалық қорытындысы алынды.

2018 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ға мемлекеттік кепілдік беру мақсатында Қазақстан Республикасының Парламенті мақұлдаған Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне түзетулер пакеті әзірленді. Түзетулер 2019 жылдың 2-тоқсанында күшіне енеді деп күтілуде.

2018 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне қазақстандық өнімді экспорттау кезінде қаржылық қызметтер бойынша сыйақы мөлшерлемесін қаржыландыру түрінде жеке кәсіпкерлікке қаржылық қолдау көрсету туралы норманы заңнамалық бекіту мәселесін пысықтау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар берілді.

2016-2017 жылдары «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ны жалпы сомасы 28 млрд теңгеге капиталдандыру салдарынан 2018 жылдың нәтижелері бойынша қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандырушылық қолдау көрсеткіштері айтарлықтай өсті. Осылайша, қабылданған міндеттемелер көлемі 2 еседен астам, 40 млрд теңгеден 90 млрд теңгеге дейін өсті. Ұсынылған сауда және экспорт алды қаржыландыру көлемі тиісінше 3-тен 10 млрд теңгеге дейін және 5-тен 7 млрд теңгеге дейін артты.

Қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандырушылық қолдауды дамыту, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2016 | 2017 | 2018 | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | Факт |
| Қабылданған міндеттемелердің көлемі | 19 485 | 40 087 | 79 531 | 90 197 |
| Берілген сауданы қаржыландыру көлемі | 808 | 2 454 | 14 000 | 10 265 |
| Ұсынылған экспорт алды қаржыландыру көлемі | 470 | 4 803 | 5 000 | 6 911 |

2018 жылдың қорытындылары бойынша «KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдаған экспорттық келісімшарттардың сомасы 419,8 млрд теңгені құрады.

2018 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінде 50-ден астам экспорттаушы-өндіруші «KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауына ие болды, олардың ішінде 27 кәсіпорын алғашқы рет қолдау алды.

2018 жылы өңдеуші өнеркәсіптің келесі салаларының кәсіпорындары қаржы-сақтандырушылық қолдау алды:

- Машина жасау («Қайнар АКБ» ЖШС, Кентау және Орал трансформатор зауыттар, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, Hyundai Trans Auto Казахстан, «КЭМОНТ» АҚ, «Karlskrona LC AB» ЖШС);
- Азық-түлік өнеркәсібі («Raimbek-Group» АҚ, RG brands, «Рахат» АҚ, «Баян Сұлу» АҚ, «Алматинский продукт» ЖШС, «Eurasian Foods Corporation» Холдингі, «Молпродукт» ЖШС, «Аралтұз» АҚ, «Тұлпар» фирмасы ЖШС, «Шымкентмай» АҚ, EXPO FOOD, «Айсберг ПВ» ЖШС, «Юникс» ЖШС, «Орал құс фабрикасы» ЖШС);
- Химия саласы («Полимер Продакшн» ЖШС, «HILL CORPORATION» ЖШС) және т.б.

Қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттардың сомасы, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2016 | 2017 | 2018 | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Жоспар | факт |
| Қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттардың сомасы, млн теңгемен | 92 828 | 196 137 | 200 000 | 419 778 |

2018 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметтер экспортын қолдауды жалғастырды. Осылайша, 2018 жылы Грузиядағы автожол құрылысына келісімшарт жасау үшін «IntegraConstructionKZ» ЖШС компаниясына қолдау көрсетілді. Сондай-ақ төрт банк кепілдігін ұсынуды талап ететін екі келісімшарт жасалды. Құрылыс компаниясы банктен осындай кепілдіктерді алу үшін қатты кепілдіктерді ұсыну талап етілді[6]. Қатты кепілдіктердің орнына банкке «KazakhExport» ЭСК» АҚ-дан сақтандыру қорғауы ұсынылды. «KazakhExport» ЭСК» АҚ осы кепілдіктер бойынша қабылдаған сақтандыру міндеттемелерінің жалпы сомасы – шамамен 10 млрд теңге.

Экспортты қолдау құралдарын жетілдіру мақсатында 2018 жылы «Пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндерін және есеп айырысу әдістемелерін және белгілі бір күнге банк капиталы мөлшерінің сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерін және есеп айырысу ережесін және ашық валюталық позиция лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына қарызды ерікті сақтандыру шартын кепілдің қатты түріне жатқызу жөнінде өзгерістер енгізілді.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ ұлттық компанияның сақтандыру өтемі бойынша Қазақстаннан тауарларды сатып алу үшін «ұзын арзан» ресурстарды тарту бөлігінде Ресей, АҚШ, Германия және басқа да елдердің тәжірибесін қабылдауды жоспарлап отыр.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ

Осы бағыттың мақсаты – шағын және орта бизнеске және басым салаларға назар аудара отырып, өңірлік және шетелдік қатысу жолымен «KazakhExport» ЭСК» АҚ туралы танымалдылықты және хабардарлықты арттыру және экспорттаушыларға қаржылық қолдау көрсету көлемін ұлғайту болып табылады.

2018 жылы Қазан және Сиань қалаларында өкілдердің кеңселері ашылды, сондай-ақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ ұйымдастырушылық құрылымының жаңа редакциясы аясында шетелдік өкілдердің 4 штаттық бірлігі көзделген.

Бұдан басқа, 2018 жылы әлеуетті шетелдік импорттаушылар мен қазақстандық тауар өндірушілердің бизнес-байланыстарын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар өткізілді.

Қысқа мерзімді келешекте «KazakhExport» ЭСК» АҚ Ресей Федерациясында (Мәскеуде, Новосибирскте, Екатеринбургта), Қытай Халық Республикасында, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Өзбекстанда, Белоруссияда, Грузияда, Әзербайжанда және Иранда өңірлік кеңселерді ашуды жоспарлап отыр.

[6]Кепіл туралы куәландыратын белгілер қою арқылы кепіл берушіде қалдырылған кепіл нысанасы.



### «KSP STEEL» ЖШС, ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ

2007 жылдың басында құрылған мұнай-газ саласы үшін жіксіз болат құбырлар шығаратын алғашқы Қазақстандық кәсіпорын. Компанияның өндірістік орталығы Павлодар қаласында орналасқан, зауыттың жұмысын Алматы қаласында орналасқан компанияның бас кеңсесі үйлестіреді. Кәсіпорынның өндірістік объектілері орналасқан жалпы ауданы шамамен 133 га құрайды. Мамандардың саны – 7500-ден астам адам. Экспорт үлесін арттыру және әлемдік нарыққа шығу үшін экспортер «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ға көмекке жүгінді, ол экспорттық кредитті сақтандыру, экспорт алды қаржыландыру және экспорттық саудалық қаржыландыру бөлігінде қолдау көрсетті. 2018 жылы «KSP Steel» ЖШС-пен үш мәміле жасалды, оның екеуі Ресей Федерациясына шамамен 550 млн ресей рубліне жіксіз құбырлардың ірі топтамаларын экспорттау мақсатында жасалды. «KazakhExport» ЭСК» АҚ 2018 жылдың қазанында «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-мен бірлесіп сондай-ақ экспортердің кредитін сақтандыру және 2,7 млрд теңге сомасында айналым қаражатын толықтыруға экспорт алды қаржыландыру бойынша қолдау көрсетті. «KazakhExport» ЭСК» АҚ ұсынған қолдаудың арқасында компания Ресей Федерациясына жіксіз болат шегендеу, мұнай құбырлары, сорғы-компрессорлық құбырлар мен муфталар экспортының көлемін арттыра алды, бұнда 2018 жыл бойынша экспорттық келісімшарттардың сомасы шамамен 31 млрд теңгені құрады.

### «АКТЕП» ЖШС ЕТ ӨҢДЕУШІ КОМБИНАТ, АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Заманауи технологиялар бар, экологиялық таза ет өнімдерін өндіретін кәсіпорын. Компания қайта өңдеудің бүкіл үдерісін: мал өсіруден, құрама жем шығарудан, жемдеуден, етті қайта өңдеуден нақты тұтынушының тапсырысымен дайын өнімді тиеп жібергенге дейін дербес жүзеге асырады. Өндіруші компания жемдеу алаңы үшін 18 000 бас ірі қара мал сатып алуға 2 970 млн теңгеге қаржыландырылды, бұл Ресей Федерациясына экспорттың көлемдерін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Қарызды сақтандыруды «KazakhExport» ЭСК» АҚ қамтамасыз етті.

### «АГФ ГРУПП» ӨК» ЖШС, ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

«АГФ Групп» ӨК» ЖШС – бұл Қазақстандағы ең ірі үй тоқыма өндірушісі. Фабрика "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағында, Шымкент қаласында орналасқан. Тиімді географиялық орнының арқасында компания шикізат жеткізушілердің негізгі нарықтарына (Қытай, Үндістан, Пәкістан, Түркия және т.с.с.), сонымен қатар өткізу нарықтарына (Ресей, ЕО) қол жеткізе алады. «KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауымен қазақстандық экспортер өз өнімдерін шетелдік нарықтарға сату көлемін – 2016 жылы 450 млн теңгеден 2018 жылы 5 млрд теңгеге дейін рекордтық ұлғайтты. «KazakhExport» ЭСК» АҚ АГФ Групп қарыз алушы болып табылатын «TengriBank» АҚ тәуекелдерін сақтандырды.

# 3.7

# ТРАНСФЕРТ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Инновациялардың экожүйесін дамыту жөніндегі жұмысты Холдинг еншілес ұйым – «ТДҰА» АҚ арқылы жүзеге асырады. 2018 жылы «ТДҰА» АҚ мемлекеттік қолдаудың ұсынылатын шараларының сапасын жақсарту және түсіндіруге қол жетімділікті, ашықтығын арттыру бөлігінде инновациялық гранттар беру бағдарламасын күшейтті.

«ТДҰА» АҚ Инновациялық гранттар беру бағдарламасын іске асыруда маңызды жағымды жаңалықтар енгізді. Осылайша, 2018 жылы «ТДҰА» АҚ инновациялық гранттарды ұсыну шарттары мен рәсімдеріне қатысты ақпаратты әлеуетті өтініш берушілерге жеткізу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу форматын қайта қарастырды. Осылайша, жеке кеңсе және телефон кеңестерімен қатар, «ТДҰА» АҚ қызметкерлері:

- кешенді кеңестер;
- семинарлар;
- skype арқылы және «ТДҰА» АҚ ресми парағында тікелей эфирде онлайн-кеңестер;
- көшпелі кеңестер жүргізді.

Кеңестік және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі жаңа тиімді тәсілдер ақпаратқа қолжетімділікті арттыруға және әлеуетті өтініш берушілерге гранттық бағдарлама туралы ақпаратты жеткізу сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Бұл жаңалық инновациялық гранттарды алуға қабылданған өтінімдердің сапасына оң әсер етті.

Сондай-ақ, есепті жылы инновациялық гранттарды алуға өтінімдерді қарау тәсілдері өзгертілді, атап айтқанда, ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін және әрі қарай технологиялық, қаржы-экономикалық және құқықтық сараптамаларды жүргізуге қажетті ұсынылған ақпараттың толықтығын алдын ала тексеру күшейтілді.

Аталған міндеттерді іске асыру үшін «ТДҰА» АҚ 2018 жылы инновациялық гранттар беру рәсімін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыстарды жүргізді.

2018 жылы «Digital Baiterek» ақпараттық жүйесі арқылы инновациялық гранттар алуға 214 өтінім келіп түсті, оның ішінде 131 өтінім тіркеліп, одан әрі қарауға жіберілді.

Өңірлік тұрғыдан екі кезең аясында келіп түскен өтінімдердің ішінен Алматы және Астана қалалары дәстүрлі түрде көш бастады.

Салалық тұрғыдан өтінімдердің көпшілігі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, минералдық және көмірсутек шикізатын іздеу, өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу, агроөнеркәсіптік кешен, тамақ өнеркәсібі және агрохимия салаларында түсті.

Инновациялық гранттарды алуға өтінімдерді қабылдау және қарау бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша 2018 жылы жалпы сомасы 4,3 млрд теңгеге инновациялық гранттарды беру туралы 15 шарт жасалды. 2018 жылы 2017 жылы түскен өтінімдерді қарау жалғастырылды, оның ішінде жалпы сомасы 348 млн теңгеге инновациялық гранттар беру туралы қосымша 3 шарт жасалды. 2018 жылдың қорытындылары бойынша жалпы сомасы 4 673,4 млн теңгеге барлығы 18 шарт жасалды.





2016-2018 жылдары қолдау көрсетілген жобалар шығарған өнім көлемі мен құрылған жұмыс орындары

| Көрсеткіш | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| Қолдау көрсетілген жобалар шығарған өнім көлемі, млрд теңге | 58 | 48 | 36 |
| Құрылған жұмыс орындарының саны | 539 | 741 | 493 |

2018 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында индустриялық-инновациялық жобаларды бизнес-инкубациялау бағдарламасын іске асыру басталды. Үкімет қаулысына сәйкес, осы бастаманы іске асыру жөніндегі оператор «ТДҰА» АҚ болып табылады.

Бағдарлама төмендегілерді болжайды:

- жеке бизнес-инкубаторларға қаржылай және әдіснамалық көмек көрсету (жедел шығыстардың 50%-ын қоса қаржыландыру, бірақ жылына 35 млн теңгеден артық емес);
- жаңа немесе едәуір жақсартылған өнім немесе бизнес-үдеріс жасау үшін индустриялық-инновациялық жобалар бойынша бизнес-инкубаторлар резиденттеріне мемлекеттік гранттар беру (50 млн теңгеге дейін және негізделген мәлімделген шығыстардың 80%-нан артық емес).

Бағдарламаны іске асыру бизнес-инкубаторлардың алдағы уақытта қаржылық тұрғыдан да, құзыреттіліктің жоғары деңгейде де өз-өзіне жеткілікті болуы үшін бизнес-инкубация экожүйесін дамытуға серпін беруге мүмкіндік береді, және соған сәйкес ірі технологиялық компанияларға өсуге қабілетті сапалы стартаптардың өсуінің ұлғаюына әсер етеді.

Мемлекеттік гранттарды ұсыну 2019 жылдан бастап «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жұмыс істеп тұрған тетік бойынша жүзеге асырылады деп болжануда (қаражат республикалық бюджеттен бөлінген жағдайда). Көбірек экономикалық әсер алу үшін мемлекеттік гранттар «ТДҰА» АҚ-ның жағымды технологиялық, қаржы-экономикалық және құқықтық қорытындысын ескере отырып, бизнес-инкубаторлардың резиденттері болып табылатын бизнес-жобаларға берілетін болады.

2019 жылға трансферт және инновацияларды енгізу бөлігінде келесі іс-шаралар жоспарланған:

- инновациялық гранттар беру бойынша функционалды «Қазақстандық индустрияны дамыту институты»АҚ-ға өткізу;
- «ТДҰА» АҚ бизнес-моделін қайта ұйымдастыру;
- «ТДҰА» АҚ негізгі стратегиялық бағыттарын анықтау, соның ішінде венчурлік қаржыландыруды дамыту, бизнес-инкубаторларды қолдау және сүйемелдеу және технологиялық консалтинг;
- «ТДҰА» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын өзектендіру;
- «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында бизнес-нкубаторларды қолдау.

2018 жылы •  «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында «ТДҰА» АҚ үш бизнес-инкубаторды іріктеп алды: «Beln Tech» ЖШС, «SmArt Point Almaty» ЖШС, «Жас кәсіпкерлер клубы» ЖШС, олармен үш жылдық кезеңге бизнес-инкубатордың шығыстарын қоса қаржыландыру және қаржылық емес көмек көрсету туралы шарттар жасалды.

«ТДҰА» АҚ 2018 жылы жоғарыда аталған бизнес-инкубаторлармен үш жылдық мерзімге бизнес-инкубатордың шығыстарын қоса қаржыландыру және қаржылық емес көмек көрсету туралы шарттар жасалған. 2018 жылы РБ-дан бөлінген қаражаттар есебінен бизнес-инкубаторларға шығыстарының бөлігін жалпы сомасы 18 725,7 мың теңгеге қоса қаржыландыру жүзеге асырылды. Агенттік 2018 жылы сыртқы сарапшыны тарта отырып, үш бизнес-инкубатордың қызметіне әдіснамалық қолдау көрсету бойынша жұмыс жүргізді. Сыртқы сарапшыны тарту бизнес-инкубациялау экожүйесін дамыту саласындағы шетелдік сарапшылар қатарынан жүзеге асырылды – шарт «Акселератор ФРИИ» ЖШҚ-мен (Ресей) жасалды. Сыртқы сарапшы әдіснамалық сүйемелдеу қызметтерін көрсету аясында әрбір бизнес-инкубатор үшін тиімді жұмыс форматын іріктеп алған.

## «ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР КЛУБЫ» ЖШС БИЗНЕС-ИНКУБАТОРЫ (АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ)

Бизнес-инкубатор 2015 жылғы 25 қыркүйекте ресми түрде ашылған. Бизнес-инкубатор жаңа бастаған кәсіпкерлерді бизнесті дамытудың барлық кезеңдерінде - идеядан бастап оны іске асыруға дейін қолдайды.

Ол шығармашылық кеңістік болып табылады, онда болашақ кәсіпкерлер өз жобаларымен жұмыс істеп, тәжірибе алмасып, тәжірибелі бизнесмендерден тәлімгерлік алады және өз бизнес-идеяларын капиталдандыруға инвестиция тарта алады.

Бизнес-инкубатор YouthBusinessInternational және Global Entrepreneurship Week сияқты ұйымдардың ресми мүшесі болып табылады. Seedstars World, Startup Weekend, Get in the Ring және басқа да стартаптар саласындағы халықаралық бастамалардың ресми серіктестері.

Қазақстандағы серіктестік желі, ол резиденттерге және MOST түлектеріне қолжетімді.

### Миссиясы:

әлемдік қауымдастықтың өркендеуі үшін көрнекті кәсіпкерлердің жаңа буынын өсіру.

### Жалпы алаңы: 1 300 м$^2$

### 2018 жыл бойынша көрсеткіштер:

бизнес-акселерацияның 8 бағдарламасы;

630 өтінім;

85 іске асырылған жоба;

31 стартап жалпы сомасы 1 млн АҚШ долл. ақша тартты.



## «BELN TECH» ЖШС БИЗНЕС-ИНКУБАТОРЫ (АСТАНА ҚАЛАСЫ)

### Мақсаттары:

BIGroup құрылыс холдингі алаңдарында өзінің инновациялық жобаларын іске асыру мүмкіндігі.

Инкубациялаудан бастап жобаны кепілді тапсырыс беруші үшін іске асыруға дейінгі дамудың толық циклі және өнімді одан әрі сыртқы нарықтарға шығару.

### Жалпы алаңы: 900 м$^2$

### 2018 жыл бойынша көрсеткіштер:

BI Group алаңдарындағы 16 пилот: Bayquw, Nordal, Qubit, SmartHome, Parametrica, UberPark, Bnect, Homefix, UberRemont, Tastamat, PartsZone, OperaBuold, Anymo, PriceGen, BIPlan;

Beln Tech Ventures: Bayquw, Nordal, Smart Home, Parametrica, Homefix, Uber Remont, Tastamat, Opera Build, PriceGen, BI Plan-нан инвестициялармен 10 стартап.

## «SMART POINT ALMATY» ЖШС БИЗНЕС-ИНКУБАТОРЫ (АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ)

SmArt.Point бизнес-инкубаторы – Алматының өзінше «Кремний Алқабы», бұнда идеялар бірегей құрылатын инфрақұрылым мен атмосфера есебінен коммерциялық табысты бизнеске айналады, оған барлық қажетті элементтер біріктірілген - физикалық инфрақұрылым, кәсіпкерлік рухы, кәсіпкерлер мен кәсіпқойлар қауымдастығы, бизнесті қолдау институттары, білім беру және мәдени құрамдас бөлік, сондай-ақ Қазақстан мен әлемдегі стартаптар мен кәсіпкерлікті қолдау экожүйесінің барлық элементтерімен ашық және өзара тиімді ынтымақтастық.

### Миссиясы:

жаңа технологиялық және бәсекеге қабілетті стартаптарды құруға ықпал ететін қолайлы орта мен инфрақұрылымды қалыптастыру.

### Мақсаттары:

серпінді идеяларды коммерциялық табысты бизнеске айналдыруға жәрдемдесу;

дәстүрлі бизнестерді инновациялыққа түрлендіру;

жаһандық – Қазақстанның экономикасын анағұрлым инновациялық етіп түрлендіруге жәрдемдесу.

### Жалпы алаңы: 10 000 м$^2$

SmArt.Point алаңдарында апта сайын 10-20 іскери іс-шаралар  - форумдар, конференциялар, талқылаулар, таныстырымдар жүргізіледі. Апта сайын театралдық, музыкалық, бейнелеу өнері саласында 5-10 ивент өткізіледі.

SmArt.Point-та онлайн-сауда, БҚ әзірлеу, қаржытех, киберқауіпсіздік, телекоммуникация, блокчейн, АТ-білім бері, онлайн білім беру, медиа, автоматтандырылған логистика, жасанды интеллект, робототехника, телекомуникация, диджитал-маркетинг және дизайн саласында қызметкерлердің жиынтық саны 450 адам және айналымы 120 млн, АҚШ долларынан астам40 компания бар. Бұл Chocofamily, Zero To One Labs, Nfactorial, The Code, The Steppe, Baribar.kz, 20tonn.kz, Nommi, Neupusti.kz, Relog, Asia Intercommunication және т.с.с. компаниялар.

# 3.8

# КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ТӘЖІРИБЕЛЕР

### «БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАТЫ БОЙЫНША БИЗНЕСТІ КЕШЕНДІ ЖӘНЕ КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНЫП ҚОЛДАУ

2018-2023 жылдарға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сандық жүйеге ауыстыру стратегиясы (бұдан әрі – Сандық жүйеге ауыстыру Стратегиясы) Басқарманың 2017 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен бекітілген. 2018 жыл ішінде 2018-2023 жылдарға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сандық жүйеге ауыстыру стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша келесі іс-шаралар бойынша жұмыстар орындалған:

| Іс-шара | Мақсат |
|---|---|
| Қазынашылық операцияларды басқару жүйесін дамыту | Холдинг және оның еншілес ұйымдары деңгейінде ақша ағындарын басқаруға орталықтандырылған тәсілді іске асыру және қазынашылық операцияларды жүзеге асырудың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету |
| Кадрлық саясатты автоматтандыру | Холдингте кадрлық есепті автоматтандыру және персоналды басқару үдерісін оңтайландыруды қамтамасыз ету. |
| «Digital Baiterek» бірыңғай сандық алаңшаны дамыту | Холдинг, оның еншілес ұйымдары, қазақстандық және шетелдік инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін ақпараттық ресурсқа келушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарланған бірыңғай ақпараттық алаң ұсыну. |
| «Электрондық шарттар» сервисін енгізу | Сатып алу үшін пайдаланылатын тапсырыс берушілердің қаржы құралдарын оңтайлы және тиімді жұмсауын қамтамасыз ету, ашықтық пен қоғамның сенімін арттыру, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру.<br>Осы алаңда 2018 жылы Холдингтің шамамен 107 шарты жасалды. |
| Холдингтің корпоративтік сайтын дамыту | Корпоративтік сайт клиенттермен өзара қарым-қатынастың негізгі құралдарының бірі болып табылады.<br>Есепті жылы сайттың редизайны өткізілді, құрылымды оңтайландырылды, пайдаланушылар үшін қолайлылықты арттыру мақсатында функционал кеңейтілді (usability). |
| Бірыңғай байланыс орталығын ұйымдастыру | Клиенттердің жүгінулерін өңдеудегі сапаны арттыру және клиенттерді «бірыңғай қол жеткізу нүктесімен» қамтамасыз ету, бұл олардың қанағаттануын арттыруға және Холдингтің беделін жағымды қабылдауға ықпал етеді. |





| Іс-шара | Мақсат |
|---|---|
| «BaiterekCloud» - деректерді сақтауға арналған орталықтандырылған инфрақұрылым | Холдингтің АТ-инфрақұрылымының аутсорсингі IaaS (Infrastructure-as-a-Service) қызметі арқылы жүзеге асырылды – ақпаратты өңдеу және сақтау үшін есептеуіш қуаттар мен ресурстар ретінде жеткізушінің бұлтты инфрақұрылымын пайдалану. Осы мақсаттармен «Kazteleport» АҚ-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. |
| Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құру («АКТ саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету») | Холдингтің ақпараттық қауіпсіздігін техникалық қамтамасыз етуді іске асырудың негізгі тұжырымдамалық бағыттары:<br>- рұқсатсыз қол жеткізу және арнайы әсер ету есебінен ақпараттық ресурстарды ұрлаудан, жоғалудан, жылыстаудан, жойылудан, бұрмалаудан қорғауды қамтамасыз ету;<br>- ақпаратты өңдеу, сақтау және байланыс арналары арқылы беру кезінде техникалық арналар бойынша жылыстаудан қорғауды қамтамасыз ету.<br>Холдингтің Комплаенс қызметімен бірге тұрақты негізде орындалады. |
| Блокчейн-технологияны сынамалық бастау | Холдингтің ЕҰ бизнесті транспарентті, ашық және қауіпсіз жүргізуге ықпал ететін технологияларды қолдану.<br>«ҚТҚЖБ» АҚ-да блокчейн желісі торапатарының бірі ашылды, сынамалық бастау сәтті өтті, прототип әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, «ҚТҚЖБ» АҚ мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ меморандумға қол қойды, соның аясында несиені беру кезінде жылжымайтын мүлікке ауыртпалықтарды (кепілдіктерді) тіркеу (және алу) үшін блокчейн технологиясын бірлесіп қолдану жоспарлануда. |
| Сандық жүйеге ауыстыру кеңсесін ұйымдастыру | Сандық жүйеге ауыстыру кеңсесі – Холдингтің Басқармасы жанындағы алқалы консультативтік-кеңестік орган, ол Холдингте және оның еншілес ұйымдарында ақпараттық технологияларды дамытуды жоспарлау, АТ-жобаларды дамыту мониторингі, АТ бойынша стратегиялық құжаттарды келісу, жаңа АТ-бастамаларды енгізудің орындылығын айқындауды үйлестіреді, оның шешімдері ұсынымдық сипатта болады. |
| Еншілес ұйымдарды сандық жүйеге ауыстыруды стратегиялық жоспарлау (ақпараттық активтер тізілімін құру) | ЕҰ АТ-стратегияларының орындалу барысы туралы Сандық жүйеге ауыстыру кеңсесінде жүйелі тыңдаулар жүргізу жолымен жобаларды іске асыру мониторингі (бастамадан жабылуға дейін).<br>2018 жылы Холдингтің және ЕҰ ақпараттық жүйелерінің тізілімі құрылды. |
| Кешенді және сервистік бағдарланған тәсілдемені енгізу | Сервистің жоғары сапасымен жеткілікті техникалық, ұйымдастырушылық және коммуникациялық құрамдас бөлігі бар, бұл ретте неғұрлым икемді баға саясаты бар корпоративтік қызмет көрсетушілерді тарту.<br>Холдинг АТ басқарудағы сервистік-бағдарланған тәсілдемені ұстанады, бұл жазылу немесе жалдау моделі бойынша дайын / кастомизацияланған шешімдерді белгіленген мерзімге алдын ала келісілген бағаға пайдалануды білдіреді (Software-as-a-Service (SaaS) моделі).<br>SaaS моделін пайдалану БҚ иеленудің жиынтық құнын төмендетуге мүмкіндік береді. |

Сандық жүйеге ауыстыру және Холдинг қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттыру стратегиясын іске асыру мақсатында 2019 жылға арналған жаңа іс-шаралар жоспары бекітілді, оның бағыттары келесідей:

- «Digital Baiterek» сандық аланды дамытудың III кезеңі;
- Ішкі бизнес-үдерістерді оңтайландыру және автоматтандыру;
- Бірыңғай қызмет көрсету орталығы (концепт);
- Ұжымдық жұмыс жүйесін дамыту;
- Жүйе көшірмелері мен деректерді бұлтты ортада резервтік сақтау.

**2018 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША DIGITAL BAITEREK ҚЫЗМЕТТЕР ВИТРИНАСЫНДА ХОЛДИНГ ПЕН ЕҰ-НЫҢ 42 ҚЫЗМЕТІ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН**

**42**
ҚЫЗМЕТІ

### «DIGITAL BAITEREK» КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ПОРТАЛЫ

Сандық жүйеге ауыстыру стратегиясы аясында «DigitalBaiterek» кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай порталы ақпараттық жүйесі (әрі қарай – Digital Baiterek) тұрақты (өнеркәсіптік) пайдалануға енгізілді, ол бизнесті кешенді және клиентке бағдарланған қолдауды қамтамасыз етеді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және оның ЕҰ ұсынатын қызметтердің сұрыпталымы Digital Baiterek қызметтер витринасы арқылы қолжетімді. 2018 жылдың қорытындылары бойынша Digital Baiterek қызметтер витринасында Холдинг пен ЕҰ-ның 42 қызметі орналастырылған, олардың ішінде:

- 32 автоматтандырылған қызмет;
- 10 ақпараттық қызмет.

Автоматтандырылған қызметтер – клиенттен өтініш қабылдау, өңдеу және оған нәтижені беру үдерісі автоматтандырылған қызметтер. Бұл қызмет түрі клиентке жеке кабинетте қызметті алуға өтінішті сандық түрде беруге және өтініш туралы ақпаратты тиісті ЕҰ-ға беруге мүмкіндік береді. Өтінішті қарау нәтижесі және тиісті жауап клиентке жеке кабинетте қолжетімді.

Ақпараттық қызметтер – витринада қызмет туралы ақпарат, оны көрсету мерзімдері, оны алу жөніндегі іс-қимылдар және байланыс ақпараты орналастырылады.

Digital Baiterek витринасы аясында Холдингте әлеуетті клиентті инвестор ретінде тіркеу үдерістері автоматтандырылды, сондай-ақ жобаны қаржыландыруға өтінім беру мүмкіндігі ұсынылған.

Digital Baiterek енгізудің негізгі артықшылықтары:

- өтініш берушілер үшін қолжетімдікті арттыру, соның ішінде ұтқырлық, ыңғайлы уақытта интернет желісі арқылы кез келген орналасқан жер нүктесінен өтінім беру мүмкіндігі, өтінім беруге арналған уақыт шығынын қысқарту, қағазсыз құжат айналымы.
- қызмет алудағы ашықтықты арттыру, соның ішінде жеке кабинет құру, кері байланыс алу, өтінім мәртебесін қадағалау.
- Холдингтің және оның ЕҰ қызметкерлері жұмысының тиімділігін арттыру, соның ішінде құжаттарды келісуді және шешімдер қабылдауды жеделдетуге мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық кеңістік (синергия), қызметкерлердің орындаушылық тәртібі мен өнімділігін арттыру.

2018 жылы осы АЖ арқылы өтініштерді қабылдаудың екі легі жүзеге асырылды:

- қызметтер бойынша «ТДҰА» АҚ, атап айтқанда, технологияларды коммерцияландыруға, салалар мен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға инновациялық гранттар беру бойынша.
- «Бәйтерек девелопмент» АҚ осы АЖ негізінде «Нұрлы жер» ахуалдық орталығын – құрылысы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаржыландырылатын тұрғын үй объектілерінің мониторингі жөніндегі порталды әзірледі.





### КЛИЕНТ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Холдинг Тобы өз қызметінде банктік құпияның сақталуын қамтамасыз ету және жеке тұлғалардың дербес деректерін қорғау жөніндегі талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады. Заңнама талаптарын сақтау мақсатында Холдинг Тобы шарттық қатынастарды ресімдеу кезінде Холдингтің еншілес ұйымдарының клиенттері өңдеуге келісімін беретін дербес деректерді қорғау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

Өңдеу Холдингтің еншілес ұйымдарының ақпараттық жүйелерінде жүзеге асырылатын дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету екі деңгейлі қорғаудың ұйымдастырылған жүйесі арқылы іске асырылады, бұнда рұқсат беруді санкциялау мен бақылауды ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі жүзеге асырады, ал ақпараттық технологиялар бөлімшесі дербес деректерді өңдеу жүргізілетін ақпараттық жүйелерге қолжетімділіктегі параметрлер мен шектеулер тарапынан бақылау функцияларын жүзеге асырады.

Холдинг Тобында ақпаратты қорғаудың мынадай функциялары бар жүйелер пайдаланылады:

- ДК және ноутбуктерден қорғалатын ақпараттың, оның ішінде дербес деректердің, банктік құпияның, құпия ақпараттың жылыстауының алдын алу;
- корпоративтік электрондық пошта арнасы бойынша қорғалған ақпараттың жылыстауының алдын алу;

**ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ МАҚСАТЫНДА ХОЛДИНГ ТОБЫ ШАРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕСІМДЕУ КЕЗІНДЕ ХОЛДИНГТІҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КЛИЕНТТЕРІ ӨҢДЕУГЕ КЕЛІСІМІН БЕРЕТІН ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨЗІНЕ ҚАБЫЛДАЙДЫ.**

- тасығыштарды жоғалту кезінде ақпараттың құпиялылығын бұзу тәуекелін барынша азайту үшін ақпаратты мобильді жинақтағыштарға көшіру кезінде деректерді шифрлеу;
- Интернет желісімен өзара іс-қимыл кезінде қорғалатын ақпараттың жылыстауының алдын алу;
- пайдаланудан шығарғанкезде ақпаратты тасығыштардан деректерді кепілді жою.

Холдинг Тобы тұрақты негізде ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады, атап айтқанда:

- пайдаланушылардың (жұмыскерлердің) ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау мәселелеріндегі хабардарлығын арттыру;
- қорғалатын ақпарат бар ақпараттық жүйелерге қолжетімділіктің берілуін бақылау;
- құжат айналымы сервисімен жұмыс істеу үшін қорғалған VPN-арнаны іске асыру;
- ақпараттық активтерді қорғауды, тоқырауға беріктігін, үздіксіздігін және қол жетімділігін қамтамасыз ететін іс-шаралар.

# 04

# БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

4.1.
Корпоративтік басқару жүйесі

4.2.
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау







## 4.1

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқаруды Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің тиімділігін арттырудың, транспаренттігі мен есептілігін қамтамасыз етудің, оның беделін нығайту мен капиталды тартуға жұмсалатын шығынды төмендетудің негізгі құралы ретінде қарастырады. Холдинг корпоративтік басқарудың тиісті практикасын іске асыру арқылы Қазақстан Республикасында заңнама үстемділігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосуға ұмтылады.

Холдингтің корпоративтік басқаруы адалдық, әділдік, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік пен құзыреттілік негізінде құрылады. Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі Холдинг органдары, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері арасында өкілеттіліктер мен жауапкершілікті нақты бөлуді көздейді.

Холдингтің корпоративтік басқаруының негізін қалаушы қағидалары:

- өкілеттіліктерді бөлу қағидасы;
- Жалғыз акционер құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Холдингті тиімді басқаруы қағидасы;
- тұрақты даму қағидасы;
- тәуекелдерді, ішкі бақылау мен ішкі аудитті басқару қағидасы;
- корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленістерін реттеу қағидасы;
- Холдинг қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен ашудың объективтілігі қағидасы болып табылады.

2018 жылы Холдинг Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 646 бұйрығымен бекітілген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоравтивтік басқару кодексінде белгіленген қағидалар мен ережелерді сақтауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырды[7].

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің нормаларын орындау үшін 2018 жылға «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есеп (әрі қарай – Есеп) дайындалды, ол «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексін тиісінше сақтау мәселелері бойынша мониторинг нәтижелерін және оның қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар туралы толық ақпаратты қамтиды.

Есепте ұсынылған ақпаратқа сәйкес, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелері жалпы алғанда сақталады және Холдингте корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды өткізу бойынша, соның ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның қызметіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелері мен қағидаттарын енгізу бойынша жұмыс тұрақты негізде жүзеге асырылуда.

Холдингтің жоғарғы басқару органы — Жалғыз акционер, басқару органы — Директорлар кеңесі, атқарушы органы — Басқарма. Холдинг қызметін жетілдіру мақсатында Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын, ішкі бақылау жүргізетін, тәуекелдерді басқаратын, корпоративтік басқару мен кеңес беру саласындағы құжаттардың орындалуын бақылайтын орган Ішкі аудит қызметі болып табылады. Холдингтің Директорлар кеңесінің жанында комитеттер құрылған, олардың құзыретіне аудит, тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі мәселелерді қарастыру кіреді. Холдингтің жекелеген қызмет бағыттары бойынша Басқарма үшін ұсыныс сипатындағы шешімдерді, соның ішінде

*[9]Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есептің толық мәтіні Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін Холдингтің ресми сайтында орналастырылады.*

Басқарма құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерді дайындау және алдын ала қарау үшін шешімдер дайындау мақсатында Басқарма жанында: Стратегия және корпоративтік даму жөніндегі комитет, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті, Инвестиция комитеті мен Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті құрылған.

Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі:

- Холдинг Тобында нақты басқару жүйесінің болуын, өкілеттіліктерді бөлу мен шешімдер қабылдау үдерісін, функциялар мен үдерістердің қайталануын болдырмауды;
- бірыңғай стандарттарды, саясаттар мен үдерістерді, соның ішінде жоспарлау, мониторинг пен бақылауға, нәтижелілікті бағалау мен түзету әрекеттерін қабылдауға бірыңғай тәсілдерді анықтауды;
- Холдинг Тобы қызметіне қатысты сапалы ақпаратқа қолжетімдікті;
- Холдинг Тобының тәуекелдерін тиісті басқаруды қамтамасыз етеді.

Холдинг Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін бекітуге байланысты Холдингтің корпоративтік басқару кодексін өзектендіру бойынша жұмысқа бастама жасады. Кодекске өзгертулер мен толықтырулардың бекіту 2019 жылға жоспарланып отыр. Холдинг Басқармасының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 52/18 шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарында ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі үлгілік ережелер аясында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарында корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі өзектендірілді.

Холдингтің корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау аясында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- еншілес ұйымдардағы корпоративтік басқару кодекстері, еншілес ұйымдардың корпоративтік басқару кодекстерінің қағидаттарын сақтау туралы есептер бекітілді;
- Холдинг пен еншілес ұйымдарды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарлардың орындалуына мониторинг жүргізілді;
- Холдинг компаниялары тобының Корпоративтік хатшылар кеңесінің отырысы өткізілді;
- Холдингтің инвестициялық саясатына экологиялық саясат элементтерін енгізу бөлігінде өзгерістер әзірленді;
- корпоративтік шиеленістер мен Холдинг мүдделерінің шиеленістерін реттеу жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- Тұрақты даму саясаты әзірленді;
- Еңбекке ақы төлеу мен сыйлықақы берудің үлгілік ережелері әзірленді;
- Холдингтің еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлерді және қызметтердің қызметінің және әлеуметтік қолдау көрсетудің тиімділігіне бағалау жүргізілді және т. б.





# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




Орта мерзімді перспективада Холдинг корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады. Осылайша, Холдингтің корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту жоспарланған, ол келесі іс-шараларды қамтиды:

- Холдингтің корпоративтік басқару кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар бекітілгеннен кейін Холдингтің еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекітуді қамтамасыз ету;
- Холдингтің еншілес ұйымдарының корпоративтік басқаруына кезекті диагностика (бағалау) жүргізу;
- Холдингтің корпоративтік басқару кодексі қағидаттарын сақтау деңгейлері туралы есепті дайындау және Аудит жөніндегі комитеттің қарауына шығару және Директорлар кеңесінің бекітуі;
- Холдинг пен еншілес ұйымдарды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мониторингі;
- Холдинг жұмыскерлерін Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің нормалары мен ережелерін білуге тестілеу жүргізу.

## 4.1.1
### ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Холдингтің жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – ҚР ИИДМ) тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады, ол заңнамамен және Холдингтің Жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

### АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерлік капиталы 846 218 711 608 теңгені құрады.

- Жарияланған жай акциялардың саны - 5 000 086 550 дана.
- Орналастырылған және төленген жай акциялардың саны - 846 218 712 дана.
- Жарияланған, бірақ орналастырылмаған жай акциялардың саны - 4 153 867 838 дана.

### ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 23 қарашадағы шешіміне сәйкес Холдингтің дивидендтік саясаты әрі қарай бекіту мақсатында Жалғыз акционердің қарауына шығарылды.

Холдингтің дивидендтік саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және еншілес ұйымдар қызметінің табыстылығын қамтамасыз ету
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және еншілес ұйымдардың қаржы орнықтылығын қамтамасыз ету;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және еншілес ұйымдардың қызметін қаржыландыруды, соның ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- дивидендтер мөлшерін анықтау механизмінің ашықтығы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (табыс алу) және ұзақ мерзімді (ұйымды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі.

Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған кезде Холдингтің Жалғыз акционері оларды төлеу шарттарын негізге алады, сонымен қатар есепті қаржы жылындағы алынған таза табыстың (бір жылғы пайданың) мөлшерін және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметін дамыту қажеттілігін ескереді.

## 4.1.2
### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Холдингті стратегиялық басқару және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Холдингтің өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүргізеді.

Өз құзыреттілігіне сәйкес, Директорлар кеңесі даму жоспарын бекітеді, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен ішкі аудит жүйелерінің тиімді қызметін қадағалайды, ірі инвестициялық жобалар мен басқа негізгі стратегиялық жобаларды бекітеді және оларды тиімді жүзеге асыруға мониторинг жүргізеді.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ӨМІРБАЯНДАРЫ

Холдингтің Директорлар кеңесі 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он директордан тұрды, олардың үшеуі тәуелсіз директорлар болып табылған.

Холдингтің Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 3 (үш) жыл мерзімге құрамы туралы (тиісінше мерзім 2019 жылғы 26 желтоқсанда аяқталады)» 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 877 бұйрығымен сайланған.







### САҒЫНТАЕВ БАҚЫТЖАН ӘБДІРҰЛЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы

1963 жылы 13 қазанда дүниеге келген

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

**БІЛІМІ:**

Қазақ мемлекеттік университетін бітірген, экономист, экономика ғылымдарының кандидаты.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

2012 жылғы қыркүйек айынан бастап 2013 жылғы қаңтар айына дейін — «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары.

2013 жылғы қаңтар айынан бастап 2016 жылғы қараша айына дейін – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары.

2016 жылғы қыркүйек айынан бастап – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.

2013 жылғы 25 маусымда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2016 жылғы 28 қыркүйекте Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2016 жылғы 26 желтоқсанда оның өкілеттігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

**Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестерінде (Бақылау кеңестерінде) мүшелік:**

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.



### ДОСАЕВ ЕРБОЛАТ АСҚАРБЕКҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі

1970 жылы 21 мамырда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

**БІЛІМІ:**

Алматы энергетика институтын, Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетін бітірген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

2012 жылғы қыркүйек айынан бастап 2016 жылғы қаңтар айына дейін – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі.

2016 жылғы мамыр айынан бастап 2017 жылғы тамыз айына дейін — «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының Төрағасы.

2017 жылғы 29 тамыздан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

2013 жылғы 25 маусымда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2016 жылғы 26 желтоқсанда оның өкілеттігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

2017 жылғы 29 карашада Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

**Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестерінде (Бақылау кеңестерінде) мүшелік:**

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мүшесі.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Директорлар кеңесінің төрағасы.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.



## СМАИЛОВ ӘЛИХАН АСХАНҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі, Директорлар кеңесінің мүшесі

1972 жылғы 18 желтоқсанда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Қолданбалы математика» мамандығы бойынша бітірген. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын бітірген, мемлекеттік басқару магистрі дәрежесі берілген.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2008 жылдан бастап 2009 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі.

2009 жылдан бастап 2014 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы.

2014 жылдан бастап 2015 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің төрағасы

2015 жылғы желтоқсан айынан бастап 2018 жылғы қыркүйек айына дейін – Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі;

2018 жылғы 18 қыркүйектен бастап – Қазақстан Республикасы Қаржы министрі.

2016 жылғы 24 мамырда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2016 жылғы 26 желтоқсанда оның өкілеттігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

### Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестерінде (Бақылау кеңестерінде) мүшелік:

«Национальный управляющий холдинг «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мүшесі.



## ҚАСЫМБЕК ЖЕҢІС МАХМУДҰЛЫ

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі

1975 жылы 7 мамырда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын (Алматы қаласы) «Сәулетші-дизайнер» мамандығы бойынша,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық мемлекеттік университетін (Астана қаласы) «Экономист-менеджер» мамандығы бойынша бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2014 жылғы наурыз айынан бастап маусым айына дейін – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі.

2014 жылғы тамыз айынан бастап 2016 жылғы маусым айына дейін – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрінің Бірінші орынбасары.

2016 жылғы маусым айынан бастап бүгінгі таңға дейін – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі.

2016 жылғы 28 шілдеде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2016 жылғы 26 желтоқсанда оның өкілеттігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

### Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестерінде (Бақылау кеңестерінде) мүшелік:

АО «ҚазАвтоЖол» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.







## ЖАМАУБАЕВ ЕРҰЛАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Директорлар кеңесінің мүшесі

1974 жылы 25 наурызда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің жанындағы Бизнес мектебін бітірген.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2006-2014 жылдары – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Үйлестіру департаментінің директоры.

2014-2015 жылдары - «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарушы директоры.

2015 жылғы шілде айынан бастап қараша айына дейін - Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

2015-2018 жылдары – Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі.

2018 жылғы қараша айында Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалды.

2018 жылғы 19 желтоқсанда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

### Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестерінде (Бақылау кеңестерінде) мүшелік:

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мүшесі.



## СҮЛЕЙМЕНОВ ТИМУР МҰРАТҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі

1978 жылы 5 сәуірде дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

Павлодар мемлекеттік университетін, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Мэриленд университетін (АҚШ) «Іскерлік әкімшіліктендіру магистрі» мамандығы бойынша бітірген, менеджмент, «Қаржы» мамандығы бойынша бизнес магистрі, Ұлыбританиядағы алқалық бухгалтерлер мен аудиторлар ассоциациясында сертификатталған.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2009 жылдан бастап 2012 жылға дейін Дүниежүзілік банктің Қазақстан бойынша басқарушысының орынбасары және ЕҚҚДБ Қазақстан бойынша басқарушысының орынбасары, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі қызметтерін атқарды.

2012 жылғы ақпан айынан бастап 2016 жылғы желтоқсан айына дейін – Алқа мүшесі, Еуразиялық экономикалық комиссияның экономика және қаржы саясаты министрі.

2016 жылғы желтоқсан айынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі.

2017 жылғы 26 қаңтарда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған.

### Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестерінде (Бақылау кеңестерінде) мүшелік:

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Национальный управляющий холдинг «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



## ӘРІПХАНОВ АЙДАР ӘБДІРАЗАҚҰЛЫ

«Бәйтерек» ҰБХ АҚ» Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

1974 жылы 28 қарашада дүниеге келген

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Сыртқы істер министрлігінің дипломаттық академиясын, «Болашақ» президенттік бағдарламасы аясында Колумбия университетін (АҚШ) бітірген.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2004 жылғы сәуір айынан 2006 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі.

2006 жылдан бастап 2009 жылға дейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі жетекшісінің орынбасары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі лауазымдарында қызмет атқарды.

2010-2017 жылдары Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Ұлттық экономика вице-министрі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

2017 жылғы желтоқсан айынан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы.

2018 жылғы 10 қаңтарда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

### Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестерінде (Бақылау кеңестерінде) мүшелік:

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

«ЭСК «KazakhExport» ЭСК» АҚ, «Даму» қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі



## КЛАУС МАНГОЛЬД

Тәуелсіз директор

1943 жылы 6 маусымда дүниеге келен.

**Азаматтығы:** Германия.

### БІЛІМІ:

Мюнхен, Женева, Лондон, Майнц және Гейдельберг университеттерінде құқық пен экономиканы зерттеген. Профессор, доктор.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2011 жылдан бастап — TUI AG Бақылау кеңесінің төрағасы, Continental AG, Alstom S.A. бақылау кеңесінің мүшесі, Rothschild GmbH Бақылау кеңесінің Төрағасы.

2013 жылғы 25 маусымда Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.

2013 жылғы 30 желтоқсанда Директорлар кеңесінің мүшесі болып (тәуелсіз директор) сайланды.

2016 жылғы 26 желтоқсанда оның өкілеттігі 3 (үш) жылға ұзартылды.







## ФИЛИП ЙЕО

Тәуелсіз директор

1946 жылы 29 қазанда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Сингапур Республикасы.

### БІЛІМІ:

Сент-Джозеф институтын (Сингапур), Торонто университетін (Канада) бітірген.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2007 жылдан бастап 2011 жылға дейін — Сингапур Премьер-Министрі кабинетінің экономикалық даму жөніндегі арнайы кеңесшісі.

2007 жылғы 1 сәуірден бастап SPRING Сингапур — қызметінің негізгі мақсаты сингапурлық шағын және орта бизнес компанияларының дамуына көмек көрсету болып табылатын Сингапур Үкіметінің Кәсіпорындарды дамыту агенттігінің төрағасы.

2013 жылғы наурыз айында Ф. Йео Economic Development Innovations Singapore Pte Ltd құрып, миссиясы шетелдік технологиялық парктер мен эко-қалаларды жоспарлау, дамыту мен басқару болып табылатын экономикалық дамудың сервистік басқарушы компаниясының төрағасы болып тағайындалды.

2010 жылдан бастап 2013 жылға дейін Ф. Йео Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Даму бағдарламасына сәйкес қатысушы елдер арасында мемлекеттік әкімшіліктендіру мен басқаруды ілгерілету мен дамыту үшін Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес құрған БҰҰ Мемлекеттік басқару жөніндегі сарапшылар комитетінің мүшесі болды.

Бүгінгі таңда – Accuron Technologies және Economic Development Innovations Singapore Pte Ltd. Төрағасы, Сингапур Экономикалық даму және инновациялар (EDIS) төрағасы.

2013 жылғы 25 маусымда Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.

2013 жылғы 30 желтоқсанда Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.

2016 жылғы 26 желтоқсанда оның өкілеттігі 3 (үш) жылға ұзартылды.



## ТОМАС МИРОВ

Тәуелсіз директор

1953 жылы 6 қаңтарда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Германия.

### БІЛІМІ:

Бонн университетін бітірген, «Бесінші республика кезеңіндегі Францияның Еуропадағы саясаты» тақырыбы бойынша докторлық диссертация қорғаған.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2005 жылдан бастап 2008 жылға дейін — Германия қаржы министрінің орынбасары.

2008 жылдан бастап 2012 жылға дейін — Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкінің (ЕҚДБ) президенті.

HSH Nordbank AG (Гамбург) Бақылау кеңесінің Төрағасы, Rothschild&Cie (Лондон/Париж) халықаралық консультативтік кеңесінің мүшесі, F. Laeisz (Гамбург) Акционерлер комитетінің мүшесі болып табылады.

2013 жылғы 25 маусымда Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.

2013 жылғы 30 желтоқсанда Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.

2016 жылғы 26 желтоқсанда оның өкілеттігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

## 2018 ЖЫЛҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрықтарымен:

- Директорлар кеңесінің мүшесі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтановтың өкілеттігі тоқтатылып, Директорлар кеңесінің құрамына Тимур Мекешұлы Жақсылықов сайланған.
- Директорлар кеңесінің мүшесі Тимур Мекешұлы Жақсылықовтың өкілеттігі тоқтатылып, Директорлар кеңесінің құрамына Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев сайланған.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, ұлттық басқарушы холдингтердің директорлар кеңесі құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның өкілдері, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, тиісті саланың уәкілетті органының және өзге мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

Холдингтің Жарғысына сәйкес, Директорлар кеңесі Жалғыз акционер сайлайтын Төрағадан және мүшелерден тұрады.

Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерінен, Басқарма Төрағасынан, тәуелсіз директорлардан және өзге тұлғалардан қалыптастырылады.

Холдингтің корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Холдингтің Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейінгі санды құрайды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрінің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 бұйрығына сәйкес, Холдингтің Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 2016 жылғы 30 желтоқсаннан бастап үш жылға белгіленген он адамнан тұратын құрамы анықталған.

## ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАРТУ

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері объективті пайымдауды жүзеге асыруға қауіп төндіруі мүмкін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе Холдингпен қарым-қатынастардан, оның басқаруынан немесе меншігінен бос болуы тиіс.

Тәуелсіз директор болып Жалғыз акционердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіпқойлық пен дербестікке ие тұлға танылады.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады және қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда мерзім аяқталғаннан кейін Тәуелсіз директор кезекті мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан артық мерзімге сайлау мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады.

Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде Холдинг «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, Холдинг Жарғысын, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

Тәуелсіз директор – Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылмайтын және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болмаған (оның Холдингтің тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) Холдингтің үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын; осы Холдингтің немесе оның еншілес ұйымының лауазымды тұлғаларына – Холдингтің үлестес тұлғаларымен бағыныштылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныштылықпен байланысты емес; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; Холдинг органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ол болмаған; аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Холдингтің аудитіне қатыспайтын және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі.

Жоғарыда аталғанды ескере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуелсіз директорлары Клаус Мангольд, Филип Йео және Томас Миров 2016 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің «Бәйтерек ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» №877 бұйрығымен 3 (үш) жылға сайланған.

## БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ директорлар Кеңесі құрамының ерекшелігін, оның мүшелерінің жоғары дәрежесін ескере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018 жылы директорлар кеңесі мүшелерін оқытуды ұйымдастырған жоқ. Директорлар кеңесінің мүшелері атқаратын қызметі аясында оқытудан өтеді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі мүшелері тарапынан біліктілікті арттыру қажеттілігі туралы бастамалар түскен жоқ.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Холдингтің Директорлар кеңесінің отырыстары 2018 жылы Холдингтің Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өткізілді. Сондай-ақ қажеттілігіне қарай Директорлар кеңесі кезектен тыс отырыстарды өткізді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің 11 отырысы өткізілді, оның ішінде 5 отырыс бетпе-бет түрде және 6 – сырттай өткізілді. Жалпы алғанда Директорлар кеңесі 80 мәселені қарастырды.

Директорлар кеңесі қарастырған ең маңызды мәселелер:

- Холдингтің 2017-2021 жылдарға арналған түзетілген даму жоспарын бекіту туралы;
- Холдингтің 2017 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- Холдингтің штаттық санын бекіту туралы;
- Холдингтің Дивидендтік саясатын алдын алы мақұлдау туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2017 жыл бойынша жылдық есебін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің 2017 жыл бойынша түйінді көрсеткіштері карталарының нақты нәтижелілігін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің 2018 жылға арналған мақсатты мәндері бар түйінді көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы;
- Холдингтің еншілес ұйымдарымен мүдделілікпен мәмілелер жасау туралы бірқатар шешімдер қабылдау туралы:

– «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін «ҚДБ» АҚ-мен қарыз шарттары;

– облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін шығарылатын борыштық бағалы қағаздарын сатып алу және Астана қаласының тұрғын үй құрылысының проблемалық объектілерін аяқтауды қаржыландыру үшін «Бәйтерек Девелопмент» АҚ-мен кредиттік шарт;

- Холдингтің ішкі құжаттарының бірқатарына: Холдинг тәуекелдерін басқару саясаты, Холдингтің ақпараттық қауіпсіздік саясаты, Холдингтің Корпоративтік хатшысының қызметі туралы ереже, Іскерлік этика кодексі, Холдингтің Корпоративтік есеп саясаты, Холдингтегі бизнес-үдерістерді, оларға тән тәуекелдерді және тәуекелдің негізгі индикаторларын айқындау әдістемесіне өзгерістер мен т олықтыруларды бекіту туралы.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2018 жылы отырыстарға қатысуы

| Директорлар кеңесінің мүшесі | Директорлар кеңесінің отырыстары | % | Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі |
|---|---|---|---|
| Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы | 11/11 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Жақсылыков Тимур Мекешұлы | 3/3 | 100 | 16.10.2018-19.12.2018 |
| Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлы | 0/0 | | 19.12.2018-31.12.2018 |
| Досаев Ерболат Асқарбекұлы | 11/11 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Смаилов Әлихан Асханұлы | 8/11 | 73 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Қасымбек Жеңіс Махмудұлы | 11/11 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы | 7/8 | 88 | 01.01.2018-16.10.2017 |
| Сүлейменов Тимур Мұратұлы | 9/11 | 82 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы | 10/10 | 100 | 10.01.2018-31.12.2018 |
| Клаус Мангольд | 10/10 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Филип Йео | 10/10 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Томас Миров | 10/10 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |

## 4.1.3 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Холдингте мынадай комитеттер жұмыс атқарады:

- Аудит комитеті
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет
- Стратегиялық жоспарлау комитеті

### АУДИТ КОМИТЕТІ

Аудит комитетінің қызметі Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаржы-шаруашылық қызметінің тиімді бақылау жүйесін (соның ішінде қаржы есептілігінің толықтығы мен шынайылығын бақылау) орнату, тәуекелдерді басқару мен ішкі аудит жүйелерінің тиімділігі мен сенімділігін бақылау, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау, сыртқы және ішкі аудит тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсыныстар жасауға бағытталған.

### АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ:

- **Томас Миров** – тәуелсіз директор, Аудит комитетінің төрағасы;
- **Клаус Мангольд** – тәуелсіз директор, Аудит комитетінің мүшесі.

2018 жылы Аудит комитеті 4 бетпе-бет және 5 сырттай отырыс өткізді, олардың барысында 38 мәселе қарастырылды.





Аудит комитеті мүшелерінің 2018 жылы отырыстарға қатысуы

| Аудит комитетінің мүшесі | Аудит комитетінің отырыстары | % | Аудит комитетінің құрамында болу кезеңі |
|---|---|---|---|
| Томас Миров | 9/9 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Клаус Мангольд | 9/9 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |

### АУДИТ КОМИТЕТІ 2018 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАҒАН ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есеп қаралды және мақұлданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есебі қарастырылып, мақұлданды;
- Холдингтің 2017 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке) қаралды және алдын ала мақұлданды;
- тоқсан сайынғы негізде Холдингтің тәуекелдері бойынша есептер, Ішкі аудит қызметінің аудиторлық анықтаулар және ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдары бойынша түзету іс-қимылдарын орындау мониторингінің нәтижелері туралы ақпараты бар есептері қаралды;
- Холдингтің 2018 жылға арналған бизнес-үдерістері, тәуекелдері мен бақылауларының матрицасы қаралды және мақұлданды;
- Холдингтегі бизнес-үдерістерді, оларға тән тәуекелдер және тәуекелдің негізгі индикаторларын айқындау әдістемесіне өзгерістер бекітілді;
- 2017 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметтерінің барынша ірі анықтаулары туралы ақпарат қаралды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі аудит қызметінің қызметін реттейтін кейбір ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар алдын ала мақұлданды.

### КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетнің қызметі кадр саясаты, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі, сондай-ақ Холдинг басқармасының мүшелері мен Корпоративтік хатшы қызметін бағалау саласында Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді терең қарастыру және мониторинг жүргізу арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің негізгі функциялары тағайындау (сайлау), ынталандыру ҚНК қою, қызметті бағалау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сыйақылары және сабақтастығын жоспарлау мәселелері, Корпоративтік хатшыны тағайындау және сыйақы беру мәселелері, сондай-ақ Жалғыз акционер осындай өкілеттіктерді берген жағдайда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысу мәселелерін қамтиды.

### КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ:

- **Клаус Мангольд –** тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы;
- **Филип Йео –** тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі;
- **Томас Миров –** тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2018 жылы 4 бетпе-бет және 4 сырттай отырыс өткізді, олардың барысында 22 мәселе қарастырылды.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің 2018 жылы отырыстарға қатысуы

| Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшесі | Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің отырыстары | % | Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет құрамында болу кезеңі |
|---|---|---|---|
| Клаус Мангольд | 8/8 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Филип Йео | 8/8 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Томас Миров | 8/8 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |

### КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ 2018 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАҒАН ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР:

- Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелерін тағайындау жөнінде ұсынымдар берілді;
- 2018 жылға арналған нысаналы мәні бар Холдингтің Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталары қаралды және мақұлданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскери этика кодексіне өзгерістер мақұлданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының Бірыңғай кадрлық резервін қалыптастыру және дамыту Тұжырымдамасы мақұлданды.

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ

Стратегиялық жоспарлау комитетінің қызметі Холдинг қызметінің орта және ұзақмерзімді перспективадағы қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, Холдинг қызметінің басымды бағыттарын жүзеге асыру мен оның даму стратегиясының мәселелері бойынша Холдингтің Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу мен ұсынуға бағытталған.

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ:

- **Филип Йео –** тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы;
- **Томас Миров –** тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі;
- **Жеңіс Қасымбек –** Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі , Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі;
- **Айдар Әріпханов –** Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Стратегиялық жоспарлау комитеті 2018 жылы 4 бетпе-бет және 3 сырттай отырыс өткізді, олардың барысында 14 мәселе қарастырылды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті мүшелерінің 2018 жылы отырыстарға қатысуы

| Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі | Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырыстары | % | Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамында болу кезеңі |
|---|---|---|---|
| Филип Йео | 7/7 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Томас Миров | 7/7 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Қасымбек Жеңіс Махмудұлы | 2/7 | 29 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы | 7/7 | 100 | 05.02.2018-31.12.2018 |





### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ 2018 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАҒАН ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар Кеңесі бекіткен 2016 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің мониторингі нәтижелері негізінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған даму жоспарының 2016 жылға арналған іске асырылу нәтижелерін бағалау назарға алынды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018-2021 жылдарға арналған бөлігінде 2017-2021 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспары, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018 жылға арналған түзетілген бюджеті және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2019 жылға арналған бюджеті мақұлданды;
- 2017 жылдың қорытындылары бойынша 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспарын орындау туралы есеп және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2017 жылға арналған Жылдық бюджетін орындау туралы есеп мақұлданды.

## 4.1.4
## КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшы Холдингтің Директорлар кеңесінің немесе Басқармасының мүшесі емес, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жұмыскері болып табылады, оны «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Холдингтің Директорлар кеңесі алдында есеп береді.

Корпоративтік хатшының құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Холдинг Жарғысымен, Холдингтің Корпоративтік хатшы туралы Ережесімен және Холдингтің өзге ішкі құжаттарымен анықталады.

Холдингтің Корпоративтік хатшысы туралы ережеге сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Холдингтің корпоративтік хатшысының міндеттері Холдингтің қызметкері болып табылмайтын және еңбек



### АЛДАБЕРГЕНОВ НҰРЛАН ШӘДІБЕКҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі кеңсесінің басшысы

1962 жылы 19 қарашада дүниеге келген.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

БІЛІМІ:

1984 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтын «Инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша, 1988 жылы – В.В. Куйбышев атындағы Мәскеу инженерлік-құрылыс институтын бітірген, экономика ғылымдарының кандидаты, 2005 жылы – «Заңгер» мамандығы бойынша Д.А. Қонаев атындағы университет.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

Еңбек жолын Алматы сәулет-құрылыс институтының кіші, одан кейін аға ғылыми қызметкері болып бастаған.

1989 бастап 1999 жылдар аралығында - Боралдай қабырға материалдарының өндірістік бірлестігі Бас директорының орынбасары, кәсіпкерлік қызметпен айналысқан, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазагромелиосушар" ЖЭС басқармасының бастығы, Алматы қаласы Баға және монополияға қарсы саясат комитеті төрағасының орынбасары.

1999 бастап 2004 жылдар аралығында – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің директоры.

2004 жылдан бастап 2006 жыл аралығында - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының бірінші орынбасары.

2006 жылдан бастап 2007 жыл аралығында - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары.

2007 жылғы желтоқсан айынан бастап 2011 жылғы желтоқсан айына дейін - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы.

2011 жылдан бастап 2017 жыл аралығында – Еуразия экономикалық комиссиясының алқа мүшесі (Министрі).

2017 жылғы наурыз айынан – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің басшысы

«Құрмет» орденімен (2006), II дәрежелі «Достық» орденімен (2013) және басқа да медальдармен марапатталған.

қатынастары қолданылмайтын және сыйақы төленбейтін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына жүктелуі мүмкін. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің басшысы Холдингті басқаруға қатыспайды.

Корпоративтік хатшыға жүктелген міндеттерді тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету Холдингтің Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі міндеті болып табылады. Қызметті Корпоративтік хатшы Орынбасары — Корпоративтік хатшының қызметінің басшысы басқарады, ол Қызмет жұмыскерлерінің арасында міндеттерді анықтайды және бөледі. Корпоративтік хатшы қызметі Холдингтің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және тікелей Корпоративтік хатшыға бағынады.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне:

- Холдинг органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыру мен қорғауға кепілдік беретін корпоративтік басқару ережелері мен процедураларын орындауын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының және Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі шешімдерін дайындау шараларын жүргізуді қамтамасыз ету;
- Холдингтің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;
- Холдинг туралы қажетті ақпаратты сақтауды, ашу мен беруді қамтамасыз ету;
- Холдинг органдары арасындағы нақты және тиімді өзара әрекетті қамтамасыз ету жатады.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 мамырдағы № 04/17 шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоравтивтік хатшысының міндетін атқарушы болып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы Алдабергенов Нұрлан Шәдібекұлы тағайындалды.

## 4.1.5
## БАСҚАРМА

Басқарма Холдингтің алқалы атқарушы органы болып табылады, ол оның ағымдағы жұмысына басшылық жасайды және даму стратегиясы мен жоспарын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің орындалуы үшін жауап береді. Холдинг Басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысына, Жалғыз акционердің, Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімдеріне, Басқарма туралы ережеге және Холдингтің өзге ішкі құжаттарына сәйкес атқарады.

Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне жалпы басшылық жасайды. Басқарма төрағасы Жалғыз акционердің, Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарма төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма мен Басқарма төрағасы өз қызметінде Жалғыз акционер мен Холдингтің Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

Басқарма мен Басқарма төрағасы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі критерийі Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен, алға қойылған ҚНК қол жеткізу болып табылады. Басқарма мүшелерінің ынталандыру ҚНК бөлігіндегі ұсыныстарын Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма төрағасы енгізеді.

### БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ӨМІРБАЯНДАРЫ

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг Басқармасына алты адам кірген.







### ӘРІПХАНОВ АЙДАР ӘБДІРАЗАҚҰЛЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

1974 жылы  қарашада дүниеге келген.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

БІЛІМІ:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын бітірген, «Болашақ» Президенттік бағдарламасы аясында Колумбия университетін (АҚШ) бітірген.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2004 жылғы сәуір айынан 2006 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі.

2006 жыл – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі басшысының орынбасары;

2006 жылдан 2007 жылға дейін — Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі.

2009 жыл — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі.

2009 жылдан 2010 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары.

2010 жылдан 2011 жылға дейін — «Қазақтелеком» АҚ басқарушы директоры.

2011 жылдан 2015 жылға дейін — «Қазатомнеркәсіп» ұлттық акционерлік компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасының міндетін уақытша атқарушы (31.03.2015 ж. бастап).

2015 жылдан 2017 жылға дейін — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.

2017 жылғы қаңтар айынан бастап желтоқсан айына дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары.

2017 жылғы желтоқсаннан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының төрағасы.



### ТАДЖИЯҚОВ ҒАЛЫМЖАН БИСЕНҒАЛИҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

1982 жылы 19 маусымда дүниеге келген.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

БІЛІМІ:

Қазақ Мемлекеттік Басқару академиясы, үздік.

Мамандығы «Халықаралық экономист».

Дарем университетінің бизнес мектебі (2008), Іскери әкімшіліктендіру магистрі (MBA)

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2008 жылдан 2010 жылға дейін – Корпоративтік директор, «HSBC Банк Казахстан» АҚ Мұнайгаз секторы басшысының міндетін атқарушы

2010 жылдан 2012 жылға дейін – «Ситибанк Қазақстан» АҚ Кіші Вице-президенті.

2012 жылдан 2016 жылға дейін – Еуразиялық даму банкінің басқарушы директоры.

2016 жылғы шілде айынан 2018 жылғы қаңтар айына дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жобалау және корпоративтік қаржыландыру жөніндегі басқарушы директор, Активтерді және пассивтерді басқару комитетінің мүшесі.

2018 жылғы 15 қаңтардан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

Жауапкершілік саласы

стратегия және корпоративтік даму, талдау және зерттеулер, активтерді басқару және корпоративтік қаржы мәселелері



## ОМАРҚОЖАЕВ ӘНУАР САҒЫНӘЛИҰЛЫ

**Басқарма төрағасының орынбасары**

1973 жылғы 31 қазанда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін, Бремен институтын (Германия) бітірген.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2002 жылғы шілде айынан бастап қараша айына дейін — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестицилар жөніндегі комитетінің атташесі.

2002 жылдан бастап 2006 жылға дейін — Қазақстан Республикасының ГФР-дағы Елшілігінің үшінші хатшысы.

2006 жылдан бастап 2007 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Президенті Хаттамасының бас инспекторы.

2007 жылғы қаңтар айынан бастап наурыз айына дейін — Хатшылық меңгерушісінің орынбасары — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің хаттама қызметінің басшысы.

2007 жылдан бастап 2012 жылға дейін — Премьер-Министр Кеңсесінің сыртқы байланыстар және хаттамалар бөлімінің меңгерушісі — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі хаттамасының Бастығы.

2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының Хатшылығының меңгерушісі.

2014 жылғы сәуірден бастап 2016 жылғы 3 қазанға дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министр Кеңсесі Басшысының орынбасары.

2016 жылғы 3 қазаннан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары.

### Жауапкершілік саласы:

ақпараттық технологияларды дамыту және енгізу, құқықтық қамтамасыз ету, құрылыс және тәуекелдер мәселелері



## ХАМИТОВ ЕРСАЙЫН ЕРБОЛАТҰЛЫ

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

1983 жылғы 5 қыркүйекте дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

А.Байтұрсынов ат. Қостанай мемлекеттік университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2007 жылдан бастап 2009 жылға дейін — «БТА «Банк» АҚ Корпоративтік бизнес басқармасы бастығының орынбасары.

2009 жылдан бастап 2010 жылға дейін — «Самұрық-Энерго» АҚ Инвестицияларды басқару департаментінің бас менеджері.

2010 жылдан бастап 2013 жылға дейін — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің бас менеджері.

2013 жылдан бастап 2014 жылға дейін — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің директоры.

2014 жылдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.

2016 жылғы ақпан айынан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының мүшесі.

### Жауапкершілік саласы:

экономика, бухгалтерлік есеп және есептілік, қазынашылық мәселелері







## БІРТАНОВ ЕСЖАН АМАНТАЙҰЛЫ

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

1975 жылы 1 шілдеде дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін — «Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы.

2014 жылы – ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар Департаменті ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының кеңесшісінің м.а.; ҚР Ұлттық Банкі Жоспарлау және бюджет департаменті директорының м.а.

2014 жылдан бастап 2015 жылға дейін — ҚР Ұлттық Банкі Жоспарлау және бюджет департаментінің директоры.

2015 жылдан бастап 2016 жылға дейін — «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) Басқарма төрағасы.

2016 жылдан бастап — «Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы.

2017 жылдан бастап - «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі.

2018 жылдың ақпан айынан бастап – «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

2018 жылдың қаңтар айынан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.

2018 жылдың мамыр айынан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.

### Жауапкершілік саласы:

активтерді және корпоративтік қаржыларды басқару мәселелері



## НҰРЛАНОВ НҰРЖАН НҰРЛАНҰЛЫ

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

1988 жылғы 10 мамырда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

American InterContinental University, London (2010), Бизнес-әкімшіліктендіру бакалавры.

University of Wales, London (2014), Маркетинг магистрі.

Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы (2016), Мұнай-газ ісінің техника және технология бакалавры.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2012 жылғы қараша айынан бастап 2013 жылғы қыркүйек айына дейін -

С ноября 2012 года по сентябрь 2013 года - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өңірлік даму бөлімінің сарапшысы, Астана қаласы.

2013 жылғы қыркүйек айынан бастап 2016 жылғы наурыз айына дейін - «ҚазТрансГаз» АҚ басқарушы директоры, Астана қаласы.

2016 жылғы наурыз айынан бастап 2018 жылғы қаңтар айына дейін - «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының техникалық саясат жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі, Астана қаласы.

2018 жылғы қаңтар айынан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.

18 жылғы наурыз айынан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

### Жауапкершілік саласы:

тәуекелдерді және тұрғын үй құрылыс активтерін басқару



## ҚУАТОВА АЙНҰР САИНҚЫЗЫ

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

1973 жылы 13 қазанда дүниеге келген.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

### БІЛІМІ:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Мидлсек университетін (Ұлыбритания) бітірген.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2005 жылдан бастап 2007 жылға дейін — «Ланкастер Инвест» АҚ вице-президенті.

2007 жылдан бастап 2010 жылға дейін –«КМК Мұнай» АҚ Бизнесті дамыту және маркетинг директоры.

2010 жылдан бастап 2012 жылға дейін — «Карповский Северный» АҚ президенті.

2012 жылдан бастап 2013 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің кеңесшісі.

2014 жылдан бастап 2015 жылға дейін — «Астана ЭКСПО — 2017» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2015 жылдан бастап 2016 жылға дейін — «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Стратегия және бизнес трансформациясы Басқармасы төрағасының орынбасары.

2016 жылдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.

2016 жылғы шілде айынан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.

### Жауапкершілік саласы:

инвесторлармен жұмыс, жобалық қаржыландыру және мемлекеттік- жекеменшік серіктестігі мәселелері

## 2018 ЖЫЛДАҒЫ БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 09 қаңтардағы №01/18 шешімімен 2018 жылғы 15 қаңтардан бастап Басқарма төрағасының орынбасары болып Ғалымжан Бисенғалиұлы Таджияқов сайланды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №02/18 шешімімен 2018 жылғы 24 қаңтардан бастап Басқарма төрағасының мүшесі Қайырбек Айтбайұлы Өскенбаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі №04/18 шешімімен 2018 жылғы 10 сәуірден бастап Басқарма төрағасының мүшесі Динара Нұрланқызы Сейітжапарованың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 01 наурыздағы №03/18 шешімімен 2018 жылғы 01 наурыздан бастап Басқарма мүшесі болып Нұржан Нұрланұлы Нұрланов сайланды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 17 мамырдағы №05/18 шешімімен 2018 жылғы 18 мамырдан бастап Басқарма мүшесі болып Есжан Амантайұлы Біртанов сайланды.





## БАСҚАРМАНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2018 жылы Холдинг Басқармасы 57 отырыс өткізді, оның ішінде 43 бетпе-бет және 14 сырттай. Басқарма қарастырған ең маңызды мәселелер:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018-2019 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Стратегия және корпоративтік даму жөніндегі комитетін құру туралы;
- Басқарушы комитетті құру және Басқарушы комитет туралы ережені бекіту туралы;
- «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары - ұлттық чемпиондар 2.0» бағдарламасын бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрақты даму саясатын бекіту туралы;
- еншілес ұйымдарда ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі үлгілік ережені бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018 жылға арналған Комплаенс-бағдарламасын бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ лауазымдарының грейдтер құрылымын бекіту туралы;
- Холдингтің бірқатар ішкі құжаттарына: Қызметкерлерді оқыту және кәсіптік дамыту ережесіне, Шарттарды дайындау, жасасу, орындау және сақтау мониторингі ережелеріне, Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдармен өзара іс-қимыл регламентіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.

Басқарма мүшелерінің 2018 жылы отырыстарға қатысуы

| Басқарма мүшесі | Отырыстарға қатысуы | % | Басқарма құрамында болу кезеңі |
|---|---|---|---|
| Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы | 57/57 | 100 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Омарқожаев Әнуар Сағынәлиұлы | 51/57 | 89 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Таджияқов Ғалымжан Бисенғалиұлы | 50/56 | 89 | 15.01.2018-31.12.2018 |
| Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы | 0/1 | 0 | 01.01.2018-24.01.2018 |
| Хамитов Ерсайын Ерболатұлы | 47/57 | 82 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Қуатова Айнұр Саинқызы | 52/57 | 91 | 01.01.2018-31.12.2018 |
| Сейітжапарова Динара Нұрланқызы | 9/12 | 75 | 01.01.2018-10.04.2018 |
| Нұрланов Нұржан Нұрланұлы | 43/50 | 86 | 01.03.2018-31.12.2018 |
| Біртанов Есжан Амантайұлы | 33/38 | 86 | 18.05.2018-31.12.2018 |

## 4.1.6

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысында белгіленген тәртіппен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуелсіз директорлары – Директорлар Кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін атқару кезеңінде Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.

Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу, шығыстар өтемақысы мен сыйлықақы беру тәртібі, мөлшері және шарттары Холдингтің жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директорлармен Холдингтің Директорлар кеңесі туралы Ережеге қосымшада көзделген редакцияда Холдингтің атынан шарт жасасады, онда тәуелсіз директорларға сыйақылар мен өтемақыларды төлеу мөлшері мен шарттары баяндалған. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің барлық өткізілген бетпе-бет және сырттай отырыстарының жартысына немесе жартысынан азына қатысқан жағдайда, тәуелсіз директор науқастануы немесе негізгі жұмыс орны бойынша демалыста болу себебінен болмаған жағдайларды қоспағанда, сыйақы азаяды.

2018 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауға байланысты сыйақы тек «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуелсіз директорлары –Директорлар Кеңесінің мүшелеріне төленді.

Холдингтің Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақы мөлшері Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 375 бұйрығымен белгіленген.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 18 шілдедегі шешімімен бекітілген (№07/16 хаттама) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдинг» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру ережесімен регламенттелген. Аталған ішкі нормативтік құжатқа сәйкес, Басқарма мүшелеріне Директорлар кеңесінің шешімі бойынша лауазымдық жалақы белгіленеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысына сәйкес қызмет нәтижелері бойынша есепті кезең үшін жылдық мөлшері 6 лауазымдық жалақыдан аспауға тиіс сыйақы төленеді. Басқарма мүшелеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы еңбек тиімділігін ынталандыруға арналған, белгіленген көрсеткіштерге минималды қол жеткізу және жұмыс істеу мерзімі бойынша бірқатар шектеулері бар, Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қызметтің стратегиялық шешуші көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелеріне және қызметті бағалау нәтижелеріне байланысты төленеді.

## 4.1.7

### ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қызметкерлері Ішкі аудиторлардың жаһандық институтының қазіргі мүшелері болып табылатын Холдингтің ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) миссиясы – тәуекелге бағытталған тәсілдеме, ұсыныстар беру және білім алмасу негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу арқылы ұйым құнын сақтау және арттыру болып табылады. Ішкі аудит тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ Холдингтің органы болып табылады, ол тікелей Директорлар кеңесіне, оның жанындағы Комитетке бағынады және оған өз жұмысы туралы есеп береді.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғының және Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің нормаларына, ІАҚ туралы Ереже мен Холдингте ішкі аудит ұйымдастыру туралы Қағидаларға сәйкес, ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру барысында Ішкі аудиттің жаѳандық институты ұсынған Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесі негіздерін (бұдан әрі ХІАКТН) басшылыққа алады.





ІАҚ басшысы – **Енгамеден Г.,** CIA, MSc in Financial Engineering and Risk management (University of Essex, UK), жұмыс өтілі 23 жыл.

Ішкі аудитор – **Науанова Д.А.**, CIA, MBA for the Global Energy Industry (Warwick Business School, UK), жұмыс өтілі 25 жыл.

Ішкі аудитор – **Жусупова Д.Б.**, Қазақ инженерлік-техникалық академиясының экономика және бизнес магистрі, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік салаларындағы құзыреттіліктер, жұмыс өтілі 16 жыл.

Директорлар кеңесі бекіткен жқмыс жоспарына сәйкес Холдингтің ІАҚ 2018 жылы сатып алу қызметіне, ақпараттық технологияларға, ақпараттық қауіпсіздікке, сыйақылар жүйесіне және Холдингтің атқарушы органы қызметінің түйінді көрсеткіштерінің нақты мәндерінің шынайылығына, Корпоративтік қаржы жүйесіне және әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін сақтауға кешенді аудит жүргізілді, сонымен қатар тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша жоспарлы кеңес беру тапсырмасы өткізілді.

Орындалған тапсырмалардың нәтижелері бойынша ІАҚ аудит қатысушыларына бизнес-үдерістерді жетілдіру, тәуекелдерді басқару және жалпы бақылау ортасын жетілдіру бойынша жүзге жуық жиынтық ұсынымдар берді, олардың ең маңыздылары ақпараттық қауіпсіздік, сандық жүйеге ауысу, ISO 27000 («Information technology – Security techniques – Information security management systems – Requirements») тобы стандарттарының критерийлері және COBIT («Control Objectives for Information and Related Technologies») әдіснамасы негізінде ақпараттық технологияларды қолдау және дамыту мәселелеріне, сондай-ақ ХІАКТН (Practice Guide) «Auditing Executive Compensation and Benefits» практикалық нұсқаулығының ережелері бойынша ынталандыру және сыйақылар беру мәселелеріне қатысты болды. ІАҚ ұсынымдары бойынша бекітілген түзету іс-әрекеттері жоспарларының уақтылы орындалуының орташа деңгейі шамамен 70% құрайды, басқалары да орындалады, бірақ кейбір кешігумен.

2018 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген ІАҚ қызметін ХІАКТН критерийлеріне және Ішкі аудитті қамтамасыз ету мен сапасын арттырудың ішкі бағдарламасына сәйкес ішкі бағалау Холдингтің ішкі аудит қызметі прогресінің бар екенін көрсетті және әрі қарай дамудың салаларын қайта айқындады, олардың ең маңыздысы – ІАҚ қызметін автоматтандыру болып табылады. Холдингтің ішкі аудитінің функциялары мен құжат айналымын автоматтандыру міндеті ІАҚ-ның жаңартылған командасы өкілеттігінің келесі үш жылдық мерзімі шеңберінде шешілетін болады деп күтілуде, оны сайлау 2019 жылдың екінші жартысына жоспарланған, себебі Холдинг Тобы ойынша қабылданған үлгілік ережеге сәйкес ішкі аудиторлар өз лауазымдарына қатарынан екі мерзімнен артық сайланбайды.

**ХОЛДИНГТІҢ ІАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ІШКІ АУДИТТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІБИ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН СЫРТҚЫ ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУШЫ 2013 ЖЫЛДАН БАСТАП 2017 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ХОЛДИНГТІҢ ІАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ БЕС ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША 2018 ЖЫЛЫ РАСТАДЫ.**

## 4.1.8

### КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ШИЕЛЕНІСТЕРІН РЕТТЕУ

Холдингтің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері басшылыққа алатын корпоративтік этика қағидалары мен нормалары Холдингтің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 04/15 шешімімен бекітілген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексінде бекітілген.

ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІН САҚТАУ ХОЛДИНГТІҢ БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН АТҚАРАТЫН ЛАУАЗЫМЫНА ҚАРАМАСТАН МІНДЕТТІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Бекітілген Іскерлік этика кодексіне сәйкес, Холдингтің негізгі құндылықтары меритократия, жауапкершілік, кәсібилік пен даму, бастамашылдық, өзара құрмет пен сенім, адалдық пен ашықтық, командалық рух болып табылады.

Холдинг қызметкерлері жыл сайынғы негізде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексі нормалары бойынша тестті табысты тапсырады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексі ережелерін сақтамау туралы мәліметтер жинау, оны бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық жасау, сондай-ақ дауларды реттеуге қатысу жұмыстарын Холдинг Омбудсмені жүргізеді. Іскерлік этика кодексі ережелерін бұзу жағдайлары орын алған жағдайда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жұмыскерлері жазбаша түрде де, ауызша түрде де Омбудсменге жүгінуге құқылы. Омбудсмен, өз кезегінде, жұмыскерлердің, лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ іскер серіктестердің және мүдделі тұлғалардың Кодекс ережелерін сақтамау мәселелері бойынша өтініштерін есепке алуды жүргізеді, бес жұмыс күні ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жұмыскерлері жүгінген жағдайда оларға «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика Кодексінің ережелерін түсіндіреді, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексін бұзу фактісі бойынша жүгінген жұмыскердің, лауазымды тұлғаның анонимділігін қамтамасыз етеді. Корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленісі бөлігінде Омбудсмен Холдингтің Корпоративтік шиеленістері мен мүдделер шиеленісін реттеу саясатына сәйкес, өз әрекеттерін жауапты тұлғалардың әрекеттерімен үйлестіреді.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 24 шілдедегі шешімімен Холдинг Омбудсмені болып Корпоративтік хатшының орынбасары — Холдингтің Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы Тұрғанова Майра Дүйсенбайқызы өкілеттік мерзімі екі жыл болып тағайындалды.

Холдинг пен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін шешімдерді қабылдаудың әділ, объективті және тәуелсіз үдерісін қамтамасыз ету мақсатында, Холдингтің Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 24 шілдедегі шешімімен Холдингтің Корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленісін реттеу саясаты бекітілді.

Саясат шиеленістерді сотқа дейінгі реттеу тәртібі мен процедураларын, сондай-ақ осы үдерістер аясында Холдинг органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің іс-әрекеттерін реттейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасын, Холдингтің корпоративтік басқаруды регламенттейтін Жарғысын және ішкі құжаттарын орындамау, сақтамау, сондай-ақ Холдингтің Директорлар кеңесінің отырыстарын ұйымдастыру және өткізу кезінде әлеуетті және нақты мүдделер қақтығыстарының фактілері 2018 жылы анықталған жоқ.





## 4.1.9

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

ХОЛДИНГТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ АНЫҚТАУ БОЙЫНША БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ, СОНДАЙ-АҚ ХОЛДИНГТЕ ОНЫ ҚАТАҢ ҚАБЫЛДАМАУ ЖАҒДАЙЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Холдингтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Холдингте оны қатаң қабылдамау жағдайын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Холдингтің әрбір басшысы мен қызметкерінің борышы болып табылады және оның ішінде білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Холдингте 2018 жылы төмендегі жұмыс жүргізілді:

- 2018 жылғы наурыз айында Холдингтің барлық жұмыскерлерін «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын білуге тестілеу өткізілді;
- 2018 жылғы сәуір айында Холдинг осы саладағы сарапшыны тарта отырып, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау» тақырыбында бизнес-таңғы ас ұйымдастырды;
- Холдинг 2018 жылғы қыркүйек айында МҚІСҚА ұлттық бюросымен бірлесіп, Холдингте және оның еншілес ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін талқылау үшін құзыреттер орталығын өткізді.

Холдингте бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу ережелеріне сәйкес, әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын білуге тестілеуден өтуге міндетті. 2018 жылы барлық үміткерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы білуге тестілеуден өтті. Бұдан басқа, 2018 жылы Холдингтің жаңадан келген лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдады:

- Холдингте функционалдық міндеттерді орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асырмау;
- жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;
- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе пайда көру мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес символдық назар аудару белгілері мен символдық кәдесыйларды қоспағанда, қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдауға жол бермеу.

Холдингтің іскер серіктестерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қолда бар саясаты мен әдістері туралы хабардар ету мақсатында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша Холдингтің жасасатын шарттарының үлгілік шаблондарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі талаптарды және сыбайлас жемқорлық фактілері пайда болған жағдайда байланыс арналарын көрсететін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімдері енгізілген.

Холдинг Басқармасының 2018 жылғы 24 қаңтардағы шешімімен Холдингтің 2018 жылға

ХОЛДИНГ БАСҚАРМАСЫНЫҢ **2018** ЖЫЛҒЫ **24** ҚАҢТАРДАҒЫ ШЕШІМІМЕН ХОЛДИНГТІҢ 2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОМПЛАЕНС-БАҒДАРЛАМАСЫ БЕКІТІЛДІ, СОНЫҢ АЯСЫНДА **«ХОЛДИНГТЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ»** БӨЛІМІ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН.

арналған Комплаенс-бағдарламасы бекітілді, соның аясында «Холдингте сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі қарастырылған.

Комплаенс-бағдарламаны орындау үшін 2018 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша келесі жұмыс жүргізілді:

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, Холдингтің ішкі аудит қызметінің есептерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін зерделеу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді;
- Холдингтің жауапты құрылымдық бөлімшесі Холдингтің ішкі құжаттарының жобаларына және оның басқару органдарының шешімдеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізді;
- Холдингте мүдделер қақтығысын анықтау, реттеу және болдырмау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін тұрақты негізде Холдингтің үлестес тұлғаларының және оның лауазымды тұлғаларының тізілімі жүргізіледі;
- кейіннен шаралар қабылдау, оның ішінде материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу мақсатында Холдингте ықтимал сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша қызметтік тексерулер/ тексерулер жүргізу көзделген;
- мүдделер қақтығысының алдын алу үшін Холдинг тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінім берген 87 контрагент және мүдделер қақтығысының алдын алу және іскерлік беделді орнату үшін (адалдық) демеушілік көмек алуға өтінім берген 33 контрагент тексерілді.

Холдингте кері байланыс арналары жолға қойылған және жұмыс істейді («жедел желі», байланыстың электронды және пошталық арналары), оған жеке және заңды тұлғалар жүгінуі және Холдингте болуы мүмкін немесе орын алған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлай алады. Сыбайлас жемқорлықтың барлық белгілі фактілері туралы келесі байланыс арналары арқылы: сенім телефоны («жедел желі»), e-mail хабарлау: compliance@baiterek.gov.kz, жазбаша Холдингтің мекенжайы бойынша немесе www.baiterek.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген басқа да байланыс нысандарына хабарлауға болады. Байланыс арналарының біріне жүгінген кезде өтініш берушінің анонимділігі қамтамасыз етіледі. 2018 жылы Холдингтің Комплаенс-қызметіне жеке және заңды тұлғалардан 14 өтініш келіп түсті, оның ішінде:

- 5 өтініш сатып алу мәселелері жөнінде;
- 3 өтініш еңбек шиеленістері бойынша;
- 2 өтініш «Даму» қоры» АҚ бойынша кепілдікті мүлік жөнінде;
- 3 өтініш қызметтік өкілеттіктерінен артық кету мәселесі жөнінде (өкілеттіктерден артық кету фактілері расталған жоқ);
- 1 өтініш «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ бойынша тұрғын үйді сатып алушылар пулына қосу жөнінде.





## 4.1.10
## СЫРТҚЫ АУДИТОР

САЯСАТҚА СӘЙКЕС, СОНДАЙ-АҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕ СЫРТҚЫ АУДИТОР ӘРБІР БЕС ЖЫЛ САЙЫН ЖОБА БОЙЫНША ӘРІПТЕСТІ (АУДИТ ҮШІН НЕГІЗГІ ЖАУАПТЫ) РОТАЦИЯЛАУ ҚАҒИДАТЫН ҰСТАНУҒА ТИІС.

Холдингтің 2019 жылға арналған Комплаенс-бағдарламасына сәйкес келесі іс-шаралар өткізу жоспарланған:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- Холдингтің БК бірінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;
- Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарының жобаларына және басқару органдарының шешімдеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпаратты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Холдингтің жоспарларын жартыжылдық және жылдық негізде дайындау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға ұсыну;
- Холдингтің контрагенттерін Холдингтің Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алуды жүргізу ережелеріне сәйкес тексеру;
- сыбайлас жемқорлық көріністері мен алаяқтық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын басқа да бұзушылықтар фактілері бойынша заңды және жеке тұлғалардың, Холдинг қызметкерлерінің өтініштерін қарау;
- тұлғалардың (жеке және заңды) өтініштерін қарау, комплаенс-тәуекелдерді басқару, Холдинг Басқармасы төрағасының тапсырмасы бойынша тексерулер жүргізу.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды регламенттейтін Холдингтің ішкі құжатында көзделген тәртіппен Холдингтің сыртқы аудитті таңдауы мақсатында мынадай рәсімдер жүзеге асырылады:

- сыртқы аудитор қызметтерін сатып алу рәсімдерін жүргізу;
- сыртқы аудиторды және оның қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;
- аудит жүргізуге шарт жасау.

ҚР заңнамасына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау, аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

2015 жылдан бастап Холдингтің сыртқы аудиторы 3 жылдық мерзімге «КПМГ Аудит» ЖШС болып табылады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сыртқы аудитті ұйымдастыру саясаты аудиторлардың ротациясын білдірмейді. Саясатқа сәйкес, сондай-ақ халықаралық тәжіриье негізінде сыртқы аудитор әрбір бес жыл сайын жоба бойынша әріптесті (аудит үшін негізгі жауапты) ротациялау қағидатын ұстануға тиіс.

Сыртқы аудиторлардан аудиторлық емес қызметтерді алған жағдайда Холдинг сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер қақтығысының (тәуекелдің) туындау мүмкіндігіне (сыртқы аудитордың мүдделілігі оның қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдайға) барлық қызметтерді қарайды.

# 4.2

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

## 4.2.1

### ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМДАСТАРЫ

Тәуекел-менеджмент басқарушылық үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі және корпоративтік басқарудың дамыған жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдингтің тәуекелдерді басқару үдерісінің негізгі элементі оның ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі қағидаттарымен, бизнес-үдерістермен бірігуі және әрбір жұмыскердің тәуекелдерді басқару үдерісіне тартылуы болып табылады.

Холдингте тәуекелдерді басқару саясаты жұмыс істейді, онда тұтастық, ашықтық, құрылымдылық, хабардар болу, үздіксіздік, циклділік сияқты тәуекелдерді басқару үдерісінің негізгі қағидаттары бекітілген.

**ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҮДЕРІСІНІҢ МАҚСАТЫ – МҮМКІНДІКТЕРДІ БАРЫНША ПАЙДАЛАНУ МЕН ШЫҒЫНДАРДЫ БОЛДЫРМАУ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢГЕРІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

Холдингте тәуекелдерді басқару Холдингтің мынадай органдары мен бөлімшелерін: Директорлар кеңесін, Басқарманы, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше мен өзге де құрылымдық бөлімшелерді, сонымен қатар Ішкі аудит қызметін тарта отырып, бірнеше деңгейде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін қадағалауды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары Холдингтің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын қою, Холдингте тәуекелдерді басқаруды реттейтін негізгі құжаттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі бойынша есептерді қарау болып табылады. Холдингтің Директорлар кеңесінің жанынан Аудит жөніндегі комитет құрылды, ол Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігіне бақылау жасау бөлігінде ұсынымдар беру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Басқарма корпоративтік саясаттарды орындау мен сақтауды қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты. Тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында Басқарма жанында Активтер мен пассивтерді басқару комитеті жұмыс істейді, оның негізгі функциялары – активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру қағидаттарына қол жеткізу, тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының активтері мен міндеттемелерін басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Холдингтің алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуіне және оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді азайтуға бағытталған маңызды құрамдас бөлігі тиімді жұмыс істейтін ішкі бақылау жүйесі болып табылады. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Холдингтің тәуекелдерге тез ден қоюға, Холдингтің негізгі және қосалқы бизнес-үдерістеріне және күнделікті операцияларына бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы тиісті дәрежедегі ішкі бақылау жүйесіне қатысушыларды дереу хабардар етуді жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруды көздейді. Ішкі бақылау жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі Холдингтің барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін ішкі бақылау аясында тартуды және тұрақты өзара іс-қимылды талап етеді.

Холдингтің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау корпоративтік жүйесі қызметтің барлық деңгейлері мен бағыттарын, бизнес-үдерістерді, есептілік/ақпарат түрлерін және операцияларды қамтиды. Бұл жүйе жалпыға белгілі қағидаттарды, ережелер мен үздік тәжірибелерді ескере отырып ұйымдастырылған және төменде модельде ұсынылған.








Бақылау рәсімдері Холдингтің мақсаттарының, міндеттері мен жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау, сондай-ақ Холдингтің Лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан тәуекелдер мен ықтимал заңсыз іс-әрекеттердің алдын алу, шектеу және алдын алу жөніндегі іс-шаралар мен іс-қимылдардың Құжаттамалық бекітілген жүйесі болып табылады. Бақылау рәсімдері Холдингтің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және оларды Холдингтің органдары, құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері сақтауға тиіс.

Есепті жылы холдингте тәуекелдерді басқару бойынша келесі жұмыстар жүргізілді:

- Холдингтегі барлық бизнес-үдерістерге кешенді талдау жүргізілді, ол тәуекелдерді анықтау үдерісі алдында болады. Холдингтегі бизнес-үдерістерді анықтау екі негізгі тәсілге негізделеді: бизнес-үдерісті сипаттау және регламенттеу. Осы тәсілдерді кезең-кезеңмен пайдалану қандай да бір бизнес-үдерістің мәнін кешенді айқындауға, сондай-ақ кейіннен оның үздіксіз мониторингін қамтамасыз етуге бағытталған.
- 2018 жылға бизнес-үдерістер, тәуекелдер және бақылау матрицасы бекітілді, ол Холдингтің негізгі бизнес-үдерістерін талдаудан тұрады және олардың тәуекелдерге бейімділігін бағалауға және осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін қалыптастыруға бағытталған ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің құралы болып табылады.
- бизнес-үдерістерді, тәуекелдерді, бақылау рәсімдерін сәйкестендіру және бағалау үдерісін, тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасауды, бизнес-үдерістердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасын, сондай-ақ тәуекелдің негізгі индикаторларын әзірлеуді регламенттейтін Холдингтегі оларға тән тәуекелдер мен тәуекелдің негізгі индикаторларын айқындау әдістемесіне өзгерістер енгізілді. Негізгі өзгерістер стратегиялық мақсаттарға, бизнес-үдерістерді, тәуекелдерді және бақылау рәсімдерін нақтылауға байланысты тәуекелдерді айқындау қажеттілігіне қатысты.

**ХОЛДИНГТЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ТҰРАҚТЫ, ДИНАМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ ҮДЕРІС БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ОЛ: СӘЙКЕСТЕНДІРУ, ӨЛШЕУ, БАҚЫЛАУ, МОНИТОРИНГ ҚҰРАМДАСТАРЫНАН ТҰРАДЫ.**

- Холдинг пен оның басшылары өзінің бизнесті дамыту стратегиясы аясында қабылдауға дайын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді негізде нәтижелердегі өзгерістер мүмкіндігін білдіретін әр түрлі құрамдастар мен метрикалар бойынша тәуекел-тәбет бекітілді.

2018 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқармасы тоқсан сайынғы негізде Холдинг Тобының негізгі тәуекелдерін сипаттай отырып, тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қарады, тәуекелдердің негізгі индикаторларына, тәуекелдер тіркеліміне және карталарына мониторинг және өзектендіру, сондай-ақ сындарлы тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын жүзеге асырды.

Одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында Холдинг 2019 жылы және орта мерзімді перспективада өз алдына мынадай міндеттерді қояды:

- Холдингтің тәуекел-мәдениеті деңгейін арттыру және оның Холдингтің корпоративтік басқару жүйесіне кірігуі;
- Basel және COSO тұжырымдамаларын ескере отырып, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі саласында Холдинг Тобында тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау бойынша қолда бар тәсілдерді ықпалдастыру және біріздендіру;
- тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, тәуекелдерді және бақылау рәсімдерін тиімді бағалау, тәуекелдің барлық түрлерін барынша азайту және Холдинг тәуекелдері бойынша есептерді шоғырландыру бағыттары бойынша есептілік жүйесін енгізу аясында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін автоматтандыру.

## 4.2.2
## ХОЛДИНГТІҢ ТҮЙІНДІ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Холдинг түйінді тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру үдерісінде сыртқы консультантты тарта отырып әзірленген тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің моделі аясындағы бірыңғай стандартты ұстанады. Модель тәуекелдің негізгі түрлерін (өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел) бағалауды, сондай-ақ олардың агрегациясын және қалыпты және стресстік жағдайларда есептелген тәуекелдердің біріктірілген мөлшерін жабу үшін қолжетімді қаржы ресурстарының жеткіліктілігін бағалауды қамтиды.

### ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды, бұл өз кезегінде, Холдингтің өзінің теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру үшін қолайлы баға бойынша жеткілікті өтімді қаражатпен қамтамасыз етілуіне әсер етеді.

Холдинг өтімділікті басқаруды барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында оларды өтеу мерзімдерінің басталуына қарай жүзеге асырады.

Өтімділікті басқару жөніндегі Холдингтің рәсімдері:

- негізгі валюталар қимасында ақша ағындарын болжау және өтімді активтердің қажетті деңгейінің осы ақша ағындарына байланысты есептеу;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз қаражатының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- қарыздық қаржыландыру бойынша жоспарларды әзірлеу;
- кассалық өтімділік үзілген жағдайда қорғау шарасы ретінде еркін сатуға болатын өтімділігі жоғары активтер портфеліне қызмет көрсету;
- өтімділікті және қаржыландырудың берілген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;
- Холдинг Тобы өтімділігінің теңгерімдік көрсеткіштерінің заңмен белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.





### НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛІ

Холдинг нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістер тәуекеліне ұшыраған валюталық, пайыздық және үлестік құралдар бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырайды.

Нарықтық тәуекелдерге ұшырауды басқару жүйесінің мақсаты Холдинг өзіне қабылдайтын жиынтық тәуекелді меншікті стратегиялық міндеттерге сәйкес деңгейде ұстау болып табылады. Күтпеген қаржы шығындарына әкелуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшырауды барынша азайту негізінде Холдингтің активтері мен капиталының барынша сақталуын қамтамасыз ету басымды болып табылады.

Нарықтық тәуекелдерді басқару үдерісі келесі дәйекті кезеңдердің орындалуын қамтиды:

- басқаруды жоспарлау – нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықты тиімді басқаруды жүзеге асыру үшін релеванттық тәсілдерді айқындау;
- сәйкестендіру – холдингтің қаржылық нәтижесіне теріс әсер ете алатын нарықтық тәуекелдерге бейімділік түрлерін айқындау және құжаттау;
- сапалы бағалау – Холдингтің қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында нарықтық тәуекелдерді сапалы талдау, олардың туындау себептерін айқындау;
- сандық бағалау – нарықтық тәуекелдерді іске асыру салдарының пайда болу ықтималдығын және әсерін сандық талдау;
- ден қоюды жоспарлау - нарықтық тәуекелдерді іске асырудың теріс салдарларын әлсірету жөніндегі рәсімдер мен әдістерді айқындау;
- мониторинг және ұшырағыштықты бақылау – нарықтық тәуекелдердің мониторингі және оларды уақтылы басқару бойынша рәсімдерді орындау; нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықты барынша азайту бойынша қабылданған іс-әрекеттердің тиімділігін бағалау.

### КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Холдинг қаржы құралы бойынша контрагенттің өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі болып табылатын кредиттік тәуекелге бейім.

Кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің мақсаты – оның алдын алу, қарыз алушының өзінің қаржылық міндеттемелерін орындамауы салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығын төмендету болып табылады.

Кредиттік тәуекелді басқару үдерісі келесі дәйекті кезеңдерді орындауды қамтиды:

- сәйкестендіру – Холдингтің қаржылық нәтижесіне теріс әсер етуге қабілетті кредиттік тәуекел факторларын айқындау және құжаттау;
- сапалы бағалау – кредиттік тәуекелді сапалық талдау, олардың Холдингтің қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында олардың туындау себептерін айқындау;
- сандық бағалау – кредиттік тәуекелді іске асыру салдарларының туындау ықтималдығын және Холдингтің қаржылық нәтижесіне әсерін сандық талдау;
- ден қою – кредиттік тәуекелді іске асырудың теріс салдарларын әлсірету жөніндегі рәсімдер мен әдістерді айқындау;
- мониторинг және бейімділікті бақылау – кредиттік тәуекел мониторингі, оны уақтылы басқару жөніндегі рәсімдерді орындау, Холдингтің кредиттік тәуекеліне ұшырауды азайту бойынша қабылданған іс-қимылдардың тиімділігін бағалау.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары кредиттік тәуекелге ерекше көңіл бөледі, кредиттік тәуекел деңгейін анықтау бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына барынша жоғары лимиттер белгілеу жолымен тұрақты негізде жүзеге асырылады. Лимиттерді белгілеу кезінде Холдинг контрагенттердің халықаралық рейтингтік агенттіктер берген кредиттік рейтингтерін пайдаланады, сондай-ақ қаржылық есептілік бойынша қолжетімді деректер негізінде қаржылық жай-күйіне бағалау жүргізеді. Тәуекелдің осы түрінің шоғырландырылған негізде мониторингі мен бақылауды Холдингтің уәкілетті органы жүзеге асырады.

# 05

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

5.1.
Тұрақты дамуды басқару жүйесі
5.2.
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік
5.3
Ақпараттық саясат
5.4
Қоршаған ортаны қорғау
5.5
Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі
5.6
Қызметкерлерді басқару
5.7
Демеушілік және қайырымдылық көмек







## 5.1

## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Холдинг және оның еншілес ұйымдары бизнес пен қоғам мүдделерінің теңгерімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін өз қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді басқаруға ұмтылады.

**ХОЛДИНГ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАРАШАДАҒЫ ШЕШІМІМЕН ХОЛДИНГТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫН, МІНДЕТТЕРІН ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫН БЕЛГІЛЕЙТІН ХОЛДИНГТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ БЕКІТІЛДІ.**

Холдингтің орнықты дамуы – бұл Холдинг өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын қағидаттар мен міндеттемелердің жиынтығы, атап айтқанда:

- мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасты басқару;
- ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсер етуді бағалау және басқару.

Холдинг өз қызметі аясында Холдингтің корпоративтік басқару кодексінде бекітілген орнықты дамудың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.

Холдинг сондай-ақ өз қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстанатынын мәлімдейді:

1) адам құқықтарын қорғау саласында:
- Холдинг халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;
- Холдинг адам құқықтарының бұзылуына қатыспауды қамтамасыз етеді.

2) еңбек қатынастары саласында:
- Холдинг ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және мойындайды;
- Холдинг мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді.

3) қоршаған ортаны қорғау саласында:
- Холдинг сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерді қолдайды;
- Холдинг қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдайды;
- Холдинг экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі.

4) сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында:
- Холдинг бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді.

Холдингтің тұрақты даму саясаты Холдингтің тұрақты даму саласындағы қызметінің 4 негізгі бағытын айқындайды.

Тұрақты даму саласындағы Холдингтің қызметінің бағыттары

| | Қызмет бағыты | Холдингтің тәсілі |
|---|---|---|
| Экономикалық тақырыптар | Ұлттық экономиканың орнықты дамуына жәрдем көрсету | • Холдинг экологиялық және әлеуметтік мәселелерде, сондай-ақ жауапты инвестициялау тәжірибесін дамыту мақсатында Холдинг пен ЕҰ қаржылық қолдау алатын жобалар аясында корпоративтік басқару мәселелерінде (ESG факторлары) озық халықаралық тәжірибені сақтайды. |
| Экологиялық тақырыптар | Өзіндік экологиялық әсерді басқару | • Холдинг ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және энергия тиімді технологияларды енгізу арқылы қолданыстағы теріс экологиялық әсерді азайтуға, суды тұтынуды азайтуға, кеңсе мұқтаждары үшін қағаз жұмсауды азайтуға ұмтылады. |
| Әлеуметтік тақырыптар | Жауапты еңбек тәжірибесі | • Холдинг тең мүмкіндіктер беру қағидатын басшылыққа алады және өз қызметкерлерін жұмысқа жалдау, еңбекақы төлеу, оқуға рұқсат беру, лауазымын көтеру, жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да нанымдары, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктері сияқты негіздер бойынша жұмыстан шығару кезінде кемсітуге жол бермейді |
| | Жауапты іскерлік тәжірибе | • Холдинг сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ететін саясат пен тәжірибені енгізеді және қолдайды.<br>• Холдинг өзінің лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің, контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық және оған қарсы іс-қимыл мәселелерінде хабардар болуын арттырады. |

## ХОЛДИНГТЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ХОЛДИНГ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ЖҮЙЕСІ АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Холдинг басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын бекітеді. 2018 жылдан бастап Холдингтің топ-менеджментін ынталандыру жүйесіне «Холдингтің тұрақты дамуын қамтамасыз ету» ҚНК арқылы орнықты даму жөніндегі іс-шаралар енгізілді.

Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары қызметті жүргізу және міндеттерді орындау кезінде орнықты даму қағидаттарына бейілділігін сақтайды және барлық қызметкерлердің тартылуына ықпал етеді. Холдингте тұрақты дамуды енгізуге байланысты тақырыптар бойынша біліктілікті арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. 2018 жылы Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің және оның еншілес ұйымдарының басшылары мен қызметкерлері «Қаржы ұйымдары үшін тұрақты даму» тақырыбында оқудан өтті.

2018 жылы Холдинг Халықаралық қаржы корпорациясының (бұдан әрі – ХҚК) Экватор қағидаттары және БҰҰ жауапты инвестициялау қағидаттары секілді бастамаларға негізделетін «Investing for Impact: Operating Principles for Impact Management» (бұдан әрі – импакт-инвестициялау қағидаттары) қаржыландырылатын жобаларының әлеуметтік және экологиялық әсерін басқару қағидаттарын (бұдан әрі-импакт-инвестициялау қағидаттары) әзірлеуге белсенді қатысты. Импакт-инвестициялау қағидаттары қаржыландырылатын жобаның экологияға және қоғамға әсерін кешенді бағалауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жобаны іске асырудан болатын әлеуетті теріс салдарды басқаруға бағытталған. 2019 жылдың сәуір айында Холдинг Дүниежүзілік банк тобының және Вашингтондағы Халықаралық Валюта Қорының көктемгі кездесулері кезінде осы қағидаттарды ресми іске қосуға қатысады. Форум нәтижелері бойынша Холдинг жыл сайынғы есептерді дайындау бойынша кейінгі міндеттемемен импакт-инвестициялау қағидаларын ұстану туралы мәлімдемеге қол қоюды жоспарлап отыр.

2018 жылғы қыркүйекте Директорлар кеңесінің шешімімен Холдингтің жаңа редакциядағы инвестициялық саясаты бекітілді, оған сәйкес қаржылық қолдау көрсету кезінде ESG факторлары (экологиялық, әлеуметтік факторлар және адал корпоративтік басқару факторлары) ескеріледі. Сондай-ақ, саясат шеңберінде әлеуетті жобаларды басымды ету құралы - Даму индексі енгізілді, ол елдің дамуына үлес қосуға және ықпал етуге қабілетті аса маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Холдинг ашылатын ақпараттың ашықтық деңгейін арттыру бойынша жұмыс жүргізуде. Мәселен, Холдинг Тобында жылдық есептерді дайындау сапасын арттыру және Холдинг Тобында ақпаратты ашу бойынша тәсілдердің біркелкілігін арттыру мақсатында тұрақты даму саласындағы есептілік (GRIStandards) бойынша жаһандық бастама стандарттары негізінде еншілес ұйымдар үшін тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу бойынша ең төменгі талаптар (ұсынымдар) әзірленді.

Есепті жылы Холдингтің корпоративтік сайтында «Тұрақты даму» бөлімі орналастырылған, онда Холдингтің тұрақты дамуға деген көзқарасы, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына бейімділігі және тұрақты даму саласындағы қызметтің негізгі бағыттары қамтылған.

Холдингте тұрақты даму тәжірибесін одан әрі дамыту аясында 2019 жылға жоспарланған іс-шаралар:

- Холдингтің тұрақты даму саласындағы бастамаларын Холдингтің 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясына енгізу;
- тұрақты даму саласында халықаралық рейтинг алу (ESG рейтингі);
- «Investing for Impact: Operating Principles for Impact Management» импакт-инвестициялау бойынша ХҚК бастамасына қосылу;
- тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, сатып алу туралы шарттың үлгі нысанын өзектендіру;
- еншілес ұйымдар деңгейінде тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- тұрақты даму мәселелері бөлігінде даму институттарымен және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау.

## ХОЛДИНГТІҢ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Холдинг басшылығы 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған кедейлікті жоюға, ғаламшардың ресурстарын сақтауға және жалпыға бірдей әл-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған 17 тұрақты даму мақсаттарын (бұдан әрі-ТДМ) қолдайды.

ТДМ-ға қол жеткізуге Холдингтің жәрдем көрсетуі қызметті жүргізуге жауапты тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, жобалық қоржынды қалыптастыру кезінде Холдинг ТДМ-ға сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер ететін жобаларға, оның ішінде Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін жобаларға басымдық береді:

- толық және тұрақты индустрияландыру;
- қалалар мен елді мекендердің ашықтығы, қауіпсіздігі, өміршеңдігі және экологиялық тұрақтылығы;
- Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың/қалалардың экономикасын әртараптандыру.

Есепті жылы Холдинг БҰҰДБ-мен бірлесіп әдіснамалық қолдау көрсету, алға жылжыту және оқыту арқылы Қазақстанда ТДМ енгізу туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

# 5.2 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

**ХОЛДИНГ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ТИІМДІ ЖӘНЕ ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ОРНАТУҒА ҮЛКЕН МӘН БЕРЕДІ.**

Мүдделі тараптарды анықтау кезінде Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптармен анықтау мен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарын пайдаланады.

Холдингте бекітілген Стейкхолдерлер картасы негізгі мүдделі тараптардың тізбесін және олардың ықпал ету дәрежесін айқындайды. Карта стейкхолдерлердің әрқайсысымен барабар жұмыс стратегиясын құру үшін Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының ортасы туралы ақпаратты жүйелендіруге және визуализациялауға мүмкіндік береді.

Стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін арттыруға, компанияны капиталдандыруға, барлық мүдделі тұлғалармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады.

Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде Холдинг мүдделі тараптарды екі фактор бойынша саралау жүргізеді: стейкхолдерді қолдау/қарсы тұру дәрежесі, оның Холдингке әсер ету күшін бағалау. Алынған бағалау негізінде Холдингтің құрылымдық бөлімшелері қызметтің ерекшелігіне байланысты мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бағыттарын айқындайды.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбат және т. б. болып табылады.

Холдингтің мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі Холдингтің қызметін басқару процесінің барлық сатыларында мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, әлеуетті тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға мүдделі тараптарды тартуды көздейтін тарту қағидаттарына негізделген.

Өз кезегінде, тартылушылыққа келесі үш қағидатты сақтаған кезде қол жеткізіледі:

1) Мәнділік. Холдинг өзінің мүдделі тараптарын нақты айқындайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері елеулі болып табылатындығын түсінеді.

2) Толықтық. Холдинг өз қызметі процесінде мүдделі тараптардың қауіптеріне назар аударады, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктерін және қызметтің күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерді түсінеді.

3) Әрекет ету. Холдинг мүдделі тараптардың барлық маңызды мәселелеріне дәйекті жауап береді.

Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқаруды ұйымдастыру мақсатында Холдинг өз қызметін мынадай негізгі қағидаттарға шоғырландырады:

- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;
- өз қызметі туралы мақсатты аудиторияларды белсенді ақпараттандыруға ұмтылады;
- мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау бойынша сыртқы кандидаттар арасында конкурстық іріктеу, қаржылық және қаржылық емес қызметтерді ұсыну) іске асыру, сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде ақпараттық ашықтықтың объективтілігін, шынайылығын, тәуелсіздігін және жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және өнімді ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындайды;
- тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алады.







Мүдделі тараптардың негізгі топтары және олармен өзара әрекеттестік әдістері

| Мүдделі тараптардың топтары | Мүдделі тараптардың мүдделері | Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік стратегиясы |
|---|---|---|
| Жалғыз акционер | Холдингтің Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау | • Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдинг Жарғысына сәйкес негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары аясында Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету.<br>• Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайы ақпаратты ұсыну. |
| Басқару органы | Холдингтің қызметіне жалпы басшылық | • Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Холдингтің Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Холдинг қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру. |
| Менеджмент | Холдингтің ағымдағы қызметіне басшылық ету, Холдингтің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау | • Жалғыз акционердің және Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау.<br>• Холдинг қызметіне қатысты даму жоспарын және басқа да мәселелерді дайындау және іске асыру. |
| Қызметкерлер | Жұмыс берушімен еңбек қатынастары. Еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайды | • Холдингтің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау<br>• ашық, айқын, білікті және дәлелді қызметкерлерді, кадр саясатын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүргізу. Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, олардың нәтижелерін адал және әділ бағалау, қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттер, білім мен дағдылар негізінде іріктеу және мансаптық өсіру. |
| Еншілес ұйымдар | Акционерлердің/қатысушылардың мүдделерін сақтау | • Холдингтің еншілес ұйымның акционері/қатысушысы ретінде өз құқықтарын іске асыруы. |
| Мемлекеттік органдар | Заңнамалық және атқарушылық функцияларды жүзеге асыру | • Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу.<br>• Холдинг қызметінің негізгі бағыттарын келісу. |
| Клиенттер, тұтынушылар | Коммерциялық мүдделер/ Әлеуметтік мүдделер | • Холдингтің және еншілес ұйымдардың қаржылық/ қаржылық емес өнімдері мен қызметтерін тұтынушылардың болжамдарына сәйкестігін қамтамасыз ету<br>• Шарттарды жасау, орындалуын бақылау. |
| Жеткізушілер | Коммерциялық мүдделер | • Шарттарды жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. |
| Инвесторлар | Пайда алу мақсатында инвестициялау | • Жобаларды іске асыру және негізгі қызмет үшін инвестициялар тарту. |

| Мүдделі тараптардың топтары | Мүдделі тараптардың мүдделері | Мүдделі тарапмен өзара әрекеттестік стратегиясы |
|---|---|---|
| Серіктестер | Коммерциялық мүдделер | • Өзара тиімді ынтымақтастық, бизнес - және технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру.<br>• Шарттар жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. |
| Аудиторлар, Консалтингтік Компания | Қаржылық аудит бойынша қызметтерді және консалтингтік қызметтерді көрсету | • Консалтингтік және аудиторлық қызметтерді көрсету бойынша шарттар жасау.<br>• Қаржылық есептілік аудиті, сыртқы аудит. |
| Қаржы институттары | Депозиттік шоттарда еркін ақша қаражатын орналастыру, арнайы шоттарға қызмет көрсету | • Шарттар жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.<br>• Қаржылық көрсеткіштерді жақсарту. |
| Бұқаралық ақпарат құралдары | Холдингтің қызметі туралы жарияланымдар және хабардар ету | • Ақпараттық қызметі ұйымдастыру:<br>– PR-бағдарламаларды іске асыру үшін;<br>– Холдингтің күшті жақтары мен мүмкіндіктерін мақсатты аудиторияға жеткізу үшін;<br>– позитиві қоғамдық пікір құру үшін;<br>– ақпаратты дұрыс, тұрақты, үздіксіз және уақтылы ашу арқылы Холдинг қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін;<br>– ақпаратты дұрыс, тұрақты, үздіксіз және уақтылы ашу арқылы Холдинг қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету;<br>– Холдинг брендінің танылуын қолдау;<br>– Холдинг қызметінің негізгі бағыттары бойынша қызметінің нәтижелерін ұсыну. |
| Бәсекелестер | Нарықта қатысу үлесін ұлғайту | • Корпоративтік басқару кодексіне, Холдингтің іскерлік этика кодексіне сәйкес адал бәсекелестік принципін ұстану.<br>• Мониторинг және нарықты талдау. |
| Халық | Холдинг қызметінің ашықтығы | • Бедел аудиті, қоғамдық пікір сұраулары, PR-стратегияны іске асыру.<br>• Өз қызметі туралы қаржылық және қаржылық емес есептілікті жариялау.<br>• Әлеуметтік жауапкершілік, қызметтің айқындылығы және тұрақты даму қағидаттарына практикалық бейілділігін көрсету.<br>• Жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылу. |
| Қоғамдық ұйымдар | Қоғамдық ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру | • Заңнама нормаларын сақтау, қайырымдылық пен демеушілік жасау.<br>• Ортақ мәселелер бойынша өзара келісім.<br>• Қауымдастықтармен және бірлестіктермен бірлескен іс-шаралар өткізу. |





# 5.3

# АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ



Холдингтің және ЕҰ ақпараттық жұмысы Холдингтің Басқармасының 2015 жылғы 26 маусымдағы шешімімен бұрын бекітілген PR-стратегиясы аясында жүргізіледі. 2019 жылы Холдингтің Даму стратегиясына сәйкес оны өзектендіру жоспарланған. Холдингтің өзектендірілген PR-стратегиясы коммуникациялық саясаттың бірыңғай стандарттарын айқындайтын Холдинг Тобының Ақпараттық жұмысындағы негізгі стратегиялық құралдардың бірі болады.

Ақпаратты ашуды Холдинг ақпаратты мынадай тәсілдермен тарату жолымен жүзеге асырады:

- Заңнамада, Холдинг Жарғысында, Ақпаратты ашу саясатында және Холдингтің басқа да ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен ақпарат алушыларға ақпаратқа (құжаттарға) қол жеткізуді ұсыну;
- БАҚ-на орналастыру;
- Интернет желісіне Холдингтің веб-сайтына мына мекенжай бойынша орналастыру: www.baiterek.gov.kz және Холдингтің Facebook, instagram; twitter, youtube ресми аккаунттарында.
- Холдингтің ішкі ресурстарына орналастыру (бағдарламалық өнімдер portal.baiterek.gov.kz "Microsoft Outlook Express", "Outlook Express" және басқалар);
- ақпарат алушылармен баспасөз конференцияларын және кездесулер өткізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің құжаттарында көзделген өзге де тәсілдер.

Холдинг жылдық медиа-жоспар әзірлейді, оны Холдинг Басқармасы бекітеді. Бұдан басқа, Холдинг Тобының ай сайынғы негізде оқиғалар іс-шараларының медиа-жоспары дайындалады, оны Холдингтің Басқарма Төрағасы бекітеді, және одан әрі орындалуы туралы есеп беріледі.

2018 жылға арналған медиа-жоспарды іске асыру аясында БАҚ-та Холдингтің 27 іс-шарасы кеңінен жария етілді, 52 баспасөз хабарламасы және 15 сұхбат жарияланды, 14 тақырыптық инфографика орналастырылды, сондай-ақ 2 брифинг ұйымдастырылды, «Қазақстан», «Хабар 24», «СТВ» телеарналарында кейіннен ротациялаумен 2 бейнеролик жасалды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде БАҚ және әлеуметтік желілерде Холдинг туралы 800-ге жуық материал тіркелген. 2018 жылы медиа-жоспарды сапалы іске асыру «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне сенім деңгейін арттыруға оң әсер етті.

2018 жылы «Кейком Имэдж» ЖШС компаниясы Холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалау бойынша зерттеу жүргізді, оның мақсаты Холдинг қызметі туралы хабардар болу дең-

гейін, мақсатты топтардың хабардар болуын анықтау болып табылады; сенім деңгейінің интегралдық коэффициентін есептеу негізінде қажетті басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін нысаналы топтардың Холдингке және оның қызметіне қабылдауы мен қатынасын бағалауды айқындау, оның бастапқы деректері нысаналы топтарға сауалнама жүргізу және сенім критерийлерінің объективті көрсеткіштерін есептеу нәтижесінде алынған. Зерттеу 2018 жылы өзектендіру тәртібімен Әдістемеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне сенім деңгейін бағалау жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізілді. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, барлық нысаналы топтардың Холдинг қызметіне қатысты интегралдық сенім индексі 2018 жылы 87,8%-ды құрады және 2017 жылмен салыстырғанда 4%-ға өсті.

**2018 ЖЫЛЫ ХОЛДИНГТІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ СЕНІМ ИНДЕКСІ 87,8% ҚҰРАДЫ.**

**87,8%**

Холдингтің сенім индексі, %




Холдингтің қызметіне сенім деңгейін арттыру мақсатында 2018 жылы мынадай іс-шаралар іске асырылды:

- еншілес ұйымдардың баспасөз хатшыларымен 17 кеңес өткізілді, онда PR-стратегия шеңберіндегі ақпараттық жұмыстың өзекті мәселелері талқыланды.
- Холдинг сайтында жұртшылықпен тұрақты кері байланыс тетігі әзірленді. Атап айтқанда, «Сұрақ-жауап» айдары ашылды http://baiterek.gov.kz/ru/vopros-otvet, онда 2018 жылы халықтан 13 өтініш келіп түсті, оларға жауаптар Холдингтің бейінді БК-мен жедел пысықталды және Холдингтің сайтында орналастырылған.





# 5.4 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Өз қызметінің сипатына байланысты Холдинг қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Холдинг тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.
Холдинг қоршаған ортаға қолайсыз әсердің алдын алуды ең үздік түрде қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдаланудың қағидаттары мен әдістерін қолданады.
Холдинг өз қызметінде ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және энергия тиімді технологияларды енгізу арқылы қолданыстағы теріс экологиялық ықпалды азайтуға, суды тұтынуды азайтуға, электрондық құжат айналымы жүйесін және екі жақты баспасөз тәжірибесін енгізу есебінен кеңсе мұқтаждары үшін қағаз жұмсауды азайтуға ұмтылады.
Холдинг «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізу мүмкіндігін қарастырады, оның маңызды құрамдас бөлігі қызметкерлердің экологиялық санасының деңгейін арттыруға бағытталған ақпараттық науқан болып табылады.

**«ЖАСЫЛ КЕҢСЕ»**

Холдинг тобының жаңа бизнес-орталығы ресурстарға ұқыпты қарау технологиясын ескере отырып салынған. Ғимаратты басқарудың автоматтандырылған жүйесі автономды және қашықтықтан басқаруды және жабдықтарды және тіршілікті қамтамасыз етудің ішкі инженерлік жүйелерін мониторингілеуді қамтамасыз етеді.
Ғимараттың қоршау конструкцияларында мультифункционалды шыныны қолдана отырып, тиімді витраждық жүйе жұмыс істейді, бұл жылу шығынының төмендеуіне ықпал етеді. Сондай-ақ, жылу шығынын азайтуға құбырлар үшін жылу оқшаулағышты қолдану есебінен қол жеткізіледі.
Жайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін үй-жайларда қыздыру аспаптарында термореттеуші арматура орнатылған. Барлық бизнес-орталық бойынша баспалдақтардағы шамдарда электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік беретін қозғалыс датчиктері орнатылған.
Қағазды тиімді пайдалану мақсатында әрбір кеңседе қағаз қалдықтарын жинауға арналған жәшіктер орнатылған.



# 5.5

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

Жауапты жұмыс беруші ретінде Холдинг және оның еншілес ұйымдары жұмыс орындарында қызметкерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етуге және осы саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады.

Өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ Холдингтің үй-жайларында болған кезде қызметкерлер Холдингтің саясатына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде Холдинг қабылдаған және әзірлеген қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтайды.

Холдинг Тобында еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздікгі ережелерін сақтау мақсатында жыл сайын оқыту іс-шаралары өткізіледі. 2018 жылы құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін кейіннен арнайы емтиханды тапсырумен, сондай-ақ Астана қаласы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша мемлекеттік инспекторды комиссия құрамына тартумен, «Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өрт-техникалық минимум» тақырыбында семинарлар өткізілді. Сонымен қатар, «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» тақырыбында бизнес-таңғы ас ұйымдастырылып, өткізілді, оның барысында кеңселердегі және өндіріс жайларындағы еңбек қауіпсіздігінің іргелі қағидалары түсіндірілетін болады. 2018 жылы төтенше жағдайлар кезінде Холдинг ғимаратынан көшіру бойынша оқу-жаттығу өткізілді.

2018 жылы Холдингте және еншілес ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі нормативтік құжаттар, оның ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері үшін өрт қауіпсіздігі жөніндегі ұсқаулық, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық және т. б. бекітілген.

2018 жылы Холдингте және оның еншілес ұйымдарында жарақат алу жағдайлары болған жоқ.

2019 жылы стандарттау жөніндегі ережелер мен басшылық құжаттардың, санитарлық нормалар мен ережелердің мемлекеттік стандарттарының талаптарын ескере отырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Холдингтің барлық қызметкерлерін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті және денсаулығын қорғау жөніндегі жұмыстарға белсенді қатысуға тарту жоспарланған.







# 5.6

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

Кадр саясатының міндеті Холдинг тобында Холдингтің дамуына және тиімділігін арттыруға бағалы үлес қосуға қабілетті кәсіпқой мамандарды тарту және ұстап қалу, сондай-ақ адам ресурстарына инвестициялардан барынша қайтарымды алу болып табылады.

2018 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қызметкерлерді басқару бойынша үдерістер мынадай салаларда айтарлықтай өзгерді: қызметкерлерді іріктеу және жалдау, еңбекақы төлеу және қызметкерлер қызметінің тиімділігін басқару, таланттарды басқару, грейдтеу, жұмыс берушінің бренді.

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг қызметкерлерінің орташа тізімдік саны 115 адамды құрады, оның ішінде 47% - әйелдер. Компания қызметкерлерінің басым бөлігі-30-дан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер. Кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2018 жылы 4,4% деңгейінде болды.

2016-2018 жылдардағы қызметкерлердің орташа тізімдік санының және кадрлардың тұрақтамауының серпіні (Орталық аппарат бойынша)

| | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлерінің орташа тізімдік саны, адам. | 100 | 106 | 115 |
| Кадрлардың тұрақтамауы, % | 4 | 4,6 | 4,4 |

2018 жылы қызметкерлердің жынысы мен жасы бойынша бөлінісінде құрылымы (Орталық аппарат бойынша)

| | 30 жасқа дейін | 30 дан 50 жасқа дейін | 50 жастан жоғары |
|---|---|---|---|
| Ерлер | 14 | 44 | 2 |
| Әйелдер | 7 | 43 | 5 |
| **Барлығы орташа тізімдік саны** | **21** | **87** | **7** |

2018 жылғы басшы органның құрамы

| | 30 дан 50 жасқа дейін | | 50 жастан жоғары | |
|---|---|---|---|---|
| | Ер. | Әйел. | Ер. | Әйел. |
| Директорлар кеңесі | 6 | - | 4 | - |
| Басқарма | 6 | 1 | - | - |

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ЖАЛДАУ

2018 жылғы маусымнан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да 3-кезең негізінде қызметкерлерді іздеу мен іріктеудің жаңа қағидаты енгізілді. Бос орындар пайда болған кезде бірінші кезекте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының бірыңғай кадрлық резервінен үміткерлер, екінші кезекте – ішкі кандидаттар («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, еншілес ұйымдар мен аутсорсинг секторының қызметкерлері), үшінші кезекте – сыртқы кандидаттар қаралады. Бұл өзгерістер негізгі мамандарды ұстап қалу және Холдинг компаниялары тобындағы ұзақ жұмыс істеуге уәждеу мақсатында ішкі іріктеудің басымдығын реттеуге мүмкіндік берді. Сыртқы кандидаттарды іздестіру туралы ақпарат міндетті түрде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сайтында, Telegram-арнада жазылушыларға хабарлама жібере отырып жарияланады, ал өтінімдер электрондық пошта немесе Digital Baiterek платформасында тіркеу арқылы қабылданады. 2019 жылға қызметкерлерді  жалдаудың тиімділігі мен ашық процесін арттыру мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның барлық еншілес ұйымдарына ұқсас қағидатты трансляциялау жоспарланған.

## ТАЛАНТТАРДЫ БАСҚАРУ

2018 жылы Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының бірыңғай кадрлық резервіне талантты қызметкерлерді іріктеу жөніндегі жобаны іске асырды, оның негізгі міндеттері: қызметкерлерге жұмсалатын шығыстардың тиімділігі, дайын үміткерлерді басты бос жұмыс орындарына жылдам іздеу, жаңа рөлге жедел бейімдеу және сабақтастықты сақтау, негізгі мамандарды ынталандыру және ұстап қалу болып табылады.

Конкурс нәтижелері бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері арасында үш санат бойынша резервистер іріктелді: «Топ-100» (құрылымдық бөлімшелердің болашақ басшылары), «Топ-50» (Болашақ басқарушы директорлар және басқарма мүшелері) және «Топ-20» (қысқа мерзімді келешекте тағайындауға дайын басшы қызметкерлер).

2018 жылы Холдингтің кадрлық резервіне 91 адам тіркелді. 2019 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ оқыту, тәлімгерлік, іссапарға жіберу, алмастыру және тағылымдамалар бағдарламалары арқылы резервистердің біліктілігін арттыруды жоспарлап отыр.

2018 жылы кадрлық резервке  есептелген қызметкерлердің саны

| | Қызметкерлер (топ-100) | Құрылымдық бөлімшелердің басшылары (топ-50) | Басшылық (топ-20) |
|---|---|---|---|
| «Бәйтерек» ҰБХ»  АҚ тобының Бірыңғай кадрлық резервіне алынған қызметкерлердің саны (31.12.2018 ж. жағдай бойынша) | 40 | 33 | 18 |





Қызметкерлерді оқыту

| | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| Бір адамға шаққандағы орташа жылдық оқу сағаттарының саны, адам-сағат | 107 | 110 | 259 |
| Бір адамға оқыту шығындары, теңге | 423 998 | 41 826 | 57 579 |

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМЫТУ

Қызметкерлерді оқыту және кәсіптік дамыту қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы және Холдингтің даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешу үшін олардың кәсіби және басқару қызметі саласында қосымша теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктерін, қабілеттерін, құзыреттері мен дағдыларын жаңарту және алу мақсатында жүзеге асырылады. Холдинг қызметкерлерін оқытуды және кәсіби дамытуды ұйымдастыру мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- оқыту іс-шараларының тақырыбының және мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне, қызметкердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес анықталған қажеттіліктеріне сәйкес келуі;
- оқыту іс-шараларының Холдинг қызметінің тиімділігін арттыруды, үздік корпоративтік тәжірибелер мен стандарттарды зерделеуді қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге бағытталуы;
- жүйелі, қолданбалы, жоспарлы оқыту және кәсіби даму сипаты;
- Холдинг қызметкерлерінің барынша ықтимал санын оқыту және кәсіптік даму бағдарламаларымен қамту.

## ЕҢБЕК АҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН БАСҚАРУ

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері ҚНК орындау негізінде тиімділікті бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесіне көшті (тоқсанына бір рет), ол басшылықтың ҚНК құрылымдық бөлімше мен жеке қызметкердің деңгейіне «каскадтауға» мүмкіндік береді, қойылған мақсатқа «шек-мақсат-шақыру» деңгейінде қол жеткізудің нақты деңгейін анықтауға және әрбір қызметкердің нақты тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, жылына бір рет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері қызметтің тиімділігін кешенді бағалаудан өтеді, оның аясында қызметкердің өткен жылғы жалпы нәтижелілігі және оның жеке-іскерлік құзыреттерінің даму деңгейі қарастырылады. Нәтижелер «9-жасушалық талант матрицасы» деп аталады. Бағалау нәтижелері бойынша сыйақы төленбейді, бірақ бағалау нәтижелері қызметкерді одан әрі уәждеу  және ынталандыру (оқыту, жылжыту, кадр резервіне алу және т.б.) туралы шешімдерге әсер етеді.

## ГРЕЙДТЕУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған өзекті Даму стратегиясына сәйкес, 2017 жылдан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компаниялар тобында еңбекақы төлеу жүйесін грейдтеу және біріздендіру жүйесі енгізілуде. Бірыңғай қағидаттарды енгізу еңбекеақы төлеу жүйесінің ішкі әділдігін және еңбек нарығындағы ағымдағы жағдаймен салыстыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Грейдтер жүйесі – бұл ұйымның стратегиялық мақсаттарына сәйкес лауазымдарда қызметкерлер орындайтын жұмыстардың күрделілігі мен құндылығы негізінде қалыптасқан лауазымдық разрядтар жүйесі (лауазымдар иерархиясы). «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының лауазымдарын бағалауды жайғастыру кезінде пайдаланылатын әдіснама ірі халықаралық компанияларда 70 жылдан астам жетістік тарихына ие, сондай-ақ Қазақстанның мемлекеттік қызметіне еңбекақы төлеу саласында жүзеге асырылатын реформалар үшін негіз болып табылады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде келесі мақсаттарға қол жеткізілді:

- грейдтер негізінде ұйымның лауазымдар жүйесі ретке келтірілді (базалық жалақы атауы бойынша емес, күрделілігі мен негізгі қызметке үлесі бойынша);
- экономиканың нысаналы секторындағы еңбек нарығындағы ағымдағы жағдайды жыл сайын талдай отырып, бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеу жүйесі құрылды (бенчмаркинг);
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының кадр қызметтеріне әдіснаманы трансляциялау (сыртқы сарапшыларды тартпай, лауазымдарға өз бетінше бағалау жүргізуге мүмкіндік беретін мамандарды сертификаттау);
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының лауазымдарын бағалау және еңбекақы төлеу жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар бекітілді (үлгілік әдіснама негізінде);
- функционалдық міндеттерге көзқарасты өзгерту – күрделі жұмыс көлемі үшін жауапкершілікті қабылдауға ынталандыру (жұмыс қиын болған сайын, грейд соғұрлым жоғары);
- қызметтің ерекшелігін ескере отырып, еншілес ұйымдардың еңбекақы төлеу жүйесі бойынша ұсыныстар әзірленді.

Сонымен қатар, қолданыстағы регламенттердің шектеулерін мойындай отырып, материалдық ынталандырудың әртүрлі әдістерін қолдану үшін тиісті нормативтік актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс 2019-2020 жылдарға жоспарланған.

## ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ БРЕНДІ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ HR-брендін ілгерілету және Холдинг қызметкерлерінің тартылуын арттыру, ішкі коммуникациялар мен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы тиісті іс-шаралар кешені қабылданды.

2018 жылдың сәуір айында компанияның жаңалықтарын жариялау үшін Telegram-арнасы (HR News) және сыртқы кандидаттарды іздестіру үшін бос жұмыс орындарын жариялау арнасы ашылды, оған қазіргі уақытта 1709 адам қол қойды. 2018 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік ниеттестік бағдарламасын құру бойынша жобаға бастамашылық жасады және 2 Telegram-бот құрды: бейімдеу бойынша және корпоративтік ниеттестік бағдарламасы бойынша.

Тоқсан сайын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері ішкі департаменттердің жұмысымен қанағаттанушылықты бағалау бойынша сауалнамаға қатысты, онда жобаларда тиімді бірлескен жұмыс, өзара құрмет және проблемаларды шешуге көмек көрсету сияқты қасиеттер бағаланады. Бұл көрсеткіш әрбір қызметкердің ҚНК картасына енгізілді, 4 тоқсанның орташа көрсеткіші күтілетін 70% мақсатты мәнінде 78%-ды құрады.

2018 жыл ішінде еншілес ұйымдардың қатысуымен 50-ден астам корпоративтік іс-шаралар өткізілді, олардың тиімділігі (ұйымның бюджет қаражатын пайдалану қажеттілігінің болмауын қоса алғанда) және креативтілігі Холдинг қызметкерлерімен, сондай-ақ WOWHR ұлттық байқауы және Қазақстан Республикасының HR-менеджерлері қауымдастығының мүшелеріне арналған шеберлік-сыныптары аясында сыртқы HR-сарапшылармен оң бағаланды.

**Холдингтің Орталық аппаратының қызметкерлерінің тартылушылық деңгейі, %**








# 5.7

# ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

Холдинг ұлттық құндылықтарды жаңғырту, мәдениетті, ғылым мен білім беруді қолдау аясында халықтың қорғалмаған топтарына, аз қамтылған азаматтарға қайырымдылық көмек көрсету дәстүрін жалғастырып келеді.

2018 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасымен халықтың аз қамтылған топтарының балаларын емдеуге, ғылымды, өнерді дамытуға, медициналық орталықтың құрылысына және басқаларға қаржылық көмек бөлу туралы шешім қабылданды. Холдинг қызметкерлерімен ерікті түрде өз қаражаты есебінен ұйымдар мен жеке тұлғаларға көмек көрсетілді.

Өткен жылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларға көмек көрсетуге бағытталған «Тәлімгерлер» жобасын іске асыру үшін қаржылай көмек көрсетілді. Жобаның мақсаты - балаларға өздерінің өмірлік әлеуетін ашуға көмектесу және ересек ерікті-тәлімгерлермен қарым-қатынас жасау арқылы өз бетінше өмір сүрудің дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру.

2018 жылдың мамыр айында Холдинг және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері тыл еңбеккерлері мен ҰОС ардагерлеріне арналған қайырымдылық жобасына қатысты. Әріптестер еңбеккерлерді гүлдермен, естелік сыйлықтармен және азық-түлік себеттерімен құттықтады. ҰОС ардагерлерін құттықтау аясында Холдинг Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Жас ұлан» республикалық мектебінде өткен соғыста қаза тапқандарды еске алуға арналған концертте естелік сыйлықтар табыс етті.

2018 жылдың шілде айында Холдинг қызметкерлері «Астана қаласының 20 жылдығына» арналған «20 игі іс» қайырымдылық марафонына қатысты. Акция аясында мүгедек балаларға үш мүгедек арба сатып алынды және жеткізілді.

Жаңа оқу жылы басталар алдында Холдинг «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына қатысты, оның шеңберінде қызметкерлер аз қамтамасыз етілген, көп балалы немесе толық емес отбасылардан шыққан балаларға кеңсе керек-жарақтары мен рюкзактарын сатып алды және табыс етті.

# 06

# ҚОСЫМШАЛАР

6.1.
Есеп туралы
6.2.
2018 жылғы еншілес ұйымдардың қызметі
6.3
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
6.4
Жасалуына мүдделілік бар мәмілелердің тізілімі
6.5
Жылдық қаржы есептілігі
6.6
GRI көрсеткіштерінің кестесі
6.7
Глоссарий







# 6.1

## ЕСЕП ТУРАЛЫ

Холдинг өзінің экономикалық және әлеуметтік қызметінің маңыздылығын түсінеді және ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. 2013 жылдан бастап Холдинг жыл сайынғы негізде корпоративтік интернет-сайтта ұсынылған жылдық есептердегі өз қызметінің нәтижелерін ашады: https://www.baiterek.gov.kz/kk/resources?field_resource_type_target_id=96

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018 жылғы жылдық есебі (бұдан әрі – Есеп) орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі Жаһандық бастама стандарттарына (GRI Standards, ашудың «негізгі» нұсқасы), Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне және Холдингтің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес дайындалды.

Осы Есеп Холдингтің 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қызметінің нәтижелерін көрсетеді. 2017 жылғы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жылдық есебі 2018 жылы шілде айында жарияланды. Ағымдағы жылдық есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

Есепті жылы «Жаңа белестерге» есептің басым тақырыбы таңдалды, Ол 2018 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің 15 басты жетістіктерін көрсетеді, ол бизнеске де, халыққа да басым әлеуметтік-экономикалық міндеттерді тиімді шешу үшін мүмкіндіктер береді.

### ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ

Есепті жылы Холдинг Есепте ашуға неғұрлым маңызды тақырыптардың тізбесін анықтау бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс GRI Standards көрсеткіштеріне және ұқсас компаниялардың жылдық есептеріне талдау жүргізуден тұрды. Талдау нәтижелері бойынша Холдинг қызметі үшін шамамен 30 релевантты маңызды тақырыптарды қамтитын сауалнама дайындалды.

Сауалнамада ұсынылған тақырыптар үш топқа - экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бөлінген. Сауалнама ұсынылып отырған тізбеден неғұрлым маңызды тақырыптарды таңдау мақсатында Холдингтің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарының өкілдеріне бағытталған. Атап айтқанда, сауалнамаға құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, менеджмент, басқару органы, Холдингтің еншілес ұйымдары, инвесторлар, БАҚ өкілдері және т. б. қатысты.

Сауалнама нәтижелері бойынша жиынтық бағалар матрицаға елеулі түрде енгізілді. Матрицаның оң жақ жоғарғы бұрышына түскен тақырыптар ең маңызды деп танылды және оларға есепті жасау кезінде бірінші дәрежелі мән берілді.

# ХОЛДИНГТІҢ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ КАРТАСЫ




| Тақырыптар (алтын түстес түспен неғұрлым маңызды деп танылған тақырыптар белгіленген) | № |
|---|---|
| Экономика | |
| Экономикалық нәтижелілік | 1 |
| Нарықтардағы қатысу | 2 |
| Тікелей емес экономикалық әсерлер | 3 |
| Сатып алу тәжірибесі | 4 |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет | 5 |
| Бәсекелестікке кедергі келтіру | 6 |
| Экология | |
| Материалдар | 7 |
| Энергия | 8 |
| Су | 9 |
| Биоалуантүрлілік | 10 |
| Шығарындылар | 11 |
| Төгінділер мен қалдықтар | 12 |
| Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі | 13 |
| Жеткізушілерді экологиялық бағалау | 14 |
| Қоғам | |
| Жұмыспен қамтылу | 15 |
| Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары | 16 |
| Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік | 17 |
| Оқыту және білім беру | 18 |
| Әртүрлілік және теңдей мүмкіндіктер | 19 |
| Кемсітушілікке жол бермеу | 20 |
| Қауымдастық бостандығы және ұжымдық келіссөздер жүргізу | 21 |
| Балалар еңбегі | 22 |
| Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек | 23 |
| Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі | 24 |
| Байырғы және саны аз халықтардың құқықтары | 25 |
| Адам құқықтарының сақталуын бағалау | 26 |
| Жергілікті қоғамдастық | 27 |
| Жеткізушілердің қоғамға әсерін бағалау | 28 |
| Мемлекеттік саясат | 29 |
| Тұтынушының денсаулығы және қауіпсіздігі | 30 |
| Өнімдер мен қызметтерді таңбалау | 31 |
| Тұтынушының жеке өміріне қол сұғылмаушылық | 32 |
| Талаптарға сәйкестік | 33 |





## ЕСЕПТІҢ ШЕКТЕРІ

Осы есеп Холдинг Тобының қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Холдингтің 11 еншілес ұйымы туралы ақпарат «2018 жылғы еншілес ұйымдардың қызметі» 6.2-қосымшасында толығырақ ұсынылған.

Қаржылық-экономикалық нәтижелер 3 «Менеджмент есебі» бөлімінде ХҚЕС шоғырландыру периметрі бойынша ашылады. Есептің басқа бөлімдері, егер өзгесі көрсетілмесе, тұтастай алғанда Холдинг Тобы бойынша ақпаратты қамтиды.

Экономикалық нәтижелілік, тікелей емес экономикалық әсер ету және табиғатты қорғау заңнамасына сәйкестік тақырыптары негізінен ұйымнан тыс жерде өзекті. Қалған тақырыптар ұйымның ішінде де, одан тыс жерлерде де үлкен маңызға ие.

# 6.2

# 2018 ЖЫЛҒЫ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

1

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ» АҚ

«ҚДБ» АҚ миссиясы еліміздің шикізаттық емес секторын қаржыландыру арқылы ұлттық экономиканың тұрақты дамуына қолдау көрсету болып табылады.

Қазақстанның даму банкі

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 1,8% | 1,2% | 0,8% |
| ROA | 0,3% | 0,2% | 0,1% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 5,6 | 5,3 | 5,7 |
| АКТИВТЕР | 2 449 МЛРД ТЕҢГЕ | 2 564 МЛРД ТЕҢГЕ | 2 537 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | 15% | 5% | -1% |
| ТАЗА ПАЙДА | 7 МЛРД ТЕҢГЕ | 5 МЛРД ТЕҢГЕ | 3 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2018 жылдың қорытындысы бойынша «ҚДБ» АҚ экономикаға 443,2 млрд.теңге салынды, оның ішінде 329,9 млрд теңгеге 17 инвестициялық жоба және 113,3 млрд теңгеге 13 экспорттық (экспорт алдындағы) операцияға қолдау көрсетілді.
- «ҚДБ» АҚ кредиттік қоржыны 2013 жылдан бастап 4,5 есе өсті және 31.12.2018 жылғы жағдай бойынша 1,7 трлн теңгені құрады.
- 2018 жылы құны 173 млрд. теңге болатын 6 жаңа кәсіпорын пайдалануға берілді: Ақмола облысында Макинск құс фабрикасы, көлік-логистикалық орталық және Шымкентте минералды су мен сусындарды құю зауытының жаңа қуаты салынды, Павлодар облысында темір жол дөңгелектерін өндіру кешені құрылды, Батыс Қазақстан облысында К5 экокласының мотор отындарын өндіру жолға қойылды, Маңғыстау облысында минералды тыңайтқыштар өндіру зауыты жаңғыртылды.
- 225 млрд теңгеге 9 жоба мақұлданды, атап айтқанда, Қарағанды қаласында ферросилиций өндіру зауытының құрылысы, Түркістан облысында қуаты 20 МВт «Жылга» күн электр станциясының құрылысы, «Конденсат» АҚ К5 экоклассының мотор отындарының өндірісі (2-кезең), №5 энергоблокты жаңғырту және «Еуразиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ-ның ашылуында конвейерлік көлік желісі мен жүк тиеу пунктінің құрылысы және т. б.
- Алғаш рет Қырғызстанда орналасқан «Джеруй» алтын кен орнында алтын өндіру фабрикасының құрылысына 14 млрд теңге сомасына банк кепілдігі берілді.
- 2018 жылдың сәуір айында «ҚДБ» АҚ 100 млрд теңге сомаға деноминацияланған еурооблигациялардың екінші шығарылымын орналастырды. Алдыңғы, дебюттік, теңгелік еурооблигацияларды шығарумен (2017 жылғы желтоқсанда) салыстырғанда «ҚДБ» АҚ қарыз алу мерзімдерінің ұлғаюына және купон мөлшерлемесінің төмендеуіне қол жеткізді.
- ТИҚ арқылы кәсіпорындарға 9 млрд теңге сомасына қаржылай қолдау көрсетілді («Теңізтрансгаз» компаниялар тобы - 8 млрд теңге, «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС - 1млрд теңге).



2

## «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ

«Даму» Қоры» АҚ миссиясы кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру арқылы Қазақстандағы микро-, шағын және орта кәсіпкерліктің (МШОК) тұрақты дамуындағы белсенді рөл болып табылады.

DAMU
Кәсіпкерлікті дамыту қоры

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 5,8% | 4,1% | -13,7% |
| ROA | 1,6% | 1,2% | -3,8% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 2,5 | 2,2 | 3,2 |
| АКТИВТЕР | 349 МЛРД ТЕҢГЕ | 320 МЛРД ТЕҢГЕ | 304 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | -2% | -8% | -5% |
| ТАЗА ПАЙДА | 6 МЛРД ТЕҢГЕ | 4 МЛРД ТЕҢГЕ | -12 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Субсидиялау, кепілдік беру және қаражатты шартты орналастыру құралдары бойынша 537 млрд.теңге сомасына 22 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілді.
- «Даму» Қоры» АҚ шағын және орта кәсіпкерлік және әйелдер кәсіпкерлігі субъектілерін қаржыландыру үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның міндеттемелерін орындау бойынша ЕҚҚДБ пайдасына 45 млн. АҚШ доллары сомасында кепілдік берілді.
- 2018 жылдың желтоқсанында «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында 16 млрд теңге сомасына облигацияларды шығару және орналастыру жолымен облигациялық қарызды тарту жүзеге асырылды.
- АДБ-ның екінші және үшінші траншы аясында «Цеснабанк» АҚ-да бұрын орналастырылған 132,5 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттік қаражатты АДБ-ға мерзімінен бұрын толық қайтару жүзеге асырылды.
- «Қазақстанда төмен көміртекті даму үшін тұрақты қалалар» жобасын іске асыру аясында 5,2 млрд теңге сомасына 68 жоба мақұлданды.
- 2018 жылдың соңында қаражатты шартты орналастырудың екі жаңа бағдарламасы басталды:

  - электрондық коммерция, цифрлық платформалар және олардың экожүйелері саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін екінші деңгейдегі банктерді қаржыландыру;

  - микро- және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін кредиттік серіктестіктерді қаржыландыру.
- «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үйді іске қосу көлемі 163,5 мың ш. м. құрады.
- 2018 жылы «Агенттік желі» жобасы аясында «Еуразиялық банк» АҚ, «Капитал Банк» АҚ, «Альфа-Банк» АҚ және «RBK Bank» АҚ ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.



# 3

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ

«ҚТҚЖБ» АҚ миссиясы қазақстандық отбасыларды жеке тұрғын үймен қамтамасыз ету және Отан сезімін нығайту болып табылады.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 20,0% | 18,8% | 15,0% |
| ROA | 4,1% | 3,7% | 3,0% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 4,2 | 4,0 | 4,0 |
| АКТИВТЕР | 622 МЛРД ТЕҢГЕ | 762 МЛРД ТЕҢГЕ | 998 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | 31% | 23% | 31% |
| ТАЗА ПАЙДА | 23 МЛРД ТЕҢГЕ | 26 МЛРД ТЕҢГЕ | 26 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2018 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТҚЖБ» АҚ елдегі барлық ипотекалық қарыздардың 63%-ын бере отырып, Қазақстанның ипотекалық нарығында көшбасшы болды.
- 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің қолданыстағы шарттарының саны 624 212 млн теңге көлемінде жинақтарымен шамамен 1 297 мың теңгені құрады.
- Экономикалық белсенді халыққа шаққанда тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіне қатысушылардың үлесі 14,1% құрады.
- Әскери қызметкерлер мен арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне арналған «Әскери баспана» жаңа бағдарламасы енгізілді, оны іске асыруға «ҚТҚЖБ» АҚ өз қаражатынан 98 млрд теңге бөлді, оның ішінде 24 млрд бұрын басқа ЕДБ алған қарыздарды қайта қаржыландыруға бағытталған. 2018 жылдың қорытындысы бойынша әскери бөлімдерден 13 795 өтініш қабылданды, оның ішінде жеңілдікті кредиттерге 5 134 үміткер іріктеліп алынды.
- Интернет-банкинг жүйесінде «Онлайн табыстау» модулі пайдалануға енгізілді. «Онлайн табыстау» қызметі «ҚТҚЖБ» АҚ-да тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді сатып алуға немесе сатуға мүмкіндік береді. Бұл ретте «ҚТҚЖБ» АҚ қызмет депозиттік базаны сақтауға мүмкіндік береді. Сақталған депозиттік базаның сомасы 7 473 млн теңгеге жетті.
- 31.12.2018 жылғы жағдай бойынша «Baspana.kz» жылжымайтын мүлік интернет-порталында 130 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 296 нысан орналастырылған. Онлайн-алаң арқылы тұрғын үй сатып алушылар пулына қатысуға 185 мың өтініш беріліп, 14 129 мың пәтер сатылды.



4

## «ҚАЗЫНА КАПИТАЛ МЕНЕДЖМЕНТ» АҚ

«ҚКМ» АҚ миссиясы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына жәрдем көрсету мақсатында Қазақстанда private equity инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

KAZYNA CAPITAL MANAGEMENT

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | -1,5% | 2,3% | 2,7% |
| ROA | -1,4% | 2,1% | 2,2% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 141 | 145 | 187 |
| АКТИВТЕР | -2% | 3% | 29% |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | -2 МЛРД ТЕҢГЕ | 3 МЛРД ТЕҢГЕ | 4 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2018 жылы «ҚКМ» АҚ қатысуымен қорлар 46 млрд теңге сомаға 5 жобаны инвестициялады. Сонымен қатар, «ҚКМ» АҚ қорларға инвестициялар көлемі 2018 жылы 48,5 млрд теңгені құрады.
- Есепті кезеңде DBK Equity Fund және «Baiterek Venture Fund» АҚ қорлары Ақмола облысында жел электр станцияларын салу бойынша «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС жобасын қаржыландырды. «ҚКМ» АҚ қорларының жобаға қатысуы Қазақстанның жасыл экономикаға көшу стратегиясын орындауға ықпал етеді. Қосымша DBK Equity Fund қоры Қазақстандағы ірі көлік және логистика операторларының бірі жылжымалы паркін жаңғырту үшін «Теңізтрансгаз» компаниялар тобына кірді.
- Kazakhstan Infrastructure Fund қоры Абу-Даби Mubadala-мен жаңа Жібек жолының негізгі транзиттік нүктелерінің бірі болып табылатын «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ның заманауи қойма үй-жайларын салу жобасына бірлесіп инвестициялауды жүзеге асырды және Қазақстанға «Бір белдеу-бір жол» жаһандық Қытай бастамасына қатысуға мүмкіндік береді.
- Есепті кезеңде «BaiterekVentureFund» АҚ қоры «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу бойынша жалпы сомасы 40 150 млн теңгеге мәміле жасады («АстанаГаз» АҚ жобасы). Жоба 2018 жылғы 5 наурызда Қазақстан халқына үндеуде айтылған бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің тапсырмасын орындау аясында іске асырылады. Жоба аясында «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана» бағыты бойынша «Сарыарқа» магистральды газ құбырының құрылысы жоспарланудa.
- ҚР Президентінің ҚХР-ға маусым айында сапары аясында «ҚКМ» АҚ, CITIC Eurasian Capital Limited және Қытай-Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық қоры арасында Eurasian Nurly (Bright) Investment Fund қорын құру бойынша құрылтай құжатына қол қойылды, оның мөлшері 500 млн. АҚШ долларын құрайды.



5

## «БАЙТЕРЕК ДЕВЕЛОПМЕНТ» АҚ

«Бәйтерек девелопмент» АҚ миссиясы Қазақстан Республикасының құрылыс саласы үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

BAITEREK DEVELOPMENT

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 18,0% | 5,5% | 17,0% |
| ROA | 4,8% | 1,1% | 3,2% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 4,0 | 4,3 | 4,4 |
| АКТИВТЕР | 305 МЛРД ТЕҢГЕ | 322 МЛРД ТЕҢГЕ | 379 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | 145% | 6% | 18% |
| ТАЗА ПАЙДА | 10 МЛРД ТЕҢГЕ | 3 МЛРД ТЕҢГЕ | 11 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының бірыңғай қаржы операторы рөлін орындау шеңберінде «БД» АҚ кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру бойынша 98,0 млрд.теңге сомасына ЖАО облигацияларын сатып алды.
- Мемлекет бойынша 34 мың ш. м. жоспармен 35,1 мың ш. м. (588 пәтер) тұрғын үй пайдалануға берілді.
- 2018 жылдың қорытындысы бойынша несиелік тұрғын үйді сату аясында 21,8 млрд.теңгеге 2 038 пәтерді сатып алу-сату шарты жасалды.
- Нұр-Сұлтан қаласындағы проблемалық нысандардың құрылысын аяқтауды қаржыландыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің уәкілетті ұйымы – «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС-не 20,0 млрд.теңге көлемінде қарыз берілді.
- «Цифрлық техника және технологиялар институты» АҚ-мен бірлесіп «Нұрлы жер» Ахуалдық орталығы, ЖАО порталы және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаржыландырылатын салынып жатқан жылжымайтын мүлік объектілерінің мониторингі үшін мобильдік қосымша әзірленді.



# 6

## «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯ» ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМЫ» АҚ

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ-ның қаржы операторы ретіндегі миссиясы ипотекалық кредит беру тетігі арқылы Қазақстан Республикасының халқы үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, «Стратегия-2050» және мемлекеттік бағдарламаларда қойылған әлеуметтік бағдарланған міндеттерді шешу мақсатында халықтың қалың жігіне жалға берілетін тұрғын үй беру жолымен халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуін арттыру болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ

### НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

| | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 6,3% | 6,7% | 7,7% |
| ROA | 1,2% | 1,5% | 1,8% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 4,0 | 3,3 | 3,3 |
| АКТИВТЕР | 255 МЛРД ТЕҢГЕ | 250 МЛРД ТЕҢГЕ | 267 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | 5% | -2% | 7% |
| ТАЗА ПАЙДА | 3 МЛРД ТЕҢГЕ | 4 МЛРД ТЕҢГЕ | 5 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында ипотекалық қарыздар 36,2 млрд теңгеге субсидияланды.
- Ұйымдастырылған капитал нарығында тартылған ақша есебінен жылдық 11,75% кірістілігі бар 10 млрд теңге сомасына «Банк Центр Кредит» АҚ Ипотекалық облигациялары сатып алынды.
- 4,9 млрд.теңгеге 631 ипотекалық қарыз бойынша талап ету құқығы сатып алынды.
- Орташа нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша жайлылығы жоғары (тұрғын үйдің құны 25 млн теңгеден астам) тұрғын үй сатып алуға ниет білдірген орташа және орташа деңгейден жоғары табыстары бар жеке тұлғалардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған «Орда» ипотекалық бағдарламасы іске қосылды. 31.12.2018 жылғы жағдай бойынша бағдарлама бойынша 667 млн теңге сомасына 60 ипотекалық қарыз берілді.
- «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында жалпы саны 18 583 пәтер 1 054,7 мың шаршы метр пайдалануға берілді, оның ішінде 2018 жылы 97,3 мың шаршы метр, 1 734 пәтер пайдалануға берілді.
- 15 жыл айналым мерзімімен 20 млрд теңге сомаға «private lacement» жолымен «Астана» Халықаралық қаржы орталығының алаңында меншікті облигациялар шығарылды және орналастырылды.



7

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЫ» АҚ

«ҚИҚ» АҚ миссиясы проблемалы жобаларды сауықтыру арқылы елдің тұрақты дамуына жәрдем көрсету болып табылады.

INVESTMENT FUND OF KAZAKHSTAN

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 3,9% | -9,2% | 2,1% |
| ROA | 0,7% | -1,6% | 0,7% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 4,5 | 5,2 | 0,7 |
| АКТИВТЕР | 91 МЛРД ТЕҢГЕ | 84 МЛРД ТЕҢГЕ | 63 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | -19% | -7% | -25% |
| ТАЗА ПАЙДА | 1 МЛРД ТЕҢГЕ | -1 МЛРД ТЕҢГЕ | 1 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2 млрд. теңге көлеміндегі 9 жоба бойынша қарызды қайтару жүзеге асырылды.
- «ЛАД» ЖШС (мұнай өңдеу кешені), «Богви» МК (астық қабылдау пункті), «Жаңа-Бас» Агрохолдингі» ЖШС (ет комбинаты) жобасы бойынша жалпы сомасы 2 млрд теңгеге 4 жоба бойынша мүлік, сондай-ақ «Раннила Қазақстан»АҚ акцияларының 44% үлесі сатылды.
- Цессия шарттары бойынша «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ алдындағы берешектерді қайта құрылымдау жүргізілді, нәтижесінде 30 млрд теңге сомаға міндеттемелердің индекстелетін бөлігі ішінара өтелді.



8

## «ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ АГЕНТТІК» АҚ

«ТДҰА» АҚ миссиясы инновацияларды және оларды өндіріске енгізу процестерін кешенді қолдау, жаңа технологиялық шешімдерге сұранысты ынталандыру және қанағаттандыру арқылы экономиканы жедел технологиялық жаңғыртуға жәрдем көрсету болып табылады.

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 1,0% | -12,8% | 0,8% |
| ROA | 0,9% | -11,0% | 0,7% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 0,2 | 0,2 | 0,2 |
| АКТИВТЕР | 32 МЛРД ТЕҢГЕ | 28 МЛРД ТЕҢГЕ | 25 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | -1% | -13% | -9% |
| ТАЗА ПАЙДА | 0,3 МЛРД ТЕҢГЕ | -3 МЛРД ТЕҢГЕ | 0,2 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2018 жылдың қорытындысы бойынша шығарылған өнім көлемі 36 млрд теңгені құрап, 493 жұмыс орны ашылды.
- Инновациялық гранттарды алуға 214 өтінім қаралып, 4 673,4 млн теңге сомасында 18 жобаға қолдау көрсетілді.
- Технологиялар трансферті жүйесін дамыту аясында халықаралық әріптестерден 19 технологиялық ұсыныс алынды, шетелдік әріптес-ұйымдармен 10 меморандумға қол қойылды.
- «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде қолдау көрсету үшін үш бизнес - инкубаторға конкурстық іріктеу жүргізілді, оның нәтижелері бойынша үш бизнес-инкубатор іріктеліп алынды: «BeInTech» ЖШС, «SmArt.Point Almaty» ЖШС, бизнес-инкубатордың шығыстарын қоса қаржыландыру және үш жылдық кезеңге қаржылық емес көмек көрсету туралы шарттар жасалған «Жас кәсіпкерлер клубы» ЖШС.
- Жобалық компаниялар мен венчурлік қорларға бұрын салынған 330 млн.теңге сомасындағы инвестицияларды 2018 жылы жоспарланған 71 млн. теңге мөлшерінде қайтару жүзеге асырылды.
- Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің қолдауымен инновациялық қызметті танымал ету аясында есепті жылдың қазан айында XIII Инновациялық Конгресс және инновациялық жобалар көрмесі өткізілді. 2018 жылғы Конгреске 1000-нан астам қазақстандық және халықаралық сарапшылар, кәсіпкерлер мен инноваторлар, Үкімет пен жергілікті атқарушы билік өкілдері, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялар, даму институттары басшылары, Ұлттық инновациялық жүйенің негізгі қатысушылары қатысты.
- ҚР заңнамалық актілеріне венчурлік қаржыландыру мәселелері бойынша ұсыныстар дайындалды.



9

## «KAZAKHEXPORT» ЭКСПОРТТЫҚ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«KazakhExport» ЭСК» АҚ миссиясы қазақстандық шикізаттық емес тауарларды өндірушілерді және сыртқы нарықтарда қызметтерді жеткізушілерді ілгерілетуге және экспортты қолдаудың тиімді қаржылық шараларын ұсыну есебінен олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге жәрдем беру болып табылады.

KazakhExport

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 0,6% | 6,3% | 3,7% |
| ROA | 0,5% | 5,7% | 3,3% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 0,1 | 0,1 | 0,1 |
| АКТИВТЕР | 29 МЛРД ТЕҢГЕ | 46 МЛРД ТЕҢГЕ | 49 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | 87% | 61% | 5% |
| ТАЗА ПАЙДА | 0,1 МЛРД ТЕҢГЕ | 2 МЛРД ТЕҢГЕ | 2 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі – 90 млрд теңге, саудалық қаржыландыру сомасы – 10 млрд теңге, экспорт алдындағы қаржыландыру – 7 млрд теңге.
- «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына 2018 жылғы 21 мамырдағы № 2.1.55 лицензия қайта ресімделген.
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Басқармасының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі №170 «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» қаулысына қарызды ерікті сақтандыру шартын кепілдің қатты түріне жатқызу бойынша өзгертулер енгізілді.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыру қызметі туралы заңнаманың жаңа талаптарына сәйкес Сақтандыру омбудсменінің Өкілдер кеңесіне кірді.
- «Белгазпромбанк» ААҚ-мен бірлескен жобаларды іске асыру туралы келісімге қол қойылды, оның аясында беларусь нарығы үшін Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының резиденттері арасында іске асырылатын сауда жобаларын қаржыландырудың мүлдем жаңа құралы көзделген.
- Қазан қ. және Сиань қ. өкілдер офистері ашылды.
- «Digital Baiterek» бірыңғай ақпараттық алаңын пайдалануға енгізілді және экспорттаушыларға қолдау көрсетудің 6 іс-шарасы іске асырылды.



10

## «ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

«ТҚКҚ» АҚ миссиясы үлестік тұрғын үй құрылысын дамыту арқылы елдің тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады.

ФОНД ГАРАНТИРОВАНИЯ ЖИЛИЩНОГО СТРОИТЕЛЬСТВА

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | 3,0% | 5,1% | 4,6% |
| ROA | 2,9% | 5,0% | 4,5% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 0,02 | 0,02 | 0,1 |
| АКТИВТЕР | 13 МЛРД ТЕҢГЕ | 24 МЛРД ТЕҢГЕ | 26 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | 376% | 86% | 7% |
| ТАЗА ПАЙДА | 0,2 МЛРД ТЕҢГЕ | 0,9 МЛРД ТЕҢГЕ | 1 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 40,1 млрд теңге жоспармен 56,4 млрд теңгеге үлестік құрылыс кепілдендірілді.
- Үлескерлердің кредиттерін кепілдендіру бойынша жаңа өнімді іске асыру мақсатында «Банк ЦентрКредит» АҚ-мен келісімге қол қойылды. Өнім бірінші кезекте үлескерлердің міндеттемелерін қамтамасыз етуге Қордың кепілдігін беру арқылы халыққа банктердің кредит беру белсенділігін арттыруға бағытталған.
- Құрылыс барысын бақылауды күшейту және құрылыс салушының қаржылық жағдайын барабар бағалау бөлігінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы заңнамаға түзетулер енгізілді.
- Корея Республикасының Тұрғын үй құрылысы корпорациясымен өзара түсіністік туралы Меморандум жасалды, оның аясында тұрғын үй кепілдігінің жүйесі саласында білім мен тәжірибе алмасу, өзара тағылымдамалар өткізу, тұрғын үй құрылысы саласында ынтымақтастықты кеңейту және ақпаратпен алмасу, сондай-ақ жұмыс топтарын құру және тараптар өкілдерінің бірлескен білім беру бағдарламаларына қатысуы болжанып отыр.
- Құрылыс салушы туралы нақты деректерді алу мақсатында шартқа қол қойылды және «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-мен өзара әрекеттестік бойынша ҚР Ұлттық Банкінің аккредитациясы алынды.
- Алматы қаласындағы тұрғын үй ғимараты түрінде 141 млн. теңгеге бейінді емес актив іске асырылды.



11

## «KAZAKHSTAN PROJECT PREPARATION FUND» ЖШС

«KPPF» ЖШС миссиясы жобалық құжаттаманы сапалы әзірлеу және қаржыландыру, сондай-ақ инвесторларды тарту бойынша қызметтерді ұсыну жолымен Қазақстанның даму жобаларына инвестициялар тартуға жәрдемдесу болып табылады.

KPPF Kazakhstan Project Preparation Fund

| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| ROE | -3,9% | 1,1% | 0,7% |
| ROA | -3,7% | 1,1% | 0,6% |
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 0,04 | 0,08 | 0,1 |
| АКТИВТЕР | 2,2 МЛРД ТЕҢГЕ | 2,3 МЛРД ТЕҢГЕ | 2,0 МЛРД ТЕҢГЕ |
| АКТИВТЕРДІҢ ӨСІМІ | 989% | 5% | -4% |
| ТАЗА ПАЙДА | -0,04 МЛРД ТЕҢГЕ | 0,02 МЛРД ТЕҢГЕ | 0,01 МЛРД ТЕҢГЕ |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Келесі жобалар бойынша МЖС шарттары жасалды:

  - Үлкен Алматы айналма жолын салу және пайдалану - 150 млрд теңге.

  - Ауылдық елді мекендерді Интернетке кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету - 73 млрд теңге.

  - Азаматтық авиацияға арналған ақпараттық жүйе - 5 млрд теңге.

- Алматы қаласындағы университет клиникасы құрылысының концессиялық жобасын әзірлеу бойынша ЕҚҚДБ 1,5 млн еуроға техникалық көмек тартылды.

- Индустриялық жобалар бойынша қызмет көрсетуге 90 млрд. теңгеге келісім-шартқа қол қойылды.

- «Ұлттық чемпиондар 2.0» бағдарламасын іске асыру аясында белсенді өтінім беру науқаны өткізілді, оның қорытындысы бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруға 113 өтінім алынды.



# 6.3

# «БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| № р/с | Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ сақталмайды | Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| 1. | Өкілеттіктерді шектеу қағидаты | Сақталады | Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Холдинг органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты аражігін ажыратуды көздейді. Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі мәселелерді қарау және оның органдарының шешімдер қабылдау тәртібі иерархиясының сақталуын қамтамасыз етеді.<br>Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреті АҚ туралы Заңмен, Холдинг Жарғысымен және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі туралы Ережемен және Холдинг Басқармасы туралы Ережемен айқындалады.<br>Жалғыз акционер және Холдинг, оның еншілес ұйымдары арасындағы өзара қарым-қатынастар (өзара іс-қимыл) тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесі және/немесе Холдинг басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Холдингтің Директорлар Кеңесі төрағасының және Басқарма Төрағасының рөлі мен функциялары Холдингтің Жарғысында және Холдингтің ішкі құжаттарында нақты ажыратылып, бекітілген. |





| № р/с | Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ сақталмайды | Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| 2. | Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты | Сақталады | Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Холдингке және оның еншілес ұйымдарына инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады.<br>Директорлар кеңесі туралы Ереженің 1-тарауының 2-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Холдингтің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Холдинг қызметі үшін жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.<br>Басқарма туралы Ереженің 1-тарауының 1.4-тар-мағына сәйкес, Басқарма Холдингтің алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Холдинг пен оның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етеді және соңғысына және Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп береді.<br>Холдинг Жалғыз акционердің назарына Жарғыда және ішкі құжаттарда көзделген тәртіппен Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық көлемде жеткізеді. |
